Мақсұт НӘРІКБАЕВ



АНАШЫМ — АЛТЫНЫМ МЕНІҢ

Мақсұт Нәрікбаев

KAZGUU UNIVERSITY
Профессор М.С. Нәрікбаевтің кітапханасы
27205
КІТАПХАНА

АНАШЫМ-АЛТЫНЫМ МЕНІҢ

(Естеліктер жинағы)

Профессор М.С. Нәрікбаевтің КІТАПХАНАСЫ

Алматы
2006

ББК 84 (5 Қаз)
Н 32

Нәрікбаев Мақсұт.
Н 32 Анашым-алтыным менің. /Естеліктер жинағы./ — Алматы, "Атамұра", 2006. — 160 бет., портретті және суретті.

ISBN 9965-27-992-6

Белгілі қоғам, мемлекет, ғылым қайраткері, заң ғылымының докторы, профессор Мақсұт Сұлтанұлы Нәрікбаевтың бұл кітабы өзінің туған анасы - Зейнепгүлсін-Зинаш Қойшыманқызы Болатбаева туралы естеліктерден тұрады. Кітаптағы Зинаш шешеймен тығыз байланыста өскен ондаған адамдардың бірін-бірі қайталамай айтқан естеліктері "Тарих - адам, Адам - тарих" деген белгілі қағиданы еске түсіреді. Себебі, мұндағы естеліктерді оқи отырып, Зинаш шешей дүниеге келген 1919 жылдан бастап, ол кісі қайтыс болған - 2005 жылдар аралығындағы ұлы Отынымыздың тарихын да оқығандай боласыз.

Шиырып айтсақ, кітап адамзат баласының ең асыл тұлғасы - АНА туралы жүрекжарды тұнық сырларға тұнып тұр. Оқырмандар алар ғибраттар да жеткілікті. Кітап ешкімді де бейжай қалдыра алмайды.

Тілі жатық, шұрайлы, жеңіл оқылады.

Н $\frac{4702250201}{00(05)—06}$ **ББК 84 (5 Қаз)**

ISBN 9965-27-992-6

© Нәрікбаев М., 2006



Зейнепгүлсін-Зинаш Қойшыманқызы
(1919 - 2005)

Ораз Исмаилұлы,
жазушы

Ана – адамның асылы немесе алғы сөз орнына

Жастық шағымыздан жалғасып жатқан достығымыз бар, бүгіндер ел ағасы, белгілі қоғам қайраткері, заң ғылымының докторы, профессор Мақсұт Сұлтанұлы жуырда ғана "АНАШЫМ – АЛТЫНЫМ МЕНІҢ" деген естеліктер қолжазбасын әкеп берді. Кітап өткен – 2005 жылдың сегізінші мамырында дүниеден озған анасы – Зейнепгүлсін – Зинаш Қойшыманқызы апамыздың ЖЫЛЫНА арналғандықтан жедел оқып шықтым. Естеліктерді Мақсұттың өзінен бастап, оның зайыбы – Қасия Қадырқызы, Зинаш апайдың құдай қосқан мыңжылдық құдағиы – Бәтима Исмағұлқызы, әпкесінен туған – "Батыр ана" Жұмагүл Есжанқызы, Мақсұттың үлкен әкесі – Нәрікбай қарияның қарындасы Бибіғайшадан туған Жамали Ысқақұлы, оның зайыбы – Мәриям Бекшекызы, Зинаш апайдың бауыры Ахметшеден туған Ғабдул, Зинаш апайдың күйеуі Сұлтан ағамыздың туған қарындасы – Құрми (Құрманбала), Зинаш апаймен еңбектес болған еңбек ардагері – Сәдуақас Сағындықұлы, абысыны Дәку Долдабекқызы, зейнеттегі ауыл мұғалімі Фатих Сағадиев сынды жақын-жанбар, тума-туыс, абысын-ажын, ауылдастары жазыпты. Қазақшалап сұрастырып қарасам, абысын-ажындарының бірі – найман қызы, бірі – арғын, енді бірі – қожа секілді әр атадан екен. Тіпті, Фатих Саға-

диев татар миләтінен болып шықты. Мұның үстіне естелік айтушылардың бәрі халық шаруашылығының әртүрлі салаларының мамандары екен. Атап айтқанда, бірі – агроном, бірі – мұғалім, енді біреулері мәдениет қызметкерлері және тағы басқаша. Жас шамалары да әр деңгейлі. Сонша айырмашылықтарға қарамастан, бәрі де Зинаш апайды бастарына көтере дәріптеп, әрқайсысы әр қырын ашарлықтай әңгімелерді қамтыпты. Бәрінің сөздерінен Зинаш апайға деген жүрекжарды, шынайы сүйіспеншіліктері мен ынта-ықыластары желдей есіп тұр. Амалсыз ойға баттым. "Апырау, Мақсұттың анасына деген, оның жары – Қасияның енесіне деген, өз туыстарының сағыныш саздары мен пейілдеріне ешқашанда шектеу де, тоқтау да бола қоймас-ау, ал төркіндері арғын, найман, қожа, ноғай, шалақазақ, татар болып келетін көзкөргендерінің мұншалықты мұңайып, махаббатық сезімдерімен ақтарыла ниет білдірулерінің сыры неде? Бұл сайып келгенде, Зинаш шешей арқылы барша аналарға деген адамзат баласының дүрсілдей соққан жүректерінің лүпілі, сезімдерінің серпілісі емес пе екен?" деген бір ой да қылаң беріп қалды. Себебі, Мақсұт екеуіміздің ортақ жолдасымыз, менің ең жақын көретін әріптестерімнің бірі – күні кеше ғана (үстіміздегі – 2006 жылдың 16 ақпанында) дүниеден озған суан атаның ұрпағы – Тоқтасын Үмбетжанұлы Сүгірбеков естеліктердің жазылып жатқанын есті сала, Мақсұт екеуіміздің бірігіп жазған "Бақыттың қиын баспалдақтары" атты кітабымыздағы Зинаш апайдың өз әңгімесі бойынша деректі дастанға кірісіп те кеткен еді. Бір таңқаларлығы

Тоқтасынның бұл туындыға зор шабыт, зор құлшыныспен кіріскендігі соншалықты, маған ол бір аптаның ішінде елуге тарта жыр шумақтарының қағаз бетіне түскендігін хабарлады. "Қолым жеңіл, тез жүріп жатыр, Ореке. Күніне орта есеппен жеті шумақтан қайырудамын" деп телефон да шалып жүрді. Ұмытпасам, ақпан айының басында болуы керек, тағы бір рет телефон соғып:

– Ореке, жүз қырықтай шумақтан астым-ау деймін. Енді, аяқтау жағын ғана ойластырып жатырмын. Құдай қаласа, бұл менің шығармаларымның шынар шыңы болып қалар. Бұдан кейін мұндай қабырғалы дүниені жаза да қоймаспын.

Жалпы, оқиғаға байланысты кейбір деректер керек болып жатса, қосымша сұрармын және дастанның бұл бірінші нұсқасы делініп қабылдануы керек. Мақаңның және өзіңнің пікірлеріңді білгеннен соң, мұның толымды, әрі түбегейлі нұсқасы жазылады, – деді серпіле сөйлеп.

Тәңірім-ау, ақын досымыздың жүрегін өз анасын сағындырғандай, өз анасын аңсатқандай етіп, мұншама телегей-теңіз сезім толқындарын тулатып жатқан қандай күш, қандай құдірет?!

Аттарыңнан айналайын, аналарым-ай! Бұл сөз жоқ, сендердің мәңгілік өлмес рухтарың мен аруақтарың-ау ақын досты арқаландырып, албыттырып, отша лаулатып тұрған. Бәріміз де анадан туғанбыз, бәріміз де Ана сенің ақ сүтіңнен нәр алып, есіміз кіріп, есейгенбіз. Бәріміз де сенің аналық ақ махаббат сезім шуағыңды бойымызға сіңіріп өскенбіз.

Ана, сенің алдыңда барша әлем де кіші, біз де кішікпіз. Біз сенің түйір-түйір түйіршік қаныңнан жаралсақ, неге бізге сенің алдыңда тізе бүгіп, бас имеске?!

Әуелі, бүгінгі ұрпақ біз ғана емеспіз ғой, сенің қадір-қасиетіңді мойындап, қажет десең, Меккеге күніне үш арқалап баруға дайын жүрген?

Біздің ата-тегіміз, халқымыз, ұлтымыз АНАНЫ, АНА ЖОЛЫН, АНА МАХАББАТЫН жаратылысымыздың әу басынан-ақ жоғары бағалағаны хақ. Атап айтсақ, Адам – АТА, құдіреті күшті Құдай-тағаладан жазаланатынын біле тұра, өзінің сүйікті жұбы – Хауа-Ананың көңілін қимай, тілін алып, үгітіне көніп, өзіне рұқсат етілмеген жемістен ауыз тиіп, пейіштен қуылды емес пе?

Ештеңеден таршылық, зәрулік, жоқшылық көрмейтін, уайым, қайғы, қасірет дегенді білмейтін, қызығы да, ырзығы да жетіп –артылатын жерден Хауа-Ананың жалғыз ауыз сөз, бір ғана өтінішінің алдында қорғасындай еріп, елжіреп, келер шақтағы өзін күтіп тұрған азапты күндерден қаймықпастан, нар тәуекелге басып та жіберген ғой.

Сөйтіп, азабы ауыр, ауыртпалығы мол, қиындығы шаш етектен келетін жер бетіне қуылып шықты. Егер оның Хауа-Анаға деген шексіз сүйіспеншілігі мен мәңгілік махаббаты болмаса, солай етер ме еді? О, Алтын ана, сенің бойыңда қара тасты да қақ жардырып, қажет болса, қалайыдай балқытып, қара Ертісті кері қарай ағызар құдірет бар-ау тегінде. Адам-Атамыздың үлгісі, өзіңе деген ілтипаты мен құрметі, оның бүгінге дейінгі ұрпағына да тектік жалғас болып келе

жатуының өзі қандай қадірлі қасиет, баға жеткісіз мұра десеңізші?!

Тарихсыз ел, тағлымсыз ұрпақ жоқ. "Тарих – тағдырымыздың тәрбиешіісі" (Цицерон). Тағлым – атадан балаға өтетін өнеге. Адам – Ата мен Хауа – Анадан өніп-өскен адамзат баласының мол тараған тағылымды ұрпақтарының бірі біздің жыл санауымызға дейінгі өмір сүрген САҚТАР екендігі көпшілікке аян. Өз алдына патшалық құрып, әскер ұстап, жазу-сызуға ие болып, зор мәдениеттің биігіне көтерілген өркениетті сақтардың батыл ұлдарымен қатар, елі мен жерін, Отаны мен отбасын сүйген, сүйгенде, беріле сүйген жүректі де білікті батыр қыздары да көп болған. Солардың арасынан тарихшыларымыз, әсіресе, Тұмар патшайым (Томирис) жайында тамсана айтады. Ол туралы "тарихтың атасы" аталған әлемге әйгілі Геродот былай дейді: "Дүниеден озған массагеттер патшасының тағына оның зайыбы патшайым болып отырды. Оны Тұмар (Томирис) деп атайтын. Кир оған үйленгісі келіп тұрғандай-ақ құда түсетін елшілерін жіберді. Алайда, Тұмар оның үйлену ниетімен емес, массагеттердің патшалығына ие болғысы келіп тұрғанын түсініп, оған теріс жауап қайтарған. Қулығынан ештеңе шықпаған соң, Кир массагеттерге соғыс жариялаған". (Геродот, Тарих, Москва, 1993, Бірінші кітап, 76 бет)

Ажары да, ақылы да өз заманындағы: Зарина, Амага, Семирамида секілді патшайымдар мен ханшайымдардан артып туған Тұмар- Томиристің сол соғыстың соңында зор жеңіске жеткендігін бүгінгі білімді азаматтар мен тарихшылар жақсы біледі. Сол сақтардың бүгінгі заңды ұрпағы бо-

лып табылатын қазақтар Тұмар патшайымның сол бір көсемдігі мен көрегенділігі үшін-ақ белшеден қарыздар десек те болғандай.

Ендеше Асыл-Ана, Алтын текті әжеміз болып табылатын Тұмар патшайым – Томириске Қазақстан жерінен әлемдегі "ЖЕТІ КЕРЕМЕТТІҢ" бірі – Таж-маһалдай сәулетті етіп сарай салып, күмбірлеген күмбез тұрғызса да, артық емес деп ойлаймыз. Бұл ғасырлар қойнауындағы "Елім егемен болсын, жерімізді жау баспасын!" деп жар салып, жан аямай күрескен батырлығы да, батылдығы да ерекше, парасатты патшайым анамыз – Тұмарға, қала берді төл тарихымыздың төріндегі барша данагөй данышпан Аналарға деген бүгінгі саналы ұрпақтың салауатты қарекеті, зор ілтипаты болар еді.

Тұмар анамыздың өкшесін басып, өмірге келген ҰМАЙ-АНА туралы қалай айтпассың? "Ұмай ене әлдебір аспандағы аңыз бейне емес, нақты тарихи тұлға екендігі, жай әйел емес, елжұрттың басын біріктірген, артына мол ұрпақ қалдырған әулие ене екендігін біле жүргеніміз – тәрбие" (Б. Нұржекеев)

Белгілі ғалым, марқұм Сәбетқазы Ақатаевтың айтуынша, қазақстанды мекендеген халықтар Ұмай-Ананы Күн тәңірі, Ай тәңірі, Көк тәңірі секілді кереметтердің біріндей дәріптеген. Оның атын атап, рухына бас иген, дұғалы сөз бағыштап, табынған.

Ал VI-VII ғасырлар ішінде оңтүстік өлкеде өмірге келіп, қазақтың ежелгі тарихында әулие атанған тұңғыш әйел – Домалақ-ене (Б.Нұржекеев), X ғасырдың шамасында Арал түбегінен шығып, мұнаралы кесенесімен аңызға айналған

Бегім-Ана, XII-XIII ғасырларда Тараз жерінде, Қарахан әулетінде туып, мөлдір махаббаттың асыл бейнесі болған Айша-бибі, XIV-XV ғасырларда Созақ өңірінде дүниеге келіп, небір асыл қасиеттерін паш еткен Ақсұмбе-Ақбикеш анамыз, құдай-ау, айта берсек, санап үлгермейтіндей үлгі тұтқан, әулие тектес аналарымызды кім ұмыта алар дейсіз?!

"Сегіз қызым бір төбе, Кенжекейім бір төбе" дегендей, мұның сыртында әнімізге де, сәнімізге де айналып, тәулік бойы жырласа таусылмастай дастандарға арқау болған Алпамыс батырдың Гүлбаршыны, Төлегеннің Қыз Жібегі, Қозы Көрпештің Баяны, Қарақасқа атты Қамбардың нәзік жанды Назымы, Қарақыпшақ Қобыландының ақылы дария Құртқасы, Ер Тарғын Ердің "Асыл туған Ақжүнісі", Орақты батырдың Қарлығашы, жер жұлдыздарындай жарқырап өскен халық қаһармандары Айман, Шолпан, тіпті, "ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама" кезіндегі "хан батыры" атанған Қаракерей Қабанбайдың Гауһары, сол кездерде өмірге келген жетісулық дарынды Дарабоз-Ана, одан бертіндегі Бақтыбай ақынды ғашық еткен Мәйке сұлу, Біржан салды састырған Ақын Сара апаларымыздың қай-қайсылары болмасын, барша аналар шоғырының ішіндегі інжу-маржан, жақұт тастардай жарқырап, күллі ұрпақтың Би-Фатима пірлеріндей болып кеткен киелі тұлғалар ғой.

Бұлардың бірі – батыр да ақын бабаларымыздың қалыңдығы, болып келсе, енді бірі – құдай қосқан қосағы, жан жарлары. Бәрі де серттеріне селкем түсірмейтіндей сұлу, айтқандарынан айнымайтын бірсөзді ару, махаббатта-

рына берік, ерлеріне серік, адал дос, әрі ақылды, әрі дана аналарымыз.

Осынау іріктеліліп қана алынған бір шоғыр топқа "күні кеше" деп айтылып жүрген XX ғасырдың бір тума таланты, ұлы күйші Дина Нұрпейісқызын, әлемге танылған талант иесі, бұлбұл үнді, атақты әнші – Күләш Байсейітованы, майдан төрінде ерліктерімен ел есінде қалып, бүгіндер ауыздарындағы дұғаларынан түспейтін Мәншүк Мәмбетқызы, Әлия Молдағұлқызын қосып айтсақ, несі артық?!

Иә, біздің еске алып, естелік айтарлықтай ардақты аналарымыз жетіп-артылады. Бұл жөнінде осы кітаптың авторы Мақсұт Сұлтанұлының өз анасы туралы толғанып тұрып: "Не көрмеді бұл кісілер. Өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдары колхоздастырудың қиыншылықтарын да, отызыншы жылдардағы ашаршылықты да, берідегі қуғын-сүргінді де, қырқыншы жылдардағы Ұлы Отан соғысының ауыртпалықтарын да бастарынан кешкен жандар ғой" деуі еріксіз ойландырады. Ойланасың да, бұл күндері алды арамыздан кете бастаған, арты қолдарына таяқ ұстап, көздеріне қалың әйнекті көзілдірік іліп, белдері бүкшиіп, күннен-күнге жүріп-тұрулары тым қиындап бара жатқан қарттарға ерекше сезіммен елжірей қарайсың. Рас, олардың біразы жақсы қызметкер болып шыққан ұл-қыздарының арқасында ғұмырларының соңына таман бақуатты өмір сүрді, біразы әлі де өмір сүріп жатыр. Бірақ олардың қатарлары күннен-күнге тез сиреп барады. Солардың бірі өткен – 2005 жылы сексен алтыға қараған жасында мәңгілік сапарға жол тартқан – Зейнепгүлсін-Зинаш шешеміз.

Осы кітап ішіндегі естелік айтушылардың сөздеріне қарағанда және менің білуімде де Зинаш шешей қалаймақан ғасырдың аса бір аласапыран кезінде өмірге келіп, жоқшылық та, тапшылық та етектен басқан қиын кезеңде есейген. Өзіне құдай берген өжеттілік пен қабілеттің арқасында өмір тынысын, оның өзгерістерін тап басып, дұрыс танып, өзінің өмір жолын жаңылмай таба білген. Дер кезінде сауатын ашып, комсомолға өтіп, депутат болып сайланып, қоғамдық қосымша жұмыстарға қатты араласқан. Сөйте тұра қара жұмыстың қандай түрінен болмасын бас тартпай, қажет болған кезде дүкен ұстап, қажет болған кезде қой фермасының меңгерушілігін де атқарып, бір отар қойды да баққан.

Ер-азаматтардың біразы соғыстан қайтпай қалып, шаруашылық жұмыстарына механизаторлар жетіспей жатқан кезде қалаға ауылынан жаяу қатынап жүріп, механизатордың оқуын бітіреді. Бұл жөнінде осы кітаптағы естелік айтушы еңбек ардагері Сәдуақас Сағындықұлы қысқа да болса, нұсқалы сыр шертіпті.

Мен бұл кісінің отбастарымен Мақсұт екеуіміз бірге оқи бастаған 1955 жылдан таныспын. Мақаңның қарт әжесі – Ғизатбануды да көріп, қолынан шай ішіп, дәм татқанмын. Ол жарықтық та өз алдына жыр ғып айтарлықтай жақсы жан еді. Зинаш шешейдің де мейірімді сөздерін естіп, аялы алақанымен маңдайымды сан рет сипалатқанмын. Ұдайы нұры төгіліп тұратын жылы жүзімен мейірлене қарап:

– Бұл бала, Мақсұтжанымның өрдегі ауылдағы бір сыныпта оқитын жолдасы ғой, - деп

үйіне кіріп келген кісілерге мені дардай етіп таныстыра қалғанда, еріксіз марқайып кететінмін.

Менің білуімде Зинаш шешей Қасияны келін етіп түсірген 1975 жылдан бері, өмір рақатын мейлінше көре бастады. Ұмытпасам, 1981 жыл болуы керек, Мақсұт бәріміз қызмет істеп жүрген сол Талдықорған облысының Қаратал ауданына сот болып сайланып, Көксу ауданындағы адвокаттық жұмысынан жоғарылаған кезде, шешей "мен бұл үйден көшпеймін, осында отыра беремін" деп қазіргі Балпық кентіндегі пәтерінде қала берген болатын. Сол кездегі бір ұшырасуымда:

– Е, балам-ай, бұрынғының адамдары "жас кезімде бейнет бер, қартайғанымда зейнет бер" деп тілейді екен ғой. Біз де сол тәлім-тәрбиенің адамдарымыз ғой. Жаңағы, тілекті қазір мен де жатсам-тұрсам аузымнан тастамаушы едім, иншалла, соным қабыл болғандай. Мақсұтым да, келінім – Қасия да өзіме адал. Ауыздарындағыларын жырып маған береді. Киімім бүтін, тамағым тоқ, қайғым жоқ. Сый-сияпаттарын апта сайын, ай сайын әкеліп жатыр. Менікі, былайша айтқанда, "бұйрық" беріп қойып, шәниіп жату, – деп әзіл-қалжыңын араластырып сыр да шертіп еді. Мен шешейдің бұл сөзінен келінбаласына ғана емес, ел-жұртқа, Үкіметке, Аллаға деген ризашылық қанағат сезімдерін де аңғарғанмын.

Алланың берем десе, берері аз ба? Зинаш шешейдің қанағатшыл сезімін Құдай-тағала бұдан соң көп кешіктірмей, бұрынғыдан да арттырып, жарылқап жіберді. Дәлірек айтқанда, Мақсұттың қызметі бейнелеп сөйлесек, "ғарыш-

тық жылдамдықпен" өсе бастады. Қаратал ауданынан Республикалық Әділет министрлігіне ауысып келді. Одан соң өсе-өсе Республикамыздың Бас прокуроры, Жоғары сотының төрағасы болып сайланды.

Бұл жылдардағы Зинаш шешейдің көрген игіліктерін айтып жатудың өзі артық, әрине. Себебі, ол туралы осы кітаптағы естелік айтушылардың бірі – "Батыр ана" Жұмагүл Есжанқызы және шешейдің келіні – Қасия Қадырқызы жеріне жеткізе баяндапты.

Зинаш шешейдің, әсіресе, Қасия келініне дән ризаланып жүргенін өз аузынан бұрын да талай естіген болатынмын. Соның бірі ойыма да түсіп отыр.

Бірде, 2001 жылдың қарлы-жаңбырлы қараша айындағы күндерінің бірі болатын. Демалыс күні болған соң, амандасып қайтайыншы деп, Алматының өр жағындағы Самал шағын ауданындағы Зинаш шешейдің үйіне келгенмін. Ол кісі аздап шаншулап отыр екен. Амандық-саулықтан кейін әңгімені өзі бастап кетті.

– Әдіре қалғыр, мына бір шаншу ана бір жылы да мені шыр айналдырып, ақыры арқамды құрыстырып, төсектен тұрғызбай тынып еді. Шынымды айтайын, өзімнің туған анам - Әлилә марқұмның ара-кідік құрыстанып қалатын "арқасы" болатын. Анамнан ауысқан сол қасиет әлгі шаншумен қосылып ап, мені қысты да тастады. Содан өлермен халде жатқан кезімде, айналайын, келінім Қасияны құдай айдап, үйіме келе қалды. Келді де әдеттегідей асты-үстіме түсіп, "Не боп қалды, апаға" басты. Шын көңілінен сұрап отырғаннан соң, айтпай қайтейін. Шаншуыма

қосымша, екі күннен бергі түсімде бейтаныс біреудің мені төсегіммен тік көтеріп алып кетпек болып әуреленіп жүргенін айттым. Келінім бетіме қарап отырды-отырды да, "ол кісіңіз әліне қарасын. Қайталап түсіңізге кіретін болса, қақ маңдайдан бір періңіз" деп, дүкеннен сатып әкеле жатқан судай жаңа оқтауын маған сыйлады. Сөйтті де, "мен қазір келемін" деп жоқ боп кеткен.

Әкем-ау, бір сағатқа жетер-жетпес уақыт ішінде, сонау "Көкбазардың" түбіндегі мұсылман мешітіне барып, неше түрлі дұғаларды жетік білетін бір молданы ертіп келді. Келген соң, белгілі ғой, алдымен "ұшықтап" алды да, молдекең маған қарсы малдасын құрып отырып, небір дұғаларды шұбатып оқи бастады.

Жаным-ау, мына қызықты қара, дұға оқылған сайын арқамның құрысып, тырысулары тарқап, маужырай бастадым. Сөйтіп, сол түні жақсы ұйықтадым да, бұрынғы түсті көрмейтін болып кеткенмін.

Әдіре қалғыр, мына шаншу бүгін қоймайтын болса, ертең Қасиямды шақыртып ап, сазайын тарттырайын деп отырмын, күнім, – деп бір қауым әңгіме шерткен. Мен мұны Қасияның естелігінде жоқ болған соң айтып отырмын.

"Ақ сөйле, ақ сөйлесең нақ сөйле" дегендей, әділін айту керек, өмірінде жесірлікті де, жетімсіздікті де көп көрген Зинаш шешей немерелері өсіп, бірінен соң бірі үйленіп, тұрмыс құра бастаған кезде "тәубасын" бұрынғыдан молайтып, іштей масайрап та жүрді.

Соңғы бір кездесуде Зинаш шешей әңгімесін былай өрбіткен.

– Жалпы, құдалар бізде төртеу ғой, күнім. **Ең үлкен бірінші құдамыз** – Асхаттың ата-енесі. Жақсы жандар. Құдамыздың есімі – Селмар, бизнесмен. Құдағиымыз – Нәзира, үй шаруасындағы әйел. Араласымыз жақсы. Асхатта бала үшеу: Асан, Ақан, Әділсұлтан. Келініміз – Ғалия. Алматыдағы Заң және экономика колледжінің директоры. Асхат – Атырау облыстық прокурорының бірінші орынбасары.

Екінші құдамыз – Ләззаттың ата-енелері. Қарапайым кісілер. Құдамыздың есімі – Жолдас, АГУ-дің шаруашылық жағын басқарады. Құдағиымыз – Тілеу, теміржолшы. Осы Алматыда тұрады. Бізді сағалап көшіп келді. Зейнеткерлер. Сәлеміміз түзу. Ұрыс-керісіміз жоқ. Қуаныш-тойларымызда біргеміз. Олар келе алмай жатса, өзім іздеп барып, бір шәугім шәйін ішіп қайтамын.

Күйеубаламыз Ардақ – олардың ең үлкен ұлдары. Алтындай, жақсы азамат. Мақсұттың университетінде үлкен қызметкер. Оның зайыбы, менің сүйікті немерем – Ләззат шағын бизнеспен шұғылданады. Балалары екеу: Абылай және Әлисұлтан.

Үшінші құдамыз – немере қызым – Жібектің ата-енесі. Құдамыздың есімі – Мұхаммед, ұлты ұйғыр. Ол да бизнеспен шұғылданады. Әйелі – Сәуле, заңгер. Үкімет аппаратында істейді. Күйеубаламыз – Данияр, бизнесмен. Балалары екеу: Нұрсұлтан және Томирис.

Төртінші құдамыз – Талғаттың ата-енесі. Құдамыз – Болат Зәкиев, шекара әскерінің қолбасшысы және республикалық ҰҚК төрағасының орынбасары. Әйелі – Мәуле, үй шаруасындағы

адам. Мамандығы – дәрігер. Келініміздің есімі – Динара. Қазір Талғат екеуі Москвадан оқып келіп, Астанада қызмет істейді, бізбен бірге тұрады.

Зинаш шешей кенже немересі Қанаттың да үйлену тойын көріп, оның ата-енесімен де құйрық-бауыр жесіп, өзі күткен **бесінші құдасын** да біліп кетті. Тек құдаларының тобына келіп қосылған **алтыншы құда-құдағиы**, шөбересі Асанның ата-енесімен құдандалы болуға Алла үлгертпеді.

Зинаш шешейді ақтық сапарға шығарып салушы қалың қауымның "Арты той болсын!" деген тілеулері періштенің құлағына шалынды білем, ол кісі дүниеден өткен соң, бес айдан жеті күн аса бергенде – 15 қазан, сенбі күні Асан ұлан-асыр үйлену тойын өткізді.

Зинаш шешей әр кезде-ақ:

– Мен ел-жұртыма да, балама да, келініме де ризамын. Елу жылдан асыра еңбек еткен жылдарымда ауылдастарымнан бір адам бетіме қарап, тік сөйлеген емес. Мақсұтжаным, менің әкесімен 7 жыл ғана бірге өмір сүріп, 37 жыл енеммен бірге тұрғанымды білетіндіктен және оның қиындықтарын түсінетіндіктен де болуы керек, қолынан келген бірінші жақсылығын маған жасап келеді. Келінім, айналайын, мен десе болды, өбек қағады, - деп рет-ретінде айтып та отыратын. Бұл асыл ананың ақ тілектерге толы алғыс сезімдерінің ұшқындары ғой.

Білмеймін, Мақсұт достың тереңде ұстаған өз ойы, өз құпия-сыры болды ма, әлде сәттіліктің сәйкестігі дәл келді ме, әйтеуір, 2003 жылы құрылысын бастатып, туған ауылы Еркінде салдыр-

ған ақ мешіті 2004 жылы толық салынып бітіп, сол жылдың 27 тамыз, жұма күні ел игілігіне беріліп еді.

Ал 2005 жылы 8 мамырда Астанада қайтыс болған Зинаш шешейдің мәйіті 10 мамыр, сейсенбі күні туған ауылы Еркінге ұшақпен жеткізіліп, жаназасы Мақсұттың сол Еркін мешітінде шығарылды. Марқұм болған шешей сол күні Нәрікбаевтар әулетінің қорымына апарылып қойылды.

Осы кітаптағы Зинаш шешейдің аруағына арналған әріптес досымыз – Тоқтасын Үмбетжанұлы Сүгірбеков деректі дастан жазып, оны аяқтауға сәл ғана қалған кезде есіл ерді мейірімсіз ажал арамыздан жұлып әкетті. Мен сондықтан да дастанның соңына екі шумақ өлең қосуға мәжбүр болдым. Сол шумақтармен осы кітабымыздың алғы сөзін тәмамдағанды жөн көріп отырмын.

Өтті күндер, өтті ай, өтті жылдар,
Зинаш емес еңбегін елге бұлдар.
Мақсұты да тұғырлы тұлға болды,
Өсіріп ару қыздар, марқасқа ұлдар.

Жамағат, аналарды ұмытпаңдар,
"Ана – адамның асылы" деген сөз бар.
Білгендерің, ағайын, ықыласпен,
Қойшыманқызы Зинашқа дұға оқыңдар!
Әумин!

* * *

БІРІНШІ ТАРАУ

Зинаш апамен сұхбат

(Мақсұт Нәріқбаев пен Ораз Исмаиловтың бірігіп жазған "Бақыттың қиын баспалдақтары" атты кітабынан үзінді)

Ораз: Бәрекелді, кімді ойласаң, сол шығады алдыңнан. Уа, қасиеттеріңнен айналайын, аналар. Біздің ұйғарымымызды есітіп қойғандайсыздар-ау, сірә. Ауасы кәусар, көркіне көз тойғысыз мына таудың аңғарына келгеннен бері, тіпті, келгенге дейін де көп әңгімені өздеріңізден тыңдасақ деуші едік, соның сәті енді түсіп отыр. Кәне, сөз басын қайсыңыз бастайсыздар? Мен, міне, диктофонымды қосып қоямын да, сөздеріңізді бөлмей тыңдаймыз. Бізге қызығы - сіздердің бастарыңыздан кешкен өмірбаяндарыңыз.

Зинаш апа, сіздің комсомол, депутат болған кездеріңіз бар деп естуші едік қой, бастаңызшы?

Зинаш апай: Е, құлындарым-ай, менде қайбір жарыған өмірбаян бар дейсіңдер. Қажет десеңдер, айтып-ақ берейін... Құлағыма азан шақырылып қойылған шын есімім – Зейнепгүлсін. Зинаш деп, әке-шешем, құрбы-құрдас, замандастарым атап кеткен. 1919 (мешін) жылы туғанмын. Әкемнің аты – Қойшыман, оның әкесі - Қыдыралы, сүйегі жалайыр, оның ішінде **Байсары** аталады. Әкем бертінге дейін аса дәулетті адам болмаған, ішіп-жерлігі ғана бар, кедейшіліктің ар жақ, бер жағында тіршілік кешкен жан. Шешемнің шын есімі – **Әлилә** (Ол кісіні ауыл адамдары мен абысын-

ажындары Әлтай деп те, Әлжан деп те атаған), төркіні мырза, оның ішінде қошқар. Әкесінің аты - Нұрпейіс. Шешеміз бертін келе намаз оқып, ораза ұстап жүрді.

Ол кісіде көріпкелдік қасиет болған. Аса дітшіл адам еді. Алланың берген ерекшелігінің арқасында ол әр кез, әр кезде өзінің жеке басында, отбасында, жақын-жанбар, әулетінде болғалы тұрған болымды, қуанышты істерді немесе төніп келе жатқан қауіп-қатер, қиыншылықтарды тітіркену, түс көру, құмалақ салу, сондай-ақ әртүрлі нышандар арқылы алдын-ала сезініп, онысын жасырып, жасқамай дастарқан басында айтып отыратын.

Арқасы ұстаған кездерде денесі құрысып, тырысып, алабұртып, алағызып, аланданып, елең қағып, әлденеге құлақ түріп, тықыршып, мазасызданып кететін.

Арқа дегеннің өзі адамды қысып тастайтын қасиет көрінеді ғой. Арқасы ұстаған сәттерде шешем кәдімгідей қысылып, терлеп, тепшіп, тынышы кетіп, аласұрып, алқынып қалатын. Тіпті, кейде басын бүркеніп, бүк түсіп, ұйықтаған адамша жатып қалушы еді. Жаны ашыған жандарға емшілік те жасайтын. Бірақ менің есейе келіп, комсомол қатарына өтуім, ауылдық Кеңестің депутаты болып сайлануым, оның ол қабілетінің толық ашылуына бөгеттік жасай берді. Себебі, Кеңес өкіметі келген күннен бастап қожа- молда, бақсы-балгер, құмалақшы-құшынаш, әулие-әмбие, көріпкелдермен жұлдыздары қарсы болып, тіпті, Алланы да ауызға алдырмай, құдайсыздық жолына қарай тәрбие жүргізді ғой. Өкімет пен партия солай деп тұрған соң, оның қолқанаты саналатын комсомолдар

мен жастар, депутаттар қайда бармақ? “Партия қайда болса, жеңіс сонда, біз де сонда!” деп, әкешешемізге намаз оқытпай, ораза ұстатпай, пұшайман күйге түсіріп, ішқұса етпедік пе?

Біз әке-шешеден 3 қыз: Ғибад, Бибіғайша, Зинаш, яғни, мен және Өшақбай, Ошарбай деген 2 ұл туған екенбіз.

Ғибад Балқаштың арғы бетіндегі арғын еліне ұзатылып кеткен, күйеуінің аты – Ілияс еді. Бибіғайша Балқаш бойындағы Ұлы жүз, Дулат ішіндегі Ысты еліне қарасты Ошақбай деген бір бай адамға 12 жасында ма екен, әлде 13 жасында ма, әйтеуір, әкейдің ұйғаруымен “қырық жетіге” сатылып кете барды. Күзде ұзатылды. Ел дәстүрі бойынша қоштасу, сыңсу айтылды. Шешеміз екеуіміз Бибіғайшаның көшімен бірге жүрдік.

Атқа мініп жатып шешеміз:

– Алты қырдан асқанша, әкең өлді десе де, артыңа қараушы болма, қызым. Ол дегенің ырымға жаман! – деп Бибіғайшаның құлағына құйып, тәптіштеп жатты.

Біздің өңір негізінен құмды және құмдауытты болып келетіндіктен, тек көктем мен жаздың орта тұсына дейін ғана өңденіп, Іле өзенінің арнасына немесе оның тармақтарына жақын жатқан сай-сала, қоқты-қолаң, қазаншұңқыр, ойпаттардағы тал, тораңғы, жиде, жыңғыл, дүзген секілді ағаштар мен бұталар мамыр мен маусым айларының соңына дейін, тіпті, шілде айына дейін бүршіктерін жарып, жапырақтарын жайып, құмның ішін құлпыртып-ақ жіберер еді. Әсіресе, шешек атқан қараған мен жиде гүлдеген кезде толайым құм іші жұпар аңқып, хош иіске бөленіп сала беретін.

Қараторғай, бозторғайлардың әнге басып, шегіртке атаулының шырылдап, құлақ тұндыратын кезі де осы маусым. Қызыл, сары, жасыл түсті қызғалдақтар мен қараған гүл жарған осы айлардың ішінде құм қойнауы ешқашанда солмайтын баялыштың қатты бұталарын жамылып, құба, сары түске еніп, ерекше бір сәнге бөленіп кетуші еді. Әсіресе, көгілдір көктемнің нөпір нөсерлі жаңбыры төгіп өткен кездерде құм келбеті тіптен күрең түстеніп, жонын жалтыратып, өзгеріп кететін, солайынша жаңбыр мол жауған жылдары қазаншұңқырлардағы қар суынан пайда болып жатқан көлшіктер көпке дейін тартылмай, айдындарын ақбас тырналар мен үйрек, қаздарға толтырып, жағалауларын бұлдырық, қырғауылдарға қаптатып жіберетін.

Ондай уақыттарда ауыл қыздары мен балаларына қосылған Бибіғайша екеуіміз де ойдым-ойдым көлдердің жағалауларынан жұмыртқа жиып, етектерімізді толтырып қайтушы едік. Биыл өйте алмадық. "Қыс жұмсақ болды ғой" деп, біреулер мақтағандарымен, қар аз жауып, жұқа түсіп, жылдағыдай қар суынан іркілетін іркінді су, көлшіктер болмады. Оның орнына айтақыр, ашық алаңдар көбейіп кетті.

Енді, міне, құмды суырып, желі көтерілген қоңыр күз жетіп, біз изең-изең еткен түйенің үстінде отырған Бибіғайшаны ұзатып салып келеміз. Қыркүйек айы дегенімізбен, мына бір лекілдеген жел болмаса, ауа ыстық, аптап әлі басылмаған, көк жиекте толқындаған көкшіл мұнар сағым ойнайды. Бір жерлерде ешкісақал, бозғылтым шашақтарын шошаңдатқан жас сексеуілдердің арасына кірсек, енді бірде көрі

бишілердей кирелең қаққан көне сексеуіл, тораңғылы өзектерді жағалап келеміз.

Іленің өткелі көп, жайылып ағатын тұсына жақындаған сайын түп-түп боп өсетін еркекшөп ақселеу, ши, боз, ақтаспаларды да ұшырата бастадық. Изенді, жусанды, теріскенді далаға да шықтық. Құрғап қалған өзен тармақтары мен көл, көлшік орындарын, тұздары беттеріне тартқан сортаң ойпат, айтақырларды да басып өттік.

Көз салып, көңіл тоқтатқан адамға құм ішінің көркі де әжептәуір екен ғой. Біз, тіпті, Іле өзенінің үлкен-үлкен тармақтары мен негізгі арнасына жақындаған кезде ит тұмсығы өтпестей, қалың қамысты, көк құрақты, ну тоғайларға да тірелдік. Ондағы аң-құстарды айтып болмайды. Көптігі сондай кей тұстарда жондары жылтыраған орқояндар тоғай ішінен орғып шығып, жолыңды кессе, қызғылт түсті қауырсындары күн көзімен шағылысқан қырғауылдар күтпеген жерден пыр-пыр етіп, зәреңді ұшырады.

Біз жолда жидесі мәуілжіп піскен, әдемі бір тоғайдың шетіне бір қонып, келесі күннің сәске түсінде құдаларымыздың ауылына жеткенбіз.

Айтпақшы, келін күткен ауылға жарты шақырымдай қалған шақта алдымыздан ауыл әйелдері шұбап шығып, Бибіғайшаның түйесін шөгерді де, өзін жерге түсірді. Онан соң шашу шашып, менің шешеммен көрісіп, ауылдарына қарай бастап жүрді.

Бибіғайшаны орталарына алып, жаяулата тартты. Ауыл үсті анық көрінген кезде әйелдер Бибіғайшаға сәлем жасатты. Алдымыздан қызкеліншектердің тағы бір тобы шығып, тағы да

шашу шашылды. Енді шешемді де қолтықтап аттан түсіріп, төс қағыстырып, құттықтап, қошеметтеп кетті.

Мен ол кезде 9-10 жастар шамасындамын. Балалығым ба, әлде әлі де болса жап-жас әпкемді аяғандығымнан ба, әйтеуір, Бибіғайшаның күйеуін көпке дейін иттің етінен жаман жек көріп жүрдім. Бірақ мені елеп, ескеріп жатқан кім болсын?

Бибіғайшаға қалың малды мол ғып алған әкемнің содан бастап дәулеті өсіп, 1929-30 жылдарғы тәркілеу кезінде орта дәулеттілердің қатарына қосылды ғой. Сөйтіп, Кеңес өкіметінің назарына "**орташа**" деп ілінді.

Менің ол кезде жаңа ғана бойжетіп келе жатқан жасөспірім шағым. Үй іші, отбасындағы оқиғаларды жақсы түсінгеніммен, үлкен өмір, қоғамдағы өзгеріс, төңкерістерді жете ұға бермейтінмін. Бірақ есімде қалғаны – 1928 жылдың күзі болса керек, "жеке шаруаларды біріктіріп ұйымдастырады екен, оны коллективтендіру деп атайтын көрінеді, бай-кулактардың малдарын малшы, жалшыларына үлестіріп береді екен" деген сөздер дүңкілдеп жатты.

Ораз: Рас, айтасыз, апа. Елімізде "Байлардың шаруашылықтарын тәркілеу туралы" декрет өзіңіз еске түсіріп отырған 1928 жылдың 27 тамызында қабылданыпты.

1928 жылдың аяғында бай, кулактарды тап ретінде жою саясаты жаппай жүргізіліпті. Шаш ал десе, бас алатын жергілікті жерлердегі әпербақан, асыра сілтеушілер "берсең қолыңнан, бермесең жолыңнан" деп "орташаларды" да со-

лардың тобына кіргізіп, бастарына әңгіртаяқ ойнатып, зар қақсатса керек.

Зинаш апай: Айта көрме, шырағым, жаман болды ғой. Жамандыққа жатқызу үшін желеу деген жетіп артылатын. "Арғы тегі алқаракөк бай болған", "Елді қанаған шұбар төс, шынжыр балақтың тұқымы", "Әулеттерінен қожа-молдалар шыққан", "Би-болыстарға бүйрегі бұрып тұратын сатқындар", "Соларға іш тартатын арамзалар" тағы басқа айдарларын тағып, айыпқа жығып, шаңырақтарын орталарына түсіріп жатты. Онымен де қойған жоқ, бала-шағаларын бақадай шулатып, қан қақсатып, жер аударып, елден асырып қуды. Ел-жұрттың біразы көршілес: орыс, өзбек, қырғыз, түрікмен елдеріне, тіпті, қытай, монғол жерлеріне ауып кетті.

Бай, кулактарға қосып, "орташалардың" да малдарын сыпыра бастаған кезде "аша тұяқ қалмасын, асыра сілтеу болмасын" деген құйтырқы ұран да көтерілді.

Сол кезде менің әкемнің қой-ешкілері қозылақтарымен қосқанда жетпіске жуықтап, бір құлынды биесі мен екі түйесі бар еді. Көздері төбелеріне бітіп, кеуделеріне нан піскен ұр да жықтар "жаңа байып келе жатқан кулак" деп менің әкемді де зар жылатты. Кейіннен білдік, "орташалардың" қатарына малының басы 300-ден асқандар ғана жатады екен ғой.

Ораз: Сіздер секілді көнекөз, көріқұлақ, куәгерлерден естулеріміз бен оқығандарымызға қарағанда, халық басына қара бұлтты үйіріп, қиыншылықтың қаһарын қарлы борандай етіп төккізгендер Кеңес өкіметі емес, оның қаулы-қарарлары мен шешімдерін жүзеге асырушы

жандайшап, жағымпаз, атқамінер, атаққұмар, атқарушылар ма деймін. Себебі, 1928 жылы жеке шаруаларды коллективтендіру күллі Кеңес елінде жүргізіліпті. Өкімет жоспары бойынша бұл шара кезең-кезеңмен атқарылуға тиісті екен. Бірақ ол іс жүзінде олай болмай шыққанға ұқсайды. Мәселен, шаруаларды шаруашылықтандыру Қазақстан бойынша 1931 жылы 50 пайызға жеткізілуі тиіс болса, біздің жергілікті басшылар оны 1930 жылдың өзінде-ақ 64 пайызға көтеріп үлгеріпті. Қазақстанның сол кездегі бірінші басшысы Ф.И.Голощекин деген сұмырай бұл науқанды "**Кіші октябрь**" атты валюнтаристік эксперимент есебінде жүргізсе керек.

Зинаш апай: Ол жағын оқыған, көзі ашық өздерің білесіңдер ғой, шырақтарым. Менің білетінім, 1928-1933 жылдардың аралығы ел басына төтенше төнген нәубет болды. Күндерін көріп отырған азын-аулақ уақ жандары мен бірер бас ірі қараларын тартып алған соң, ел аштыққа ұрынып, қырыла бастады. Оның мерзімін әркім әртүрлі айтып жатады, бірақ менің білуімде ашаршылық 1930 жылдан біліне бастады.

Сол 1930 жылдың көктемінен көп кешікпей алпысқа қараған жасында әкем дүние салды. Сүйегі сол Іле бойындағы қорымдардың бірінде жатыр. Аққөл маңы.

Қойшыманның бір қасиеті – өлеңші, әнші, тіпті, ауыларалық айтыстарға тартынбай қатыса беретін ақынсымал жан екен. Домбыраны да жақсы тартыпты. Кедейлігіне қарамай немесе оған мойымай той-томалақ, сауық-кештерден қалмайтын сері көңілді, сергек мінезді болыпты.

Әкейдің кейініректе басына сәлде орап, молда болып, тақуалыққа көшкені еміс-еміс есімде қалыпты.

Әкемнің шешесі яғни менің әжемнің төркіні қазіргі Талдықорған түбіндегі жалайырлардың мырза елінің қызы екен. Әкем Қойшыман бір күндерде сол елге нағашылап барып жатпай ма? Өлеңін айтып, домбырасын тартып жүріп, күндердің күнінде менің шешем – Әлиләні еліне алып қашып кетіпті.

Әлилә, Кемеращы деген жердегі мырза, оның ішіндегі қошқар елінің қызы. Әкем Әлиләні алып, Іле бойындағы өзінің атамекені – Аққолге тартыпты. Ол жақта әкемнің шешесінің Бибіш деген әпкесі бар екен. Ол бір байдың үш әйелінің бірі болса керек. Бірі болғанда тура бәйбішенің өзі екен. Менің шешемді Қойшыман сол кісінің қолына апарып түсіріпті.

Әкемнің жездесі болып келетін сол байдың – тоқалынан туған Зағыпар деген баламен мен 1939 жылы ел ішінде ашылған латынша школда, А, Б, Ж деп бірге оқығанмын. Сөйтіп жүргенде қыста ашаршылық келді. Өкімет малдың бәрін жиып әкеткендіктен ашаршылық тез өршіп, ел қынадай қырыла бастады.

Ұзатылған Бибіғайшаның арқасында қолына мал бітіп, "орташа" деген атқа ие болған әкемнің де азын-аулақ уақ жандарын өкімет тігерге тұяқ қалдырмай сыпырып әкетті, тіпті, соғымға сойылған малдың етінен де ештеңе қалдырмады. Бәрін алған өзіміздің қазақтар, арамыздан шыққан "батырақтар".

Бұл өзі жағын ашқан адам жазаға тартылып жатқан кез еді ғой. Жаңа өкіметті жақтаушылар

да, даттаушылар да болды. Қайда барсаң да біреуге бағынбасқа, табынбасқа амал қалмады. Сонымен ашаршылық ел ішін жаппай жайлап келе жатты.

Шешем – Әлиләнің үш бауыры болған екен, олардың бірі – Жақсылық пен Мықтыбек, тағы бірі – Керімбек деген. Керімбек елде Қаратал бойындағы Кемеращыда қалған екен де, Жақсылық пен Мықтыбек деген бауырлары өзімен бірге жүріпті. Төртеуі де әке-шешеден ерте қалып жетім боп өседі.

Менің Ошақбай, Ошарбай деген екі інім болған, олар дүниеден жастай өтті. Әкемнің жайын ілгеріде айтқанмын.

Сонымен біз: менің шешем, Мықтыбек, Жақсылық және оның балалары (іштерінде мен де бармын) күндердің күнінде жанымыз қысылған соң, жақынымызды іздеп, Қаратал бойындағы менің нағашыларым – мырзаларға қарай жаяужалпылап тартпадық па?

Біздің шұғыл солай етуіміздің де өзіндік себебі бар. Әкемнің Ахметше деген немере бауыры болған. Сол кісі Кеңес өкіметі орнаған күннен атқа қонып, "шолақөтек" атанған. Өмір бойы жалшылықта жүріп, байлардан зәбір-жапа, теперішті көп көргендіктен бе, "жаңа өкімет кедей-кепшік, малшы-жалшы, шаруа адамдарынікі" дегенді естіген сәттен-ақ ол "батырақ" болып жазылып, Кеңес өкіметінің жағына шығыпты. Шығып қана қоймай, нағыз сойыл соғар дөкейіне айналыпты. Әлгі марқұм айналасындағыларға жаудай тиіп, жапырып, маған "елді алалауға болмайды, балшебектік деген солай" деп, күйеуі өліп қалған біздің шешейге келіп қоқан-лоқы жасайтын көрінеді.

Марқұм шешеміз ашуланса айбаттанып кететін айбарлы адам еді. "Қызын малға сатып, қалыңмал алған орташаның жесірі" деп ұдайы тиісе берген соң, қашанғы шыдасын, күндердің күнінде шарт кетіп:

– "Тырнадан жасауыл қойсаң, құлағыңнан қиқу кетпес" дегендей, жауды алыстан емес, жақыннан тапқан жарбақай неме, бәле болдың ғой тегі. Әрі-беріден соң сен түгілі, сендей жандайшап, айттың ала тазысынан шолақетек сайлап жүрген өкіметіңе де түшкірдім сенің! – деп, төркініне көшуге бел байлайды ғой. Үлкендердің неге жанжалдасып жүргендерін біз қайдан білейік ол кезде. Әйтеуір, шешеміз бір күні жатар алдында:

– Бүгін ерте ұйықтаңдар, таңсәріден жол жүреміз! – деп бұйыра сөйледі.

Мен ошақтың астындағы сексеуілдің шоғына алақанымды қыздырып, шешемнің бет-әлпетіне көзім түсіп кетіп еді, о, тәуба, шешем үнсіз ғана егіліп жылап отыр екен.

– Апа, не болды саған? – дедім шыдай алмай.

Шешем көзінің жасын кілт тиып:

– Әдіре қалғыр, "жаныңды жақының алады" деген де рас. Бөтен емес, бөгде емес түртпекті көргенде, әкеңнің жалғыз бауыры Ахметшеден көрген соң не сорым? "Жаны ашымастың жанында тұрма" деген аталарымыз. Заман болса, мынау, жонын көрсеткенімен, жотасынан сипатар емес. Енді кешіксек, әл-қуатымыздан айырылып, жолда өлеміз, қызым. Есіміз барда, елімізді табалық тезірек. Енді бізге тәуекелден басқа серік жоқ! – деп қатайып сала берді.

Шешемнің шешіле сөйлегенін медеу тұтып:

– Бізде көлік жоқ қой, немен көшеміз, үйді қайтеміз? – дедім мен мұңая қарап.

– Бәрін де қалдырамыз. Дүние боқ, дәнеңенің керегі жоқ. Құдайдан деніміздің саулығын, басымыздың амандығын тілейік. Ал, енді жатыңдар! – деді, ошақтың астындағы отты кірленмен бастырып жатып.

Шешемнің қай кезде істеп үлгергенін кім білсін, таң алакеуім уақытта төсегімізден тұрсақ, шәйімізді қайнатып, әрқайсымызға лайықталынған қоржын, дорба, қапшықтарды тары, талқан, малта, құрт, қуырылған бидай және азын-аулақ киім-кешектерге толтырып қойыпты.

Бұл балалықты қойсаңызшы, басымызға қара бұлттың төніп келе жатқанында шаруамыз болмай, үйелмелі-сүйелмелі балалар таласып-тармасып жолға түстік.

Шешемнің сондағы маған арқалатқаны 4 домалақ иірген жіп. "Байтал түгілі бас қайғы" деген де рас, тігулі үй сол күйінде қалды. Әлі есімде шешем марқұм бәріміз үйден шыққан кезде ескі теріден қырып алған болар-болмас шелмен үйдің босағаларын майлап, күбірлеп, сөйлеп, сүйіп, кереге басына бір жапырақ ақ шүберек байлады да:

– Ал, кеттік, балалар! – деді.

Біз көпке дейін Іле өзенін жағалай жүрдік.

Коллективтендіру 1931 жылы күшейе түскен кезде ашаршылық тіптен дендеп, 1932 жылы ол әбден шыңына жетті, елдің іші баудай түсіп, қырылып жатты.

Ораз: Оқымадым, кәртейдім дегеніңізбен бәрін дұрыс айтып отырсыз, апа, көптеген де-

ректерге қарағанда ашаршылық 1929 жылдан басталып, 1933 жылдың көктеміне дейін 4 жыл 3 айға созылған секілді. Себебі 1933 жылдың көктемінде ғана ашыққан елге азық-түлік жеткізіле бастапты. Талай аймақтарда "Ортақ қазан" ұйымдастырылып, тірі қалғандардың бір жерден тамақтана бастағандықтары кейбір мұрағаттарда сақталынған.

Зинаш апай: Шындығы сол, күнім. Ашаршылыққа ұрынып, аштықтан өлгендерді көзіміз көрді. Неге екенін білмеймін, аш адамдар ісініп барып, көз жұмады екен. Қала мен қала маңындағы ауылдарда "қайыршы", "қалдық тергендер" жыртылып айырылатындай халге жетті халық. Өзім білетін Бижы, Жетіжал, Аяққара құмдарындағы елдер саршұнақ, атжалман, басқа да тышқандарды, борсықтарды аулап, ұстаса өздерін, ұстай алмаса солардың індеріндегі дәндерді алып жеп жатты. Тасбақа, жылан, торғай, кептер, қарға, сауысқандарды екінің бірі жеді.

Ал Талдықорған, Текелі аралығындағы ағайын, таныстарымыздың масақ теріп, құмтары қағып, жаужұмыр қазып, табылса тері-терсек, қатқан қарын, көн-тулақтарды қайнатып, турап жегендерін талай көрдік.

Біз Кемеращыға жеткенде, шешемнің төркіні жағындағы тете бауыры Керімбек Малогоровка деген жерде болып шықты. Көзқарасы жағынан ол балшабектер өкіметіне қарсы екен.

Біз оның қолына 1930 жылдың қысында жеттік. Қыстадық. Сол қыста Еркін мен Кемеращыдағы ел түгелге жуық аштықтан қырылды ғой. Ал біз келген Малогоровкадағы екінші және алтыншы деп белгіленген ауыл адамдары ол

жылғы қыстан аман шықты. Себебі, олардың картоп, капуста, тұздалған қияр, қызанақ секілді көкөністерінің қоры көп екен.

Айтпақшы, Талдықорғанға шешемнің екі інісі: Жақсылық пен Мықтыбек бірге келді ғой және Жақсылықтың Сүлеймен деген асыранды баласы да бар болатын. Солар бәріміз Керімбектің қолында қыстадық. Керімбектің әйелінің аты Айкүміс еді. Иманды болғыр, өте кең пейілді, ақкөңіл жан болатын.

Жақсылық бауырымыз кейініректе Кемеращыны мекендеді.

Оның сонда туған: Ғайни, Дәметкен деген қыздары бар.

Өкіметке қарсы болғандықтан Керімбек ағай қыстай кереуеттің астына тығылып, ел көзіне көрінбей жүрді. Қыс өтіп, көктем келген кезде ел масақ теруге шықты. Біраз адамдар Қытайға қаша бастады, тіпті, қарақұрым боп көшті. Сол жылы Керімбек қыс бойы менің шешемді азғырып шықты. Айтатыны "Қытайға өтелік".

– Қытайға өтіп, мына қызды сатамыз, ол жақта әйел, қыз пұл көрінеді, – дейді. Өзінің Малай деген жалғыз ұлы бар. Екеуіміз жасты болатынбыз.

Бұл сөзді мен естідім де, "Бармаймыз!" деп байбалам салып, жер тепкілеп, жылап отырып алдым. Шешем де соны айтты.

Жер қарайып, күн жылынғаннан бастап, елге қосылып біз де жота-жондардағы былтырғы егіндіктер алқабынан масақ теріп, қойжуа жұлып жеп, күн көрдік.

Керімбек, ақыры Қытайға өтіп кетті. Шешеміз екеуіміз қалдық. Жақсылықтар да қалды. Жаз-

ғасалым Кемеращы маңында кішкентай-кішкентай 4 колхоз ұйымдасты. Колхоздарымыз: Еркін, Сарыбұлақ, Кемеращы, Қазақстан деп аталды. Шешем Еркінге келіп, колхозға мүше боп кірді. Мен ол кезде 15-тен 16-ға таяғанмын.

Еркінде марқұм Қойшыман әкемнің нағашылары бар екен, солар мені мектепке берді. Сонда оқып, жүріп осы Мақсұттың әкесі Сұлтанмен танысып, ақыры соған тұрмысқа шықтым. Ол өзі сұңғақ бойлы, сидам, қараторы, сұлу жігіт еді.

Менен 3 жас үлкен, 1916 жылғы болатын. Сөйтіп, біз 1936 жылы үйлендік. Менің аяғым ауырлап жүрген кезде, бір күні ауылымызға артистер келіп ойын қойды. Ойымда ештеңе жоқ, алдыңғы жақта қаннен қаперсіз отырғанмын. Бір кезде қойылым барысында жанжал шығып, тарс деп мылтық атылмасын ба? Сол-ақ мұң екен, зәрем ұшып, құлап қаппын. Содан, қойшы 6 айлық нәрестеміз түсік болды. Обал-ай десеңізші, ұл екен.

Ақыры сол Еркінде 7 сыныптық білім алдым. Комсомолға өттім. Күйеуім көтермелеп, тағы оқытты.

1937 жылы, 1-сайлауда, ауыл депутаты боп сайландым.

Сұлтан оқуға құмар еді. Талдықорғанда оқып, бухгалтер боп шықты. Колхозда Бас бухгалтер болды. Өзі коммунист еді. Жұмысты жақсы жүргізгендіктен жергілікті басшылар оны соғыстың алғашқы жылы бронмен қалдырды. Келер жылы тағы да қалдырмақ еді, өзі сұранып, майданға аттанды. Бұл 1942 жылдың 9 қаңтары еді.

Профессор М.С. Нәрікбаевтің кітапханасы
KAZGUU UNIVERSITY
272105 КІТАПХАНА

Біз одан көбінесе хатты жиі алып тұрдық. Бірақ біздің хат оған көбінесе жетпей жатты. Себебі олардың әскери бөлімдері бір орында тұрмады ғой. Соны біле тұрса да, ол өкпе-назын білдіріп, "Зинаш-ау, не болды саған, қолың сынып қалды ма, ең болмаса "аманбыз" деген жалғыз ауыз сөзіңді қимағаның ба?" деп тұрып, жаныма батыра жазады. Мен сол күні, сол түні-ақ "алтыннан ардақты, күмістен салмақты" деп басталатын жауап хатымды жолдап-ақ жіберемін, амал нешік, хаттарымның көбісі оған жетпей жатты. Сол жылы Махмұд деген ұлымыз туып, оның атын атам – Нәрікбайдың өзі қойған. Ол қуанышымызды да хабарлап хат салғанмын. Бірақ оны Сұлтан алды ма, алмады ма, білмеймін, маусым айының аяғында бізге одан "қара қағаз" жетті. Майданға ауылымыздан бір мезгілде 3 азамат аттанып еді. Үшеуінен де "қара қағаз" келді. Ол кезде Мақсұтым екі жаста. Махмұд емшекте еді.

Әділін айту керек, екі баламды да бағып-қағып, өсірген енем – Ғизатбану. Жарықтық, өте балажанды, мейірімді еді. Балалардың маңдайларына шыбын қондырмай, түн ұйқысын төрт бөліп емес, он бөліп жүріп өсірді ғой, марқұм.

Осы орайда мен бірер ауыз сөзді атам – Нәрікбай, енем – Ғизатбану туралы айта өтуге тиіспін. Мен келін боп түскен кезде Сұлтанның әкесі – Нәрікбай егде жастағы адам еді. Арғы тегі – жалайыр, оның ішіндегі мырза руынан өсіп, өрбіген Есберлі-Есқара аталардан тарайтын төрт ағайынды екен. Демек, Жүніс деген қариядан: Оразбек, Оразғұл, Нәрікбай, Смағұл деген ұлдар және менің әпкеммен аттас – Бибіғайша деген

қыз туыпты. Аллаға шүкір, осылардың бәрінен де тұқым-тұқияндар баршылық.

Мен келін боп түскен үйден бізге дейін 20 отбасы түтін түтетіп, отау тігіп шыққан екен. Сондықтан да болар Нәрікбай атамыз "қасиетті қара шаңырақты сыйлап жүрў парыздарың" деп, туған-туысқандарға баз-базында айтып отыратын.

Атамыздың өкпесі аурушы еді, ақыры сол өкпесінен соғыс аяқтала бере, алпыс жастың шамасында дүние салды ғой, жарықтық. Ел-жұрт болып марқұмды шама-шарқымызша дұрыстап жөнелттік.

Нәрікбай атамыздың бәйбішесі – Ғизатбану Жетісу жеріндегі ең көрікті өңірлердің бірі – Шұбарағаш-Ойжайлау елді мекеніндегі татар көпесінің қызы екен. Айтары жоқ, адамгершілігі мол, жақсы адам еді.

Енемнің бір кереметі – бір қатарлы, екі қатарлы гармондарда тамаша ойнайтын. Қазақтың да, татардың да әндерін құйқылжыта тартатын және шырқата салатын. Көңілі көтеріңкі бір сәттерде ол:

– Той дегенге келіп ем алқа салып,
Той мереке болмаса тарқасалық.
Таң атқанша өленді айтып, айтып,
Диірменнің тасындай шайқасалық! –

деп әндетсе, енді бірде:

– Ал отыралық, кел отыралық,
Үстел үстін толтыралық.
Ойнап, күліп бүгінгі күн,
Дұшман сөзін өлтірәлік, –

деп билеп те жіберетін.

Мен күйеуіммен 7 жыл өмір сүрген болсам, сол енеммен 37 жыл бірге тұрдым. Әскере кішіпейіл, өте мейірманды, асқан ілтипатшыл жан еді, марқұм. Бертінде, 1972 жылы, 92 жасында дүниеден қайтты. Қолымыздан қойдық.

Енді өз өмірімнен де бірер дерек айта өтейін. Соғыс кезінде үш жыл ауыл дүкенін ұстадым. Дүкенімізге ұры түсіп, мойныма ақша міне сақтады. Бірақ өкімет әділдікпен қарап, ұрланған тауарлар мен ақшаны жойды. Соңынан қой фермасына меңгеруші болдым. Шамамның келгенінше қай жұмысты болмасын тиянақты атқарып жүрдім. Ешкімге қиянат жасап, ешкімнің де хақысын жегенім жоқ. Еткенім еңбек, көргенім бейнет болды. Сонда да алға басқан адымым көп ілгерілемей-ақ қойды.

Жастай қосылған жан жарым – Сұлтан 1942 жылдың маусым айының аяғында майдан төрінде шейіт болды.

Ұлы Отан соғысы (1941- 1945 ж.ж.) аяқталар шамада шаңырағымыздың құт-берекесі Нәрікбай атамыз дүние салды.

"Қос қанатым – қолқанатым" деп көңілімді жұбатып жүргенімде 1948 жылы 6 жасар Махмұдым көз тиіп, шетінеп кетті.

Бір қоралы жандардан бір шаңырақтың астында енем – Ғизатбану, балам – Мақсұт және мен, үшеуіміз ғана шошайып қала бердік. Әрине, оған да тәуба, оған да шүкіршілік! Шешем Әлилә ол кезде Кемеращы ауылында бөлек тұратын, кейін қолымызға көшіріп алдық.

Тірі жанның тіршілік етуі парыз көрінеді ғой, күнім. Соғыс ауыртпашылығы бір бізге ғана емес, көпшіліктің басына түсті. Соғыс уақытысында

да, соғыстан кейін де халық қайғырып отырып қалған жоқ. Әркім, тіпті, соғыс мүгедектері де қолдарынан келген шаруаларға араласып, соғыстан әлсіреген елдің әл-қуатын қалпына келтіру үшін іске кірісті. Біз де "жесірміз, жетімбіз" дегеніміз жоқ, көппен бірге жұмылдық.

Мен соғыстан кейін Талдықорған қаласындағы механизаторлар мектебінде алты ай оқып, комбайншы мамандығын меңгеріп шықтым. Ол кездегі комбайндар тракторларға тіркелетін. Менің комбайнымды тартатын трактор ды өзіміздің ауылдың Жанайбек деген баласы жүргізетін. Ол маған орысшалаған болып, андасанда "Тетя Зинақай, тоқтаймыз ба?" деп дауыстайтын. Мен оған жұдырығымды түйіп:

– Кәншай! – деп айғай салатынмын.

Екеуіміздің осы екі сөзіміз ("Тетя Зинақай", "Кәншай") кейінірек ауылдастарымыздың ауыздарынан түспейтін, күлдіргі мәтелге айналып кетті.

Қысқасы, ол жылдары "бала едік, шаға едік", "жетім едік, жесір едік" деп ешкім де жұмыстан қашпайтын. Мамандығы барлар да, жоқтар да уақытпен санаспай таңның атысынан, күннің батысына дейін не дала төсінен, не қырман басынан табылатынбыз. Құрылыс жұмыстарымен қатар мал бағу, сиыр сауу, қант қызылшасын суару, оны күту, шөп шабу және т.б. жұмыстарды еңкейген кәрі, ержеткен барша жасөспірімдер жаппай атқаратын.

Сол жылдары менің өміріме тағы бір өзгеріс енді. Ауылымызда Болатбаев Жансейіт, Бәйсейіт деген ағайынды шалақазақ жігіттер бар болатын. Кезінде әкелері бай болса керек.

Ол кездегі әке-шеше, ата-енелердің өктемдіктерін қойсаңызшы. Мен "Ағой" деген жерде жұмыста жүрген кезімде марқұм енем – Ғизатбану әлгі ағайынды жігіттердің Жансейітін үйімізге кіргізіп алыпты. Ол бұрын милицияда істеп, мінезінен "отырып" келсе керек. Енеме ол қалай ұнады екен, мен оны білмеймін. Атам қайтыс боп кеткен, Махмұд шетінеген, Мақсұт жас. Ойы бізді қоспақ. Мен оған көпке дейін көнбей жүрдім. Ақыры енем жеңді. Біз қосылдық. Сөйтіп ол қолымызға кірді. Оған "күшік күйеу болдың, шірік неме" деп немере ағасы – Бәйсейіт беріге дейін өкпелеп жүрді. Жансейіт менен екі жас үлкен еді. Соғысқа бармай қалу себебі – істі болып, абақтыда отырыпты.

Үйлену рәсімін өткізген соң-ақ бір қора қой алып, малға шықтық. Жансейіттің бір жаман мінезі қызғаншақ еді. Мені әркім-әркімнен қызғана берді. Тіпті, ферма бастығымен шатасып, ақыры өмірінде екінші рет жеті жылға тағы да сотталып кетті.

Сотталған кезде алғашқыда Талдықорғанда жатты, артынан барып та тұрдым. 1955 жылы одан оралып, "менікі ақымақтық, жындылық болды, енді өйтпеймін!" деп жалынған соң, қайта қосылдық.

Татуласып, табысқан соң тағы да малға шығып, төрт-бес жыл қой бақтық. Табысымыз жаман болған жоқ. Біреуден ілгері, біреуден кейін жүріп жаттық. Мақсұтжан ер жетіп, келін түсірді. Обалы не керек, жалған айтып бола ма, балалардың тойларын Жансейіт жасап берді. Иманды болғыр, өзі атты жүдә жақсы көруші еді. Бір әдемі аты болды. Уақытысының көбісін соны бәйгеге баптап, күтумен өткізетін. Рас, бұрынғы

мінезін қойды. Бірақ, араққа әуестеніп алып, сол атынан жығылып ақыры мерт болды. Атын өзінің Асына сойдық. Мақсұтжан оның басына ескерткіш орнатты.

Ендігі бір әңгіменің бір парасы мынау: жаңылмасам, 1940 жыл ғой деймін, менің баяғы ысты еліне ұзатылған Бибіғайша әпкем күйеуі Ошақбаймен ажырасып, жалғызілікті болып қалады. Мұны кезінде менің шешеме қысастық жасайтын әкеміздің немере інісі – Ахметше естіп, іздеп тауып, жанына алады. Бұл хабарды естіген соң, шешем - Әлиләнің өтінішімен Сұлтан Бақанасқа барып, апайды Еркінге алып келді. Сөйтіп мен әпкемді тауып, көзайым болдым.

Сұлтан оны өз қолынан сол Еркін ауылындағы мырза ішіндегі Мәмбет Шәріп дегеннің баласы – Есжанға қосты. Есжан ол кезде ауылдық Кеңестің салық жинаушы қызметкері болып істейтін.

Бибіғайша бұрынғы күйеуі Ошақбайдан бір ұл туған екен, ол жастай шетінеп кетіпті. Есжаннан ол бір қыз туды. Аты – Жұмагүл. 1942 жылғы. Қазір оның 12 баласы бар, "Батыр ана".

Ал біздің біраз өмірімізге куәгер Ахметше қазір дүниеден озған. Артында қалған екі ұлы бар. Бірі – Тойшыбек, екіншісі – Қабылтай (Ғабдул). Екеуі де балалы, шағалы, сол атақоныстары – Бақанас жақта тұрады, соңғы жылдары араласып келеміз.

Түп атамыз Жүністің төрт баласын ілгеріде айтқанмын. Олардың ең үлкені Оразбектен туған екі қыз: Жамал, Бижамалдан тараған жиендер бар. Оразғұлдан тұқым жоқ. Нәрікбайдан Сұлтан, одан Мақсұт.

Мақсұттан: Асхат, Лора, Ләззат, Жібек, Талғат, Қанат деген ұл-қыздар бар. Аллаға шүкір, немерелер де өсіп келеді.

Жүністің кенже баласы – Смағұлдан Тасболат. Оның да үрім-бұтақтары баршылық.

Нәрікбай атамның әпкесі – Бибіғайшадан туған бір қыз Талдықорған маңындағы Жетісу ауылында, ал екі ұл: Жақып пен Жамали Ысқақовтар сол Еркін ауылында тұрады. Бәрі де үбірлі-шүбірлі.

Осылармен қатар Еркінде Сұлтанның қарындасы – Құрманбала (Құрми) да өмір сүріп жатыр, менен сегіз жастай кіші, аурушаң, сегіз баласы бар. Олармен де араласып, қатынасып тұрамыз.

Ал, абысын-ажындарымнан ешкім қалмады, жоқ. Ілкіде айтқанымдай Жүніс әулетінің қара шаңырағы Нәрікбай атамыз арқылы кезінде Сұлтан екеумізге қалса, енді Мақсұт пен Қасияға өтіп отыр.

Менің келін боп түскен уақытымда әулетіміздегі адамдардан біреулер сапарға шығып, ия соғысқа аттанып немесе аса бір жауапты шаруамен ұзақ жолға жүріп бара жатса, міндетті түрде біздің шаңыраққа келіп тәуеп етіп, сиынып аттанатын. Сол бір ата дәстүрімізді немерелеріміз де, шөберелеріміз де берік ұстанып отыр.

Мен соған қуанамын, соған тәуба деймін!

* * *

ЕКІНШІ ТАРАУ

...Не көрмеді бұл кісілер. Өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдары колхоздастырудың қиыншылықтарын да, отызыншы жылдардағы ашаршылықты да, берідегі қуғын-сүргінді де, қырқыншы жылдардағы Ұлы Отан соғысының ауыртпалықтарын да бастарынан кешкен жандар ғой.

Зейнепгүлсін — Зинаш апаның ұлы Мақсұт Нәрікбаевтың әңгімесінен

Тоқтасын Сүгірбеков,
ақын

Ана құдіреті
(Деректі дастан)

Ал, шабытты шақтарым ұшқын атқан,
Көтеруге қалайсың істі батпан?
Ана жайын қозғайын құдіретті,
Айырылмай тұрғанда күш-қуаттан.

Ана деген ұлы сөз жүректегі,
Жүрегіммен отырмын жыр еткелі.
Ойларым да шиыршық атып менің,
Талай болды ойлармен күн өткелі.

Дастан жазсам өзіңе арнап егер,
Басын иіп қара да, хан да көрер.
Тәуекелдің міндім де жел қайығын,
Бастап кеттім, бір Аллам жар бола гөр.

Ұялатқан жаныма дара сенім,
Ақ баталы ананың баласы едім.
Күн көтеріп тұратын қолыменен,
Қасиетіңнен айналдым ана сенің!

Күрестерге толтырмай жыр алаңын,
Қалам ұстап қалайша жүре аламын.
Талайлардың тарихы секілденген,
Арқау еттім тағдырын бір ананың.

Зейнепгүлсін - Зинаш

Болса да бойынан әл кеткендей,
Қуаныштың самалы жанды өпкендей.
Жарық дүние есігін ашып кірді,
Іңгәлаған бір сәби әндеткендей.

Жырын жырлап, көршілер салып әнін,
Бұл өмірдің келтіріп сәнін, әрін.
Бақыт құсы сол күні мекендеді,
Шаруа Қойшыманның шаңырағын.

Қойшекең де ауылдың жайсаң ері,
Тұлғасы зор, тік қабақ, қайсар өңі.
Ол өзі бір баласы Жалайырдың,
Елі Күшік, руы Байсары еді.

Сүйіншілеп, жүгіріп жаны қалмай,
Болып жүр қуаныштан жарылардай.
Әлила - сүйген жары қыз тауыпты,
Болғанда бір сәбиді сағынардай.

Жасынан Әлиланы танып елі,
Жас-кәрінің батасын алып еді.
Қызы деп Нұрпейістің тәрбиелі,
Мырзаның ел сыйлаған аруы еді.

Сезінер әр нышанды алдын- ала,
Кезінде кейбір жандар болды дана.

Түс жорып, құмалақты аша тұғын,
Жас болса да Әлила белгілі ана.

Әлпештеп ат қою да тұнған аңыз,
Шынайы сыр жатады мұнда нағыз.
Үлкендер жас сәбидің атын қойды,
Болсын деп Зейнепгүлсін бұл баламыз.

Кең далада жататын сағым ойнап,
Кетпесе де бақыт пен бағын ойлап.
Ержетіп Зейнепгүлсін келе жатты,
Зинаш деп атап кеткен ауыл-аймақ.

Сәнденіп сәмбі талы иілетін,
Тораңғы, жыңғыл, жиде, киік отын.
Мұрын жарған жиденің иісіне,
Жұпар иіскеп тұрғандай сүйінетін.

Іле бойы, құм іші көктем келсе,
Ойдым-ойдым ой, шұңқыр өткел берсе.
Аралап көрер жердің қызықтарын.
Қандай ғажап көңілің көкке өрлесе.

Бұл жердің сұлулығын шілдедегі,
Адам мен күннен басқа кім көреді?
Кей-кейде нөпір жауын жауып өтсе,
Құлпырып дала төсі гүлденеді.

Бұл өлке жаратылған құнар дарып,
Алысқа айтқан әнің тынар барып.
Жетелеп қиырына қиялыңды,
Жер шегі жататұғын мұнарланып.

Қоймайтын еліктірмей мұндағыны,
Жайқалған суарылып нұрға гүлі.

Құдайдың бере салған бір нәсібі,
Елігі, қызыл қанат қырғауылы.

Осындай табиғаттың құндағында,
Асыр сап жүрді Зинаш бұл қауымда.
Бір қызық болып жатты күз келгенде,
Той бола бермей тұғын күнде ауылда.

Бибіғайшаның ұзатылуы

Жоқ-жітік болса дағы көшелі елі,
Ешкімге кетпейтұғын еселері.
Осы елде өсіп-өнген бұлар бүгін,
Әкеменен шешеден бесеу еді.

Үйелмен-сүйелмендер ауылдағы,
Гүл тектес бір ауланың бағындағы.
Үш қыз - Ғибад, Бибіғайша, Зинашпенен,
Ошақбай, Ошарбайлар бауырлары.

Жүрмейтін қыз баланың билігі онша,
Отына қалың малдың күйді қанша.
Бір байға ұзатылып кете барды,
Он екі, он үш жаста Бибіғайша.

...Көш қандай, жүріс қандай, көңіл қандай,
Жас қызға көрінеді өмір балдай.
Әрине, жас көңілге емес бүгін,
Маңдайы тасқа барып соғылғандай.

Десе де көңілінде күдік-күмән,
Секілді аспаны оның бұлт пен тұман.
Білмейді, қайғыдан ба, қуаныштан,
Жатқандай жүрегінде тұнып бір ән.

Үзіліп кете берер мың бұрауы,
Өмірдің бұл да болса бұл бір әні.
Алды-артын ойламайтын жас аруды,
Ауылына алып келді құрбылары.

Бел асып, жете бере бір белеңге,
Көзі тұнып кеткендей дүрбелеңге.
Ән шырқап, жеңгелері шашу шашты,
Жел беріп, жырлы өлеңге, сырлы өлеңге.

Осылай Ысты еліне келін болды,
Жаңа жердің тау-тасын көлін көрді.
Жас болса да ұғымы терең еді,
Ұната бермейтұғын көрінгенді.

Мінезі жайнап тұрған жаздай еді,
Қабақ шытар сәттері аздай еді.
Соңынан еріп жүрген Зинашымен,
Қатар ұшқан көлдегі қаздай еді.

Десек те қыз баланың бағы сынды,
Дәстүр бұл әрі сынды, әрі сырлы.
Енді, міне, жетекте келе жатыр,
Бетке алып ажыменен абысынды.

Қыз-қырқын дуға бөлеп кең өрісті,
Жүк артылған түйені шөгерісті.
Ақ әжелер келінге бата берді,
Олар да атқарды өстіп келелі істі.

Ыстылар Балқаш көлі бойындағы,
Өткізді жас келіннің тойын-дағы.
Жас тоқалға ие боп Ошақбай бай,
Бір істі орындады ойындағы.

Ел ішіндегі дүрбелең

Қарап жүрген қазақтың тыншын алып,
"Қызыл" келді жоқ жерден шу шығарып.
"Ауылнай" ғып сайлады жүрген кеше,
Кедейді отын жарып, күл шығарып.

Шындық пен әділдіктен жол алыстап,
Ел ішін жайлап алды нала, қыспақ.
Отыз қойлы шаруаны орташаға,
Жатқызды, өкіметтен бөлек ұстап.

Бұл істі түсінбеді ел аңғарып,
Белсенділер құтырды жалаң қағып.
Нәр татарлық тамақты тартып алды,
Ашаршылық басталды содан барып.

Өмір-өзен қалғандай тұрып мәңгі,
Еркін күндер бір жола құрықталды.
Шаш ал десе, бас алған жетесіздер,
Елге сұмдық зобалаң, бүлік салды.

Кетті бір қара дауыл жайлап көпті,
Байларды жер аударып, байлап кетті.
Қойшыман орташаның барлық малын,
Тігерге тұяқ бермей айдап кетті.

Еңсені бір қасірет барады езіп,
Ақылдыдан әумесер надан озып.
Жас болса да осыны көзбен көріп,
Кетердей болды Зинаш дала кезіп.

Ой салып оқырманның көңіліне,
Жел беріп жыр-шабыттың көрігіне.

Сәл шегініс жасайық осы арада,
Қойшыман - Әлиланың өміріне.

Тәуекел және зобалаң

Қойшы-екең өнерлі еді сері көңіл,
Қойғандай оған бақыт беріп өмір.
Шырқатып, әнін салып жүруші еді,
Жайқалып жүріп кеткен жеріне гүл.

Мұңы боп талай қызбен сан ұлдардың,
Дүрілдеп тұрған кезі қалың малдың.
Болса да өзі кедей, өнерге бай,
Қойшыман көз құрты еді арулардың.

Тұрушы ед сол құрғырлар жанасып-ақ,
Жігіттің жақсы болса бағы ашылмақ.
Жас жігіт Мырза еліне Жалайырдың,
Жүретін келіп, кетіп, нағашылап.

Сұлумен Әлиладай сөз байласып,
Қосылып бірге кетер кезді ойласып.
Ақылды қыз бен жігіт қол алысты,
Таныған бірін-бірі жазбай басып.

Ақ жолын махаббаттың намыс басып,
Басынан қайғы бұлтын қағып тастап.
Малы жоқ айдап беріп қыз алатын,
Болды енді Әлиланы алып қашпақ.

Әлила мырза ішінде қошқар еді,
Мұнда да құрбы-құрдас, дос бар еді.
Жүрегі екі жастың бір соққан соң,
Амал не, тағдыр солай қосқан еді.

Жүретін жөн-жосығын танып көптен,
Ел-жұртқа әлденеше барып кеткен.
Қойшыман Іледегі атамекен -
Аққөлге Әлиланы алып кеткен.

Сендердің болды маған жәйің мәлім,
Дегендей орындалды ойымдағым.
Бір байдың беделі зор әйелі екен,
Сіңлісі шешесінің Қойшыманның.

Екен ол жапырағы саялы адам,
Ешкімнен қолдағысын аямаған.
Түсірген сол кісінің қолына әкеп,
Қойшыман сүйген жарын аялаған.

...Бір-аз жыл содан бері өтіп кетті,
Сумаңдап бір алапат жетіп кепті.
"Ашатұяқ қалмасын елде" деген,
Бір закон жоғарыдан бекіп кепті.

Қос қолдап қабырғадан қысқан ерді,
Бұл елге ашаршылық қыста келді.
Жіберді тентіретіп ой мен қырға,
Голощекин жіберген нұсқау елді.

Қара қарға қарқылдап ұшып-қонып,
Адамдар өліп жатты ісіп-кеуіп.
Жұрт қынадай қырылып бара жатты,
Қытымыр қыста қиын үсік болып.

Жылатып, қан қақсатып мынау елді,
Жын-шайтан жайлағандай құба белді.
"Іштен шыққан жау жаман" деген екен,
Құтырып "батырақтар" шыға келді.

Боп кетсе жамандықтың нарқы басым,
Жол таппай жан сақтауға шарқ ұрасың.
Өкіметке қарсылық етпек түгіл,
Жағыңды ашсаң жазаға тартыласың.

Әу баста жағдай мұндай емес еді,
Бір істі күткен еді ел еселі.
Халыққа неге мұнша қарсы тұрды,
Орнатам "жұмақ" деген Кеңес еді.

Сергелдеңде
немесе
Зинаш апайдың әңгімесі

Балалар, ұйып тыңда сендер мені,
Демеңдер бұл анамыз көрген нені.
Есімнен әлі күнге бір кеткен жоқ,
Отызыншы жылдардың сергелдеңі.

Ел босып, ойға - қырға тентіреді,
Босады күннен күнге ел тіреуі.
Анаменен баланың зарын естіп,
Көтеріп соның бәрін жер тұр еді.

Суық таң сұрғұлттанып атар еді,
Күні де күңгірттеніп батар еді.
Бүлініп бара жатқан қайран қазақ,
Даладан тышқан аулап, бақа жеді.

Бір үрей елдің ішін кезіп кетті,
Қармады қолын ажал созып көпті.
Аштықпенен ажалға шыдай алмай,
Әкеміз де өмірден озып кетті.

Шешемнің де көңілі жарым еді,
Жылай-жылай артында қалып еді.
Әкемнің иіскеп мені қоштасқаны,
Мазалап келе жатыр әлі мені.

Әке жоқ бар қиындық басқа төнді,
Өмір бізге көрінді тым қатерлі.
Аузын ашқан ажалға күнде қарап,
Енді менің етегім жасқа толды.

Жай бар ма, жасыл жайлау, жасанды ойлар,
Мазаны алды белсенді шошаңбайлар.
Дәм-тұзы бітіп ерте қайтыс болды,
Інілерім Ошақбай, Ошанбайлар.

Тағдырдың күйіп, піссе өтінде әркім,
Иығынан бір басар зілзала мұң.
Бірімізге біріміз пана болып,
Әлилә шешемменен жетім қалдым.

Торлады басымызды толайым мұң,
Келтірер жан сақтаудың орайын кім?
Жаныңды жаралаған жақыныңмен,
Қорлығы жаман екен ағайынның.

Секілді соғып өткен құм дауылы,
Ол дағы озбырлардың бір дәуірі.
Бар еді сол ауылда Ахан туыс,
Әкемнің немерелес бір бауыры.

Надандық мойныңдағы бойтұмардай,
Білмейтін алдағыны айқын аңдай.
Жалшылық пен құлдықтың дәмін татқан,
Сорлы еді тақыр кедей, тайқы маңдай.

Секілді жасық шөптің оталғаны,
Жақсы болды белсенді атанғаны.
Болған соң жесір қатын, жетім бала,
Күнде кеп сол туысқан қоқаңдады.

Айқайлап қамшы үйірді басынғандай,
Секілді шолақ өзен тасығандай.
Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят,
Кетеді деген бір сөз ашылғандай.

Айтқан сөз, еткен ісі қисық еді,
Озбырлық арнасымен түйсінеді.
"Қыз сатқан орташаның жесірі" деп,
Әлилә шешемізге тиіседі.

Болғанша бүйтіп жүріп күнде өлгендей,
Дегендей қуатым бар күн көргендей.
Бір күні шешем марқұм айбаттанды,
Болатын оны көрсе жын көргендей.

Көшеміз түнге қарай балаларым,
Осылай шешіп отыр аналарың.
Мықтыбек, Жақсылық пен Зинаш қызым,
Тәуекел алға сүйрер қара нарым.

Жатпаймыз үйді жығып, алып мүлік,
Бас салмасын әлгі "әлгі жын" бағып тұрып.
Кетеміз төркіндерім сол жақта ғой,
Кемеращы мекенін бағыт қылып.

"Кеудеден туыс атты, қас атпады",
Деді де алды шешем босап тағы.
Көз жасы тарам-тарам жылап отыр,
Жанған оттың жанында ошақтағы.

Кешіксең бітпей қалар бір ісің де,
Ертерек қолға алайық түн ішінде.
Байтал түгіл бас қайғы бұл заманда,
Алтының керек емес күмісің де.

Тігулі үй қала берсін санақта бар,
Әлі-ақ кеп Ахан "батырақ" оны ақтарар.
Қызым бұл төрт домалақ иірген жіп,
Алып ал бір кәдеге жарап қалар.

Ел босқанда болатын бұрындары,
Босағаға май жағып ырымдады.
Ошақтан қазан әкеп төңкерді де,
"Кеттік!" деді, тез болды мұның бәрі.

Сөйтіп, анам баз кешіп барлығынан,
Жолға түстік арты жар, алды қылаң.
Керегенің басына байлап кетті,
Ақ шүберек алды да сандығынан.

Баламын әрнәрсені білер ойлап,
Әлі жасқа келгем жоқ күлер ойнап.
Шешеміз Әлиләнің бастауымен,
Әйтеуір жүре бердік Іле бойлап.

Жол-жөнекей және Керімбек

Жол алыс, келе жаттық азып-тозып,
Қолымызға не түссе, азық болып.
Тағдырға амалсыздан мойынсындым,
Қыз болып жаралсам да нәзік болып.

Қайыршы, қаңғыбастар қалдық терген,
Біздерге қарамайды қаңғып келген.

Тасбақа, жылан, торғай бәрін жеген,
Адамнан қашар болған жәндік деген.

Жетіжал, Аяққара құмдарында,
Келеміз кездескендей бір дауылға.
Не күйде ол жақтағы нағашылар,
Білмейміз кімнің жоғы, кім барын да.

Талдықорған, Текелі жеріндегі,
Баяғы өсіп-өнген өңірдегі.
Тері-терсек қайнатып, жаужұмыр жеп,
Боп кеткен кісі киік көрінгені.

Жүрсек те аш тобырды көріп, танып,
Құдай сақтап ажалға жолықпадық.
Мінеки, Кемеращы деген жерге,
Әйтеуір, жеттік бір күн өліп-талып.

Байқаймыз бөтен жер мен бөтен ауыл,
Тірлігі бұлардың да екен ауыр.
Алдымыздан қарсы алды жылап-сықтап,
Керімбек шешемізге тете бауыр.

Болса да өзге жора-жосындары,
Қиын ба адамдардың қосылмағы.
Орыстың ортасы екен біз келген жер,
Малогоровка деген бір ауыл осындағы.

Секілді көлдің жүзген қасқалдағы,
Махаббат, ойын-сауық басты арманы.
Боп келген баяғыдан қайран қазақ,
Қырылып сала берді жас пен кәрі.

Өлместің күнін көру біздегі арман,
Секілді қысқа жеткен күздегі орман.

Мұндағы Малогоровка тұрғындары,
Картоп жинап, капуста тұздап алған.

Жер-анадан өнгеннің бәрі нәсіп,
Сол нәсіп мұндағы елдің бағын ашып.
Осылай қыстан шығып аман-есен,
Жыр еткен орыс-қазақ жамырасып.

Керімбектің ниеті

Тұтылғандай боп қалды көкте күні,
Қазақтың қайғыланып күллі елі.
Сұрқылтай күндер кешіп, қыс та бітті,
Жасарғандай Жер-ана көктемелі.

Жас болсам да бірдеме білетінмін,
Рас болды өтірік күлетіні.
Байқап жүргем көзінен Керімбектің,
Анама бірдеңе айтып жүретінін.

Сол жазда ел Қытайға қашты жаппай,
Сел қозғалса, тұра ма тасқын ақпай.
Ел іші дүрбелеңге толып кетті,
Жамырап жерден шыққан қос құлақтай.

Қарама маған апа қиғаштанып,
Жүрмейік отын теріп, қи, жапа алып.
Жақсылық, Мықтыбектер қала берсін,
Қытайға қашалық біз Зинашты алып.

Деп Керімбек шешемді үгіттепті,
Орнынан жақынырақ тұрып кепті.
Қытайда қыз пұл екен, енді өзің біл,
Мен отырмын сол жаққа бұрып бетті.

Ойы оның өртке қояр шақпақ екен,
Мені апарып біреуге сатпақ екен.
Қалың малды шешеммен бөліп алып,
Бір оқпен екі қоян атпақ екен.

Мұны естіп жер тепкілеп еңіредім,
Сорым қалың шығар-ау тегі менің.
"Нағашымның айтқаны мынау болса,
Анашым өлтіріп кет" мені дедім.

Басымнан сипап отыр Әлилә анам,
Әр істі басқа берер пәни ғалам.
Көшпеймін де, бермеймін сені ешкімге,
Бір аят оқиыншы кәлимадан.

Деп анам бетін сипап, жан-жағына,
Қарағыштап отырды таңда мына.
Мүмкін ол өз дұғасын оқыды ма,
Бағыштап әкеміздің аруағына.

Керімбек көшіп кетті былайғысын,
Айтып қайтем, ойласам жылайды ішім.
Қарсы еді ол бұ жақта да өкіметке,
Ол жақта опа табарын құдай білсін.

Сұлтан мен Зинаш

Жер кеңіп келе жатты жылынып күн,
Қысқарып бара жатты сырылып түн.
Әсем бір әнге басып шырылдаған,
Келеді құстардың да жырын ұққың.

Атырап маужырайды күн нұрымен,
Сәуірде ай оң жамбастан туды білем.

Күн қыздырса бұл жердің сай-саласын,
Құлпырады бейне бір гүлді кілем.

Тірі адам көреді ғой күнін дедік,
Қолды да, аяқты да тілімдедік.
Әлилә анам қасына ертіп алып,
Масақ теріп, қой жуа жұлып жедік.

Тәуба десіп қуандық өлмегенге,
Көрсетер тағдыр әр іс көрмегенге.
Кемеращы жерінің дәмін татып,
Суын іштік қаталап шөлдегенде.

Сонымен көктемге жеттік аман,
Естен кетпес кесепат өтті ғалам.
Жас басымнан жаныма жара салып,
Бұл өмір ғажап әсер етті маған.

Тоқтай ма алға қарай озбаса күн,
Ерте тұрып, уқалап көзді ашамын.
Кіші-гірім колхоздар ұйымдасты,
Кемеращы маңында жазғасалым.

Бытырап шашыраған сол күндері,
Аумақты ауыл болған бертіндегі.
Жаңа ұйысқан колхозға мүше болды,
Бір күні Әлилә анам Еркіндегі.

Ешкімнің кетпей жүрген қосағында,
Бірге өткізер тойын да асарын да.
Қойшыман әкемізге боп келетін,
Бар екен нағашылар осы ауылда.

Он бес пен он алтыға келген кезім,
Солқылдап қос бұрымым өрген кезім.

Мектепке берді мені нағашы елім,
Кешегі әкеміздің көрген көзін.

Бірін-бірі жақынсыз тапты ма адам,
Тексіз болса ырыс-құт дари ма одан?
Ал ішер ас тауып жүр аз да болса,
Колхозда жұмыс істеп Әлилә анам.

Қашанғы қайғы-мұңмен өмір өтпек,
Көктемде шалқығандай көңіл ептеп.
Қасымнан шықпай жүрді сұңғақ бойлы,
Сұлтан деген жас жігіт төңіректеп.

Байқаймын, сөз әлпеті келіскендей,
Жанымда ол жүргенде өріс кеңдей.
Сыралғы жан секілді сезіледі,
Жан сырын түсінісіп бөліскендей.

Алдымнан таңның нұры шашылғандай,
Кей сәтте қаным өрлеп тасығандай.
Көктемдегі гүлдердің бүршігіндей,
Бір сезім жүрегімде ашылғандай.

Кетіп жатыр бір күннен бір күн өтіп,
Жүректерде сырымыз жүрді бекіп.
Сұлтанның жанары от шашқандай,
Білегімнен ұстаса, дір-дір етіп.

Қойшы, қарғам, ұят-ты тоқталайын,
Асау сезім – жүйрікті ноқталайын.
Махаббатты шынайы ішке сақтап,
Мәңгі ғашық Сұлтанға боп қалайын.

Тоқтар кім сезім туса оттай ыстық,
Тәтті арманды аялап біз де құштық.

Екі жарты бір бүтін болайық деп,
Сол бір жазда Сұлтанмен қол алыстық.

Жинамай-ақ бар елдің өрі-қырын,
Өйтіп,бүйтіп жасадық той ырымын.
Сол бір жастық шағымды еске аламын,
Боп жатса қыз-жігіттің тойы бүгін.

Сұлтанның әскерге кетуі
және
депутат – Зинаш

Бас қосып Сұлтан, Зинаш сонымен,
Өмірдің жүріп жатты жолыменен.
Сұлтекең қамқор болып жас жарына,
Үйретті білмегенін жөніменен.

Оқуға Сұлтан өте құмар еді,
Кеш жатып, ертеменен тұрар еді.
Жайдары мінезі бар орнықты еді,
Екі айтпай айтқанында тұрар еді.

Кім білсін, алып жүрген ойға нені,
Мазалап алға бастар ойлар оны.
Зинаш та күйеуінің арқасында,
Жеті сынып бітіріп қойған еді.

Алға сүйрер Алла да мынау елді,
Адам керек жайнатар құба белді.
Көп өтпей жас келіншек комсомолға,
Білдей бір мүше болып шыға келді.

Ұмтылып әр нәрсеге білгісі кеп,
Жастардың жүрді Зинаш үлгісі боп,

Жыл еді мың тоғыз жүз отыз жеті,
Ауылда сайлау болды тұңғыш рет.

Өмірдің пісіп жүрген қайнауында,
Тағдырдың жүрген талай айдауында.
Ауылдың депутаты боп сайланды ол,
Советтің ең алғашқы сайлауында.

Жалынды жас қуатты, күшке мығым,
Қиындыққа жүргізіп үстемдігін.
Колхоздың әл-ауқатын көтеруге,
Көрсетті Зинаш келін іскерлігін.

Сұлтан да албырт еді, алғыр еді,
Секілді жүйрік аттың сал күреңі.
Оқуға құмар еді жас кезінен,
Талапты еді, талабың жанғыр еді.

Ел түзеліп, тұрмыс та жаңаланды,
Деп жүргенде көлік те тағаланды.
Сұм соғыс басталды да қырық бірде,
Қайғыға қалың елді қамап алды.

Өмір ғой бір тоқтамай көшкен ары,
Оқырман енді айтпасам кеш болады.
Дегендей сұқпат қылып кейінгіге,
Сол күнді Зинаш ана еске алады.

Сонда да алға сүйреп әр күн үміт,
Арманмен қарсы алушы ед таңды күліп.
Колхозға Сұлтан болған Бас бұғалтыр,
Жүретін бронменен қалдырылып.

Кім білсін, аман-есен жүрер ме еді,
Жігіттің намысы оны жібермеді.

Сұранып соғысқа өзі кетті бір күн,
Қатары да аз еді бұл елдегі.

Бұл күнде қала көрдім, дала көрдім,
Есімде мәңгі өшпестей қалады ол күн.
Екен ғой ол соңғы рет қоштасуым,
Айырылып сүйген жардан қала бердім.

Кеткені қырық бірдің қаңтары еді,
Сенбестей жас көңілім аң-таң еді.
Маусымда "қара қағаз" келді дағы,
Жастық шақтың қызығы тарқап еді.

Қатқан шер жүрегімде сияқты әнім,
Сол шерді тағдырыма жиі оқтадым.
Аман болып өссін деп тілеп жүрдім,
Сұлтаннан қалған ендігі тұяқтарым.

Рас қой содан ләззат алатының,
Анаға бермесе де бала тыным.
Сол жылы Махмұд келді дүниеге,
Мақсұтым екі жаста болатұғын.

Қайта айналып, өтіп жаз, өтіп көктем,
Алланың бір жарлығы жетіп көктен.
Артына біз секілді ұрпақ тастап,
Әлилә анам өмірден өтіп кеткен.

Ұл келіп Махмұд атты өмірге бұл,
Шыққандай жасыл жайлау, көңілге гүл.
Оның атын Нәрікбай атам қойған,
Жарқырап көңілінің көгінде нұр.

Оңай ма екі бірдей бала бағу,
Ауырлық әке менен анаға бұл.

Енем бар рәмәтілік Ғизатбану,
Тік тұрып сыйлайтұғын тәмам ауыл.

Алғысын алғандаймын көп кісінің,
Текті екен шыққан жері бұл кісінің.
Ойласам баға жетпес мың ділдәлік,
Көрсеткен әрбір істе үлгісінің.

Ешкімге сөйлемейтін батырып ол,
Жақсы болса кімді де жақыны дер.
Қызы екен ірі татар көпесінің,
Кісі екен айтары жоқ ақылы мол.

Қысқасы, қарады ол екі ұлымды,
Білмейтін ұрыспақ түгіл зекіруді.
Тұратын жанарынан жарықтықтың,
Төгіліп қамқорлықтың үні нұрлы.

Шырқар биік құстардың қанатындай,
Есімі де секілді ән атындай.
Ғизатбану жан еді бала десе,
Жүрегін жұлып бере салатындай.

Енем барда тұратын өмір күліп,
Кейде бір ән салар еді төгілдіріп.
Жырлаушы еді гармонын қолына алып,
Баршамызды өзіне еміндіріп.

Нәр – атам, Ғизат – енем мейірбанды,
Солармен өтетіндей тойым мәңгі.
Қайтейін бұндай жандар келмес енді,
Бәрі де өтіп кетті кейін қалды.

Шырағым, бұл апаңның көкірегі,
Қапа мен мұңға толып өкінеді.

Жылында мың тоғыз жүз қырық сегіз,
Көз тиіп, Махмұджаным шетінеді.

Секілді қамшы да ауыр арық атқа,
Түсуге әл қалмады барып отқа.
Енем – Ғизат, Мақсұт пен мен – үшеуміз,
Шошайып иесіз қалдық шаңырақта.

Мұңын жырлап өмірдің әр жылының,
Жылай тыңдап құстың да таңғы жырын.
Күндер өтіп, әйтеуір, өсті Мақсұт,
Енемнің көріп ыстық жан жылуын.

Зинаш – механизатор

Соғыстың зұлмат күні өтті бастан,
Оны да талай ақын етті дастан.
Шиыршық атып елдің рухы да,
Қайғылы қасірет пен кекке ұласқан.

Осылай ойнап қанда намыс, қайрат,
Ел-жұрт іске кірістік алысты ойлап.
Жас-кәрі, әйел-еркек екпіндеді,
Жіберердей кемесін ғарышқа айдап.

Еңбектен мүгедек те тыс қалмады,
Кірісті қиындықпен іске арналы.
Біртіндеп қайта қонып жатар енді,
Басынан бақытсыздың ұшқан бағы.

Зинаш та отырмады қарап бекер,
Кез келді алға ұмтылсаң санатқа өтер.

Механизатор боп келді алты ай оқып,
Әркімді жігер-қайрат талапты етер.

Отырды тракторға гүрілдетіп,
Қуырып жер апшысын дірілдетіп.
Даланың да ажары ашылды-ай кеп,
Күн дағы көзін көктен күлімдетіп.

Жер жыртып, егін екті Зинаш ару,
Ел үшін Еркін деген қимас ауыл.
Ем тапты еңбекпенен өткен күндер,
Ауыртып жан жарасын қината бір.

Бірлік пен берекенің сырын ұқпай,
Жүргендері оңай жол, жылымықтай.
Түсініп белін шешті барша халық,
Жұмылып ортақ іске жұмырықтай...

* * *

Өтті күндер, өтті ай, өтті жылдар,
Зинаш емес еңбегін елге бұлдар.
Мақсұты да тұғырлы тұлға болды,
Өсіріп ару қыздар, марқасқа ұлдар.

Жамағат, аналарды ұмытпаңдар,
"Ана – адамның асылы" деген сөз бар.
Білгендерің, ағайын, ықыласпен,
Қойшыманқызы Зинашқа дұға оқыңдар!
Әумин!

* * *

ҮШІНШІ ТАРАУ
немсе
ЕСТЕЛІКТЕР

Мақсұт Сұлтанұлы

АНАШЫМ - АЛТЫНЫМ МЕНІҢ

Әркімде бір-бір ана бар,
Анасыз адам болмайды.
Анадан туған даналар,
Ақындар соны толғайды.
Мен де бір ана көзімін,
Кейінгі ұрпақ жастарға,
Айтылмай қалған сөзімін.
(М.Әшірбекұлы)

Меніңше осынау жыр жолдарында ешқандай ағаттық жоқ. Бәрі орынды, бәрі қисынды айтылған. "Анасыз адам болмайды". Бәріміз де бір-бір анадан туғанбыз. "Мен де бір ана көзімін, кейінгі ұрпақ - жастарға, айтылмай қалған сөзімін". Дұп-дұрыс. Ендеше алтын анашымды еске алып, менің де естелік айтуымның жөні бар ғой.

Мен өткен ғасырдың қырқыншы жылы дүниеге келіп, сол ғасырдың елу сегізінші жылы орта мектепті бітірген ұрпақтың бірі болғандықтан, құлағыма құйылып, көңіліме ұялап қалған сөздердің сол кездегі Кеңес заманының кемеңгер жазушылары: М.Горький мен Ғ.Мүсіреповтер қатарлы ірі қаламгерлердің шығармаларынан екендігін айтпай өте алмаймын. Жадымызда жатталып, жүрегімізде қатталып, сол бір күндерден бері ұмытылмай келе жатқан мына сөзді есімдері

жаңа аталған екі жазушының алғашқысы: "Махаббатында шек жоқ, күллі әлемді ақ сүтімен асыраған Ана-әйелді құрметтейік те. Адам бойындағы, сондай-ақ дүниедегі әсемдіктің бәрі күн нұры мен ана сүтінен дарыған. Міне, біздің өмірге деген махаббатымыздың түп қазығы!" деп емірене айтса, екіншісі – Ғабең: "Мен Ана туралы толғана бергім келеді. Тарих – ана, табиғат – ана, адам – ана!" деп шаттанады.

Менің ұғымымда да жер бетіне үрім-бұтақ, қуаныш, бақыт сыйлағандар – Аналар, асыл Аналар! Аналар туралы жыр да көп, аңыз да аз емес. Солардың бірінің мазмұны былай: Алла-тағала Хауа-Ананы Адам-Ата жалғызсырамасын деп, оның өз қабырғасынан жаратыпты-мыс. Ойлап қарасақ, ойдан шығарылғандай бұл аңызда үлкен шындық бар секілді. Аттай тулап, атырылып, ыстық қанды басыңа теуіп, сезіміңді ойнатып тұратын талмас, тарлан жүрекке қабырғадан жақын не бар? Ол әрі қорған, әрі қалқан, кең тынысыңның аясы емес пе? Сондықтан да болар-ау, әр азамат жаны қысылса, жақынын іздеп, ең алдымен, "қабырғасымен" кеңесуге жүгіреді. Олай етпей, әсте ешбір ұлы істерге қадам баспайды. Егер осы аңыз рас болса, Алла-тағаланың құдіреті қандай десеңізші? Жалғыз тал қабырғадан Әйел-ана сынды сыры терең, сымбаты келісті ғажайып тіршілік иесін жасаған. Оның көрген көздің жауын алып, жан арбаған сұлулығы мен жанарынан жалын атқан ұшқынын, сиқырлы көзқарасы мен ұстамды мінезін, нәркестігі мен нәзіктігін, тіпті бар ма, адам баласының жан дүниесін лезде баурай алатын алуан түрлі әдемі қылықтарын қалай ойлап тапқан?

Қалай болғанда да, Алла-тағала Ананы айрықша етіп жаратқандығы ақиқат. Ана бейнебір созылған қолдар жете берместей, саясы мол бәйтерек дейтін болсақ, оның мыңғырған мың сан бұтақтары мен сыбдыр қаққан сансыз көкжасыл жапырақтарын өзі нәрлендіріп, өзі әрлендіріп тұрған үрім-бұтақтары деуіміз әбден лайық. Егер одан да тереңдей түсер болсақ, өмірдегі барша жақсылық атаулы "Ана" деп аталатын жалғыз ғана қасиетті сөздің аясынан шұғыла шашып, таралып жатқандай әсер береді. Жер шарындағы жер басып жүрген адамзат баласының ең қадірлі, ең ізгі, ең игі ниет-тілектері Ана жүрегіне, Ана махаббатына, Ананың өзіне теңеледі. Отанды да, Жерді де, АНА дейміз. Себебі, Отансыз, Жерсіз, Анасыз өмір сүру мүмкін емес. Ана мейірімі мәңгілік сарқылмас – бастаукөз. Шөліркеген перзенттері оған келіп, шөлдерін ғана басып қоймайды, бүткіл өміріне әл мен нәр боларлықтай күш-қуат, рухани жігер де алады.

Адамзат ұрпағын дүниеге келтіріп, оны түнгі ұйқысын төрт бөле жүріп, көзінің қарашығындай сақтап, оның бойына мейірім шуағын сіңіріп, "сенің табаныңа кірген шөгір, менің маңдайыма қадалсын" дейтін де аяулы, алтын Анамыз ғой. Кімнің болса да, анасыз рухы биік болмақ емес. Ат жалын тартып, азамат болып кеткеннің өзінде де саған ананың аялы алақаны, қалтқысыз қамқорлығы, жылы мейірімі сағыныш тудырады.

Қай кезде де ананың қадірі өзгеше. Рух-күші биік. Оның қаһарына, оның тегеуірініне төтеп берер қарсы күшті бұл жалғаннан табуыңыз екіталай. Бұл ретте "Ана алдында тас екеш қара тас та қақ айырылып, балқып, құз-жартас та

құлап түсіпті" деген аңыз бар. Аңыз түбі – ақиқат. Онда үлкен қисын, иланарлықтай негіз бар.

Бұл әлемнен анасын еске алмайтын, әсіресе, алтын анашы дүниеден қайтқан соң, оны сағынып, сағынбайтын пендені іздеп табу да қиын шығар деп ойлаймын. Сағыныш табына ұшыраған ондай жандар жүдә көп. Мен де солардың бірімін, жамиғат.

Міне, менің анам – Зейнепгүлсін-Зинаштың бұл дүниені тастап, о дүниеге ауғанына бір жыл толып, тоқтау, тоқырау дегенді білмейтін уақыт шіркін зымырап келеді. Анам үшін қолымнан келгеннің бәрін жасасам да, көңілім әлденеге алаңдайтын тәрізді. Ендеше туған-туыстарыма қосылып, мен де бір естелік айтып көрейінші деген ойға бекідім. Бәлкім, сонда ғана анама деген сағыныш табы басылар.

Біссимиллә-ир-рахман-ир рахим! Шынымды айтсам, менің шешем күйеуі соғыста қаза тапқан соң, еркектің орнына еркектей болып еңбек етті. Әрине, соғыстан кейін ондай тағдырдағы әйелдер аз болған жоқ. Солардың бірі ғой менің шешем. Соған орай менің үйдегі көрген тәрбием де, естіп өскен әңгімем де, барлығы әжем – Ғизатбануға байланысты болды.

Шешем өзінің бір айтқан әңгімесін былай бастаған. (Әкем Сұлтан 1942 жылы соғысқа аттанды да, көп ұзамай, сол жылы шейіт болып кетті ғой)

– Әкеңді есіме көп ала бермедім, күнім. Өйтер болсам, көңілім босап, қоңылтақсып, жүдеп кететінімді сездім. Сондықтан да өзіме-өзім бекемденіп, ендігі ойым да, мақсатым да сені

мен сенің артыңнан ерген Махмұдты өсіріп, жеткізу болды. Өкінішке орай, Махмұд бірақ көп өмір сүрмеді, жастай шетінеп кетті. Оны да "Алланың ісі ғой, менің қолымда не тұр?" деп, есіме алып, босаңси бермедім. Бар ойым – тұлпардан қалған жалғыз тұяқ сенің амандығыңды тілеп және менен басқа сүйенерлері жоқ, енем Ғизатбану мен атам Нәрікбай қарияны күтіп, бағу болды. Соғыс біздің елдің жеңісімен аяқталып, елуінші жылдардың ішіне кіре бергенімізде, атам – Нәрікбай дүниеден озып, отбасымызда енем – Ғизатбану, сен және мен болып, ошақтың үш бұтындай үш жесір-жетім қалдық. Менің әйелдікке салынып, әлсіздік танытуға, нәзіктенуге ешбір хақым жоқ еді. Қайта, белді бекем буып, қартайған қарт, соғыстан жарақаттарымен оралған мүгедектермен, артымыздан өсіп келе жатқан өзің секілді жасөспірімдердің ортасында, біріне келін-қарындас, біріне құрбы-замандас, енді біреулеріне апа-әпке болып, ұнжырғаны түсірмей, еңсені жоғары ұстауға тура келді. Мені бұған сол кездегі ел ішіндегі хал-ахуал, замана талабы мәжбүр етті.

Сонымен, жаздың аптап ыстығына да, қыстың қытымыр суығына да қарамай, тіпті уақытпен санаспай күні-түнімен "Бәрі де майдан үшін, бәрі де Отан үшін!" деп көппен бірге жұмыла, жұмыстың барлық саласына қоян-қолтық араластым. Жай ғана араласып қойғаным жоқ, қай жұмысты болмасын тиянақты, табысты етіп орындап отырдым.

Менің елге қосылып, еңіреген бір-ақ күнім есімде. Ол – 9 мамыр, Жеңіс күні. Жұрттың біразы, атың өшкір, соғыстың аяқталып, май-

данға аттанған ер-азаматтарымен аман-есен қауышқандарына қуанып жыласа, енді біразы – сол соғыста шейіт болып, елге оралмай қалған ерлерін, бауырларын, балаларын жоқтап жылады. Осы екі топтағылар жиыла келіп, Жеңіс күнінің жеткеніне біріге қуанып, қосылып жылады. Мен де сол топтың ішінде болдым. Көңіліме шемен болып қатқан қайғы-қасірет сол күні көзімнен көлкіген жас болып төгіліп, өзімді-өзім билей алмай кеттім. "Сұлтан-ау, Сұлтан!" деп дауыс сала жыладым. Олай етпей қайтейін, мен әкең – Сұлтанмен бар-жоғы жеті-ақ жыл ерлі-зайыптылық ғұмыр кешіп, жиырма үштен жиырма төртке аяқ басқан балғын жасымда жесір қалдым емес пе?

Құдай-ау, түсінген жанға жиырма төрт жас деген немене, бүршік атып, гүл жарып, уылжыған нағыз уыз шағым еді ғой! Бірақ, біз, сол жылдардың төлдері ұл-қыз демей, ерте есейдік, ержеттік, бой жеттік. Есейткен де, қатайтқан да, атың өшкір, қу соғыс қой. Құдай ондай қасіретті сендердің және сендердің балаларыңның бастарына түсіре көрмесін!

Шешем осылай қайырылған әңгімесін неше мәрте толқып отырып, әрең айтты. Жастық шағының жайраңдап емес, қайраңдап өткеніне өкінетіндігін білдіргісі келмей, өзін алай-түлей ұйтқыған сезім иірімдерінен аулақтата отырып баяндады.

Анық аңғарғаным, шешемнің жылауға да уақыты болмағанға ұқсайды. Бар ойлағаны – екі баласы мен ата-енесін асырау керектігінен туындаған. Ол үшін, әрине, тек қана еңбек ету керек еді.

Менде қазір өкініш көп. Соның біреуі – шешемнен әкем туралы, оның әскерге аттанғанға дейінгі өмірінен, жастық шағынан егжей-тегжейлі айтып беруін өтінсемші. Бірақ ұдайы солай етсем деп ойлайтынмын да, "Әй, қоя тұрайыншы, әзірге шешем бір жаққа қашып кете қоймас, әлі айтқызып үлгерермін" деп кейінге қалдыра беретінмін. Сонымның түзетілместей қате болғанын енді ғана біліп отырмын. Сап-сау, сайрап жүрген шешем аяқ асты ауырды да, сол ауруынан айыға алмай, сексен алтыдан сексен жетіге қарағанда мәңгілік сапарға аттанды да жүре берді. Пендешілікке салынып, әңгімелесуімізді кейінге қалдыра берген мен жазған санымды соғып, опық жеп қала бердім.

Менің ержетіп, есейіп қалған шағымда шешем екінші рет Жансейіт деген кісіге тұрмысқа шықты. Тұрмысқа шыққанда, Жансейітті таңдап, тауып, шешем үйде жоқ, дала жұмысында жүрген кезде жалғызбасты Жансейітті үйге кіргізіп алған әжем – Ғизатбану. Шешем алғашқыда көнбей, ат-тонын ала қашқанымен, әжем болмай, өзінің енелік хұқын пайдалана отырып, ақыры көндірген.

Шынын айту керек, сол әкем аса қызғаншақ болып шықты. Шешемді, тіпті, күннің көзінен де қызғанғандай күйде жүрді. Кім білсін, бәлкім, бұл оның менің шешемді құлай сүйген селкеусіз сүйіспеншілігі мен мөлдір махаббатынан шығар. Мүмкін, төңірегін түгелдей жау санайтын көңіл көгінің тарлығынан шығар, оны ашып-айырып айту маған қиын. Бірақ, әйтеуір, шешемді қызғыштай қорып, көрінген көк аттыдан қатты қызғанатындығы рас еді. Сол қызғаныш оған өмірдің ащы дәмін де татырды. Ауылымыздағы бір аза-

матпен қызыл шеке болып төбелесіп, сонау Якутияға жер аударылып кетті. Ол мерзімін өтеп, қайтып келген соң, шешемнен жалынып-жалпайып, кешірім сұрап:

– Менікі қателік, ақымақшылық болған екен, Зинаш. Ендігәрі олай етпеске, марқұм әкешешемнің аруақтары алдында ант етемін, - деген соң, адам баласынан жақсылықтан басқа жамандық күтпейтін қайран шешем, ел алдында қайта қосылған.

Содан Жансейіт әкем шаруашылықтан бір отар қой алып, малға шығып кеткен. Сол кезде біздің ұжымшар (колхоз) облыс орталығының түбінде тұрғандықтан қала тұрғындарын көкөніс және сүт өнімдерімен қамтамасыз етуге тиісті шаруашылықтардың біріне айналды да, қойларының бәрін көршілес "Ағой" деген кеңшарға (совхозға) өткізген еді. Біздің шопандар отарларымен бірге кетті. Ол шаруашылықтың қысқы қыстаулары Талдықорғаннан жүз шақырымнан астам жердегі Үшкөл деп аталатын құм қойнауында болатын да, жазғы жайлаулары біздің Еркін ауылынан аса алыс емес, табиғаты кереметтей сұлу Қора деген жерде еді.

Сол жылдың көктемінде мен сегізінші сыныпты тәмамдап, тоғызыншы сыныпқа өткенмін. Әжемнен рұқсат алдым да, малшыларға тұз, ұн алып жүргелі тұрған жүк машинасымен әкешешеме яғни жасыл жайлауға асыға тартқанмын. Асықпай қайтейін, жаз келіп, ел жайлауға көшсе болды, елдегі қызғалдақ қыздар мен қаракөз қарындастар, тал шыбықтай бұралған жас келіндер мен әзілқой жеңгейлер, мейірімді аналар ауыл-ауылға сыймай кететін еді.

Өмірдің мәні де, сәні де жұбымен жүрген ғой. Бозбалаларға әдемі ару қыздар, жайсаң жігіттерге жақсы жар да басына бұлт оратылып, баурайына ел қонған осынау жасыл жайлау төрінен кездесіп те жататын. Үйленуіме ерте болғанымен, менің де бала қиялдарым қияндарға шарықтап кететін еді. Оның үстіне жазғы жайлау маусымы белгілі ғой, малшылар қауымы түгелдей орнығып бола салысымен, әр апта сайын не ана ауылда, не мына ауылда ұлан-асыр той басталатын да кететін. "Той дегенде қу бас домалапты" демей ме, қазақ атам. Ондайда маңайындаңғылардан ешкім қалмай, тірі жан, тісті бақалардың бәрі солай қарай тартатын.

Жайлауға келгелі бері біраз күн қымыз ішіп, атқа шауып, әуектеп қалған кезім еді. "Іздегенге сұраған" дегендей, көрші ауылда бір шопанның қыз ұзату тойы хабарлана қалған. Жансейіт әкемді мен "аға" дейтінмін. Ол кісінің бір жақсы әдеті – жүрісті атты жанындай жақсы көретін. Сондай сәйгүліктің бірі қолына түскелі бері ол масаттанып та жүретін. Той хабары естілгелі бері менің елегізіп жүргенімді сезді-ау деймін. Тойға бір күн қалғанда, мені жанына шақырып алып:

– Мақсұтжан, тоғызыншыға өтіп, сен де есейіп қалдың ғой. Шешеңмен бірге тойға сен де барып қайт. Ауыл-ауылдан келген құрбыларыңды көріп, сейіліп те қаларсың. Мына көк дөнен аман болса, "Қыз қуарға" да, "Теңге ілуге" әбден мәш. Меселіңді қайтармайды. Ештеңеден тартынба, қалай шапсаң, олай шап. Тек "Көкпарға" жолама. Барып қайт, айналайын. Қойды өзім өрістетемін, - деген, ағалық әрі әкелік қамқорлықпен.

Біз шешеміз екеуіміз ертесіне қуана-қуана тойға тартқанбыз. Несін айтасыз, астыңдағы мінген атың атырылып, жүйткіп тұрса, мерейің қалай өспесін, көңілің қалай тасымасын? Жасыл жайлаудың мың түрлі құнарлы шөбі мен мөлдір суын қанып ішіп, қаны толысқан сәйгүліктің жер танабын қуырған жүрісі қандай, шіркін?! Күйлі де дыйлы болғандықтан, оқтын-оқтын оқыранып, осқырынып, пысқырынып, жер-су басқысы келмегендей, ауыздығын қарш-қарш шайнап, тізгінді жұлқа тартады. Ағынан жарылайыншы, жетімсіздікті көп көріп, жетім өскендіктен мен ауылда жүрсем де атқа жиі мінбейтінмін. Ат деген шіркінді тіпті, "шолақетектердің" бәрі міне бермейтін. Ал біз үшін ол тіпті қол жетпес арман, аспандағы Ай мен жұлдыздардай қиял дүниесі еді ғой онда. Бір рет, бір күн болса да төбемді көкке жеткізгендей болған Жансейіт әкеме ішімнен мың мәрте алғысымды жаудырып, тойға келген өзім қатарлы ұл-қыздардың арасында бейнелеп айтсам, "құйрықты жұлдыздай" құйындаттым да жүрдім. Бірақ дардай-дардай алпауыт жігіттер тұрғанда бізге "Қыз қуар", "Теңге ілу" қайда, кілең жасөспірімдер үлкендерден шеттеп, өзара жарысып, біріміз біріміздің бас киімімізді ала қашып, жорға мінген қыздарды айналақтай шауып, күннің ұясына қонып бара жатқанын да сезбей қалыппын.

Мені сыртымнан көздеп, "құмарын қандырып, ойнасыншы" деген болу керек, шешем де мені шақыра қоймаған соң, біраз балалар көкпаршылардың соңынан да салпақтап, қызықтағанбыз. Несін айтасыз, сол күні өзгеше бір демал-

ғанмын. Біздер үшін ол күннің қызығы жеткілікті-ақ болды.

Қойшы, ақыры шешеміз екеуіміз үйге кештеу оралғанбыз. Көңілімнің көк дөнендей жүйткіп, үйге жеткенімді қайтейін. Малын өрістен ерте қайырған әкей "сендер тойлап жүргенде, мен қаламын ба?" деген болуы керек, көк сандықтың түбіндегі бір шөлмек арақты бір өзі ішіп, әбден "қызып" отыр екен. Біз табалдырықтан аттай бергеннен-ақ шешемді әке-шеше, ата-баба, түп-тұқиянынан түк қалдырмай боқтап, дүрсе қоя берді. Онан соң бағжия қарап:

– Мен сендерге ертерек қайтыңдар демедім бе? Той десе, осы сенің-ақ сайтаның көтеріліп тұрады екен. Тағы қай таныс-тамырыңды көріп, көңіліңді көлдей тасытып қайттың? – деп тұрды да, шапалақпен салып кеп жіберді. Оны күтпеген шешем мұрттай ұшты. Енді ол тепкілей бастады. Мен араша түскеніммен, оны тоқтатуға әлім жетпеді.

Жансейіт әкемнің бір жаман ғадеті – ішіп алып, ұрыс-керіс шығара қалса болды, дереу қолына пышақ алатын. Ызақорлығы сонша, оны қарсыласына дарытып үлгере алмаса, жанындағы таяу тұрған киім, бұйым, арқан, жіптерді тырап, қиып тастайтын. Қолына ештеңе ілінбей қалса, отыра қалып, қара жерді тілгілей бастайтын. Қайдан ала қойғанын білмеймін, енді бір қарасам, ол оң қолына үйдегі жез мойын, қара пышақты қыса ұстап алыпты.

Шешем жан дәрмен орнынан ұшып тұрып, далаға ата жөнелді. Тыста қас қарайып, көз байланып, қараңғылық меңдеп қалған шақ еді. Жан ұшыра безген шешем тастай қараңғыға сүңгіді

де кетті. Жерге аспан көгіндегі жұлдыздардың ғана өлеусіреген жарық сәулелері түсіп тұр. Тысқа әкем де жүгіре шығып, мамаағашқа қарады. Ойы аттардың бірі тұрса, міне салып, тұра қумақ. Бір жақсысы мен аттардың ер-тоқымдарын алып, әлдеқашан отқа қоя беріп үлгергенмін. Екі көзім шешем кеткен жақта. Жарықтық, жазғы жайлаудың тұнық, таза ауасымен аяқ-қолы жерге тимей, ұшып бара жатқандай қарауытады. Қуанғаным, әйтеуір, көп таяқ жеп үлгермей, пышақтан аман кетті. "Ашулының алдында тұрма" дегендей, қашқаның көрім болды-ау, шешетайым. Қай ауылға барсаң да, жығылып, сүрініп, мертікпей, аман барсаң етті. Жол-жөнекей аш қасқыр, аю, шиебөрі, мәлін кездеспесе екен саған.

Асылым, анашым-ай, мен бейбақ әлі де саған қорған болуға, қорғай алуға жете қоймаппын-ау. Көз алдымда тілдетіп, көз алдымда шапалақ жегізіп, тепкіге түсіріп, қорлатып алдым-ау. Саған тиген шапалақ пен тепкіні өзіме қабылдасам етті. Не деген қоян жүрек қорқақ, жігерсіз, ынжық едім соншама? Денеңе дақ түсіріп, жаныңды жарақаттаған Жансейіттен ғана емес, кішкентай да болса, шырқыраған шыбын жаныңа пана бола алмаған маған ренжіп, "мұндай баладан не үміт, не қайыр" деп, қасында қауқиып тұрғаннан басқа түк бітіре алмаған менен де безбеді ме екенсің, анашым. Жоқ, бүйтіп, сен төзген қорлыққа куә болғанымша, дала жыртқыштарына мен жем болып, көзімді құртайын!" дедім дағы, тас қараңғыға тастай батып, үйден мен де безіп жөнелдім.

Ашуға басып, аюандық қылық көрсеткен Жансейіт әкемнің:

– Мақсұт, Мақсұт, сен қайда барасың? – деп шақырғанына қайырылып та қарамастан, ауылымыздың шығыс бетіндегі шыңның орта беліндегі бір жартастың қуысына барып тығылдым. Жаңбыр да құйып берді. Абырой болғанда мен киімімнен су өткізбей тұрып, тасаланып үлгеріп едім. Түнімен көз ілмей, сол қуыста отырып, таңды атырдым. Осылай қарай кеткендігімді көргендіктен бе, таңертеңгіліктен түске дейін қойын осы жаққа өргізген Жансейіт әкем менің атымды атап, жағы сембей, ұдайы шақырумен болды. Ара-тұра:

– Мақсұтжан-ау, кеш мендей ақымақты. "Қызулықпен" сенің көз алдыңда еш кінәсі жоқ шешеңе сынғыр қолымды көтеріп, иттік жасаппын. Айналдым, ендігәрі олай етсем, атымды басқа қой. Шықшы, күнім, шыңнан. Мен саған ештеңе дегенім жоқ қой. "Бөріктінің намысы бір" демей ме, сен де еркек тананың басысың, мені шешеңнің аяғына өзің жығып, бір жолға кешірім әпер. Сенен басқа маған тірек қайда? – деп тұрып зарлап, дауыстап, жылады да.

Мен бірақ жартастың қуысынан көпке дейін шықпай қойдым. Имандай шындығымды айтсам, менің сол сәттегі ойран болған ойым өте бұзық еді. Ыңғайлы сәт туа қалса болды, үйге жасырынып барып, кереге басында ілулі тұрған мылтықты ұрлап алып, Жансейіт әкемді өз қолыммен атып тастағым келді. Сол ойменен түс ауа бере қойтас-қойтастың, жалпыйып жатқан мәңгі жасыл аршалардың ара-арасымен үйге жетсем, жылаудан бет-аузы домбығып, ісіңкіреген шешем және көрші ауылдың біріндегі Нақысбек деген шешемнің нағашысы отыр екен. Екеуінің

де қабақтарынан қар жауғандай түстері суық. Ызғар шашады. Қайта мені көріп, сәл ғана селт етіп, серпілгендей болды.

Үй белдеуіндегі байлаулы тұрған бөтен атты көрген-ау деймін, бір кезде тепеңдей шауып, Жансейіт әкем де жетті. Жетті де атынан сыпырылып түсіп, басындағы тымағын Нақысбек көкемнің алдына атып ұрды да, шешемді құшақтап, еңкілдеп қоя берді.

– Кеш, жаным, мендей ақылын ат тепкен ақымағыңды. Балам, Мақсұтжаннан да кешірім сұраймын?! – деп шешемнің бетінен, етегінен сүйіп жатыр.

Нақысбек көкем өз төңірегіне беделді, ешкім бетіне қарамайтын, айбарлы адам еді. Қамшысының өрімін жаза ұстап, ақырып қалды.

– Тұр былай тексіз неме. Кешірімді мен сағаң олай емес, былай сұратайын! – деп қамшысымен ту сыртынан тартып-тартып жіберді.

Жансейіт әкем қыңқ етіп, ләм деген жоқ. Еш қарсылықсыз басын күпәйкесінің жеңімен қорғыштап, ыға берді.

Нақысбек көкем одан әрмен күшейіп, үдей түсті.

– Сен, немене, жесір әйел, жетім балаға ие болдым, білгенімді қыламын деп көкиіп жүрмісің? Майдан төрінде шейіт болған жауынгердің отбасын ойрандағаныңды орталыққа барып хабарласам, күніңнің не боларын, сонда білерсің? Якутияға бір барып қайтқан нақұрыс едің, енді мен сені "ит жеккеннен" бір-ақ шығарайын!

Жансейіт әкейдің тарапынан бірде-бір қарсы сөз, қарсы әрекет болмады.

– Жонымнан таспа тілесіз бе, жоқ басымды кесіп аласыз ба, билік өзіңізде, ағатайым, Мен пақырыңда қарсылық жоқ. Кінәлімін, кінәмді мойныммен көтеремін! – деп Нақысбек көкеме жотасын тосып, қорбия берді. Осы сәтте "кегі" қайтқандай болған шешем:

– Әй, Жансейіт, еркек басыңмен етігімді жалай бермей, тұр былай. Мына сөздерің рас болса, мен кештім. Тез барып, ана кебелердің бірін әкеп сой дағы, нағашымның батасын алып қал. Мен үшін ренжіп келіп, ренжіп қайтпасын! – деп төрелік шешімді өзі айтты. Шешемнің бұл сөзі заматында орындалды.

Сөйтіп, шешемнің нағашысы Нақысбек қария әкешешемді татуластырып, кеш түсе ауылына қайтты.

Мен көпке дейін әкейдің сол бір аюандық қылығынан айыға алмай, ауырғандай болып жүрдім. Осы уақиғадан үш жыл өтіп, төртінші жыл басталғанда Жансейіт әкей "қызу" күйінде аттан құлап, өз ажалынан жан тәсілім етті. Мен оның өзі баптап жүретін мақтаулы атын қонақасына сойдырып, өз қаражатыма басына қызыл кірпіштен мазар тұрғыздым. Достары түгіл қастарына да кешірімді қайран шешем менің бұл тірлігіме дән ризалана қуанып:

– Алтыным, Мақсұтжаным, жақсылық жасап жүрсең, жаман болмайсың, күнім. "Таспен атқанды аспен ат" дейді аталарымыз. Оның үстіне дүниеден озған адамды ешбір қазақ жаман деп айтпайды. Марқұм, Жансейіттің "қызып" алған сәттеріндегі қызғаншақтығы болмаса, жаратылысы жаман емес еді ғой.

Азды-көпті сенің азамат болып қалыптасуыңа да еңбегін сіңірді. Табысын да аямады. Мына

сауапты ісіңе ел риза болып жатыр. Иншалла, жаман болмассың. Енді құдай риза болғай, Жансейіттің аруағы риза болғай деп тілелік. Алдың ашық, абыройың биік, мәртебең өссін, балам! – деп құшырлана бетімнен сүйіп едің-ау, анашым – алтыным менің!

Одан бері де талай жылдар өтті. Мен қызметтен қызметке ауыстым. Үйлендім. Балаларым өсті. Марқұм шешем немерелерінің ішінен, әсіресе Ләззатты ерекше көрді. Себебі, жұбайым – Қасия кезінде Киров атанған ауданда (қазіргі Көксу ауданы) тұрғанымызда, аудандық комсомол комитетіне қызметке ілініп қалды да, Ләззатты алты айлығында-ақ суалтып, ол шешемнің қызы болып өсті. Тіпті, Қасияны "анам" дегізбей, "Қасия" деп ататып өсірді.

Ләззат та менің шешемді яғни әжесін айрықша аймалап бойжетті. Шешемнің ауруы ауырлап, жүріп-тұрудан қала бастаған кездегі, оның сіңірген еңбегін айтсаңыз. Тәулік бойы әжесінің жанынан шықпай, тырнағын алып, шашын тарап, беті-қолын жуындырып, киіндіріп, тамақ, сусын беріп, ренжімей жүріп күтіп, бақты ғой. Өзі кіп-кішкентай бола тұра, шешемді шешіндіріп, суға түсіріп, екі бүйіріне алма-кезек аударып, етпетінен немесе шалқасынан жатқызып, тыным таппады-ау, айналайын. Сірә, анасындай болып кеткен ақ әжесінің алдындағы немерелік парызын өтеп қалуға белін бекем буды-ау деймін, әйтеуір, қолынан келген тірлігін күннен күнге нашарлап бара жатқан менің шешемнен аямады ғой. Ойласам, менің алтын шешем өзінің жазылмас "жаман" ауруға ұшырағанын және одан айықпайтынын өзі дүниеден өтерінен

бір жарым жыл бұрын-ақ сезген тәрізді. Бірақ біздің мазаланбауымызды, жұмысымыздан қалып, алаңдамауымызды ойлап, тіс жармағанға ұқсайды. Өйткені, қайтыс боларынан бір жарым жыл бұрын мені жанына шақырып алып:

– Мақсұтжан, мен көптен бері елге шықпай, ішпысты болып барамын ғой. Біраз күн ағайын-туыстарымызды, төркінімді, абысын-ажын, артымдағы іні-сіңлілерімді аралап, амандасып, аунап-қунап қайтайын, жағдайың келсе, маған машина тауып бер, - деді.

Бұғанға дейін өзіміз қолқалап, "Апа, бәленнің баласы үйленіп, келін түсіргелі жатқан көрінеді" немесе "қызын ұзататын көрінеді", "бәленнің мүшелтойы екен", "түгеннің келіні босаныпты" деген сияқты қуанышты хабарларды өзіміз айтып, аяқ-қолын жерге тигізбей, алып жүретінбіз. Ал ол кісі еш қарсылық айтпастан, "шақырмаған жерге барма, шақырған жерден қалма" деген деп, шырттай киініп ап, бізге білдірмей тиынтебен, сыйлық, тартуларын буып-түйіп, әменде дайын тұрар еді.

Ал сол жолы өзі өтініш білдіріп, бізсіз ел аралап қайтқысы келді. Мен көп ойланғаным да жоқ және "неге бүйттіңіз" демедім де, Фархат деген әрі көмекшім, әрі машина жүргізушімді шақырып алдым да:

– Шешемді айтқан жерінің бәріне апарып кел. Айлап жүрсе де асықтырма. Көңілін көншітіп, тыныштандырып қайтсын, - дедім.

Фархат өзі бір қағілез, айтқанды екі етпейтін елгезек жігіт еді.

– Айтсаңыз болды ғой, аға! – деді де, шешем екеуі алдымен Алматы облысының Балқаш ауда-

нындағы Тойшыбек, Ғабдул деген бауырларының балаларынан бастап, көзі тірі деген төркіндерін түгелдей аралап, бір апта жүріп қайтты. Одан соң Талдықорғанның түбіндегі өз ауылымызға тартып, ондағы абысын-ажын, қайны-қайнаға, қайын сіңлілерін, өзі құралпы көзкөргендерімен кездесіп, қона жатып, артынша Үштөбе қаласындағы өзінің әпкесі – Бибіғайшадан туған немере сіңлісі, "Батыр ана" - Жұмагүлдің үйі мен оның балаларының үйлерінде бір апта жатып, ұзын-ырғасы жиырма күннің шамасында көңіліне түйіп жүрген ұлы бір істі тындырғандай болып оралды.

– Айналайын, кәрілік құрғыр, күннен күнге, жылдан жылға әл-қуатты ала береді екен ғой. Енді бірер жылда қарға адым жер мұң болып қалар ма еді, қайтер еді. Көсегең көгеріп, абырой-мәртебең өсе берсін, балам. Жанымды қиналтпай, алыс-жақындағы барша діттеген жеріме барып қайттым, құлыным. Тәуба, бұған жеткендер де бар, жетпегендер де бар. Менің сергіп, сейіліп қайтуым, барша төркін, ағайын-туыстарымыздың алдында мерейімнің өсіп, көңілімнің көтеріліп қайтуы сенің арқаң, алтыным.

Құдай жалғыз, сен жалғыз едің. Жаратушы Алла ықыласына бөлеп, жарылқап отыр. Кең пейіл, кең көңілділігіңнен тайма, балам. Алла-тағала сонда ғана саған да риза болады. Мен ризамын, күнім! – деп шешем шешіле бір сөйлеген еді.

Мына пендешілікті қойсаңызшы, "шешем неге мұнша еміреніп кетті?" деген сауал қаперіме келмепті сонда.

– Апа, құдайға шүкір, жағдай бар ғой, қандай да ойыңыз болса, "мыналарға ауырлық ет-

пей ме?" деп тартынбаңыз. Қажет десеңіз, келініңіз Қасиет те бірге барады, мен де ілесіп жүремін. Кішкене тыныгып алыңыз, содан соң көктем шыға Түркістандағы Арыстан баб, Қожа-Ахмет Яссауи бабаларымыздың басына құдағыңыз – Бәтима апай екеуіңізді де апарамыз.

Ал өзіміздің аталарымыз: Ескелді, Балпық, Жолбарыс, Айту, Қабылиса-Қабан жырау әулиелердің басына бірге барып, тағзым етеміз, - деп қолымнан тағы нелер келетінін тізбелеп кеткенмін. Бір жақсысы – сол айтқандарымның бәрін де орындағаныма бұл күндері мен өзіме-өзім ризалық сезіммен қарайтын болдым.

Е, Алла, қашанда берген абыройыңнан ажырата көрме мені!

Анашым, алтыным менің, соңғы жылдары көпшілік болып жинала қалған жерлерімізде мені мен Қасияға естірте:

– Айналайын, балаларым менің. Барды бар, жақсыны жақсы деп отыру парыз. Менде қалып бара жатқан арман жоқ деуге болады. Әсіресе, соңғы отыз жыл ішіндегі өмірім бейнебір курорттарда жүргендей боп өтіп, жалғасып келеді. Бұл кімнің арқасы? Бірінші – Құдай-тағаланың, одан соң Мақсұтым мен келінім – Қасияның арқасы. Алла бұларды маған адалынан беріп, мені әлпештетіп қойды ғой. Бұрынғылар "Атаңа не жасасаң, алдыңа сол келеді" дейді екен, кезінде мен де әлімнің келгенінше атам – Нәрікбай мен енем – Ғизатбануды күтіп, бағып, сыйлап едім, енді міне, мына балаларым мені бастарына көтеріп, құрметтеп отыр. "Дүние кезек" дейді ғой, болашақта бұларды өздерінің ұл-қыздары жақсылап күткей. Бұл – менің үлкен бір игі тілегім!

Менде енді бір-ақ арман бар. Маған осылай мол ғып, ризық, нәсіп беріп, "Мақсұттың шешесі", "Бас прокурордың анасы", "Жоғарғы сот төрағасының анасы" деп асқақтата абырой берген Алла-тағала осы балам мен келінімнің алдында, немерелерімнің алдында алса болды, - деп әр кез, әр кез айтып отыратын еді.

Аллаға шүкір, анамның бұл тілегі де қабыл болды-ау деймін. Жора-жолдас, дос-жарандарымның арқасында жақсы ғып шығарып салдық. Салт-дәстүр, ұлттық рәсімдерден ештеңемізді аямадық.

Мен анамның дүниеден өтерін қайтыс боларынан бірер ай бұрын анық білдім. Оны маған дәрігерлік сараптама жүргізген Астанадағы дәрігерлік орталықтың бір хирургі мен өзімізге таныс терапевті – Махаббат деген дәрігеріміз жеткізді.

– Енді ем-дом болса, онкологтар ғана айта алады. Сізге сырқат сыры мен оның жай-жағдайын айту бізге, әрине, оңай болып тұрған жоқ. Бірақ жасырып бола ма, мына УЗИ (ультра дыбысты зерттеу тәсілі) мен рентгендік түсірілім өңеш жолының қатерлі ісікпен жартылай бекітіліп бара жатқанын көрсетіп тұр, - деп маған оның суретін қолыма ұстатып, көзіме көрсетті.

– Енді қанша ғұмыры қалды, айтсаңыздаршы? – дей бергенімде, көзімнен ыстық жастың қалай ытқып кеткенін сезбей де қалдым. Даусым да бұзылып кетті.

– Біз не дейміз, Мақа. Дәл айту қиын, әрине. Шамамен, әйтеуір, бір жарым-екі айдан аса қоймас деп шамалауға болады. Тек болар іске бо-

латтай берік болғаныңыз жөн! – деп дәрігерлер ештеңені жасырмады.

Үйге келген бойда естіген-білгенімді айтып едім, Қасия:

– Тура келген ажалға дәрігерлер де дәрменсіз болғаны ғой, - деп біраз жылап алды.

Естіген-білгенімізді шешемізге біз айтпадық. Өзінің сезінген, түйсінгенін ол кісі бізге айтпады. Бұл жөнінен екі жағымыз да аузымызға қақпақ қойдық.

Біздің айтарымыз бір мағыналы жұбату сөз.

– Жазылмайтын ауру жоқ, апа, әлі-ақ құлантаза айығып кетесіз. Емге жарайтын жер шарының бір түкпірінде дәрі бар дейтін болса, оны біз табамыз. Алдырамыз. Шүкір, анадағыдан анағұрлым тәуір болып қалғандығыңыз байқалады, - деп амалсыз көңіл жықпастықтан аспаймыз.

Анамыздың айтары:

– Мені бұдан былай емханаға сүйреп, әуре болмаңдар. Дәрі тапсаңдар, үйде жатып-ақ ішермін. Қаншама ғұмырымның қалғаны бір Аллаға аян. Мен бәріне де көнген адаммын. Енді сендер аман болыңдар. Қатты айтып, қабақтарыңа кірбің түсірген болсам, кешіріңдер. Менің сендерден көргенім жақсылық қана. Бәріне рақмет. Бақытты болыңдар, құлындарым! – деп ақ тілегін білдіреді.

Мұндай сәттерде жасырған шындығымыз бен ана тілегін салғастырамыз да, еріксіз елжіреміз, езілеміз. Теріс айнала беріп, көзімізге көлкіп келіп қалған мөлдір тамшыларды шешемізге көрсетпей сығып-сығып аламыз.

Қасия екеуміз бірде балалардан оңашаланып:

– Анамыздың қалған ғұмырын қандай алданыштармен өткізсек, - деп ақылдастық. Қабылдаған шараларымыздың басын үйленем деп жүрген немересі, біздің кенжеміз – Қанат пен жас келініміздің тойынан бастадық. Мұны естігенде анамыз:

– Е, мыналарың жақсы екен, - деп бір сергіп қалды. Той дастарқанының басында қалқыйып өзі отырды. Бұл – 2005 жылдың 22 ақпаны болатын. Бұдан соң 8 наурыз күні өзінің туған күнін атап өтуді Астанадағы үлкен бір мейрамханаға ұйымдастырдық. Қошемет дегенді қатты ұнататын шешеміз бұдан кейін де күлге аунап тұрған феномен-феникс секілді тағы біраз уақыт гүлдей жайнап қалды.

Бұдан кейін немере-шөберелерін әр күн сайын біздің үйге жинап, өлең айтқызып, би билетіп, әжелерінің көз алдында әртүрлі ойындармен жарыстырып жүрдік. Бұл шарамыз да шешеміздің көңілін ауруынан басқа жаққа аударып, айтарлықтай сергітіп отырды. Тіпті, кейбір күндердегі көңілденетіні соншалық, жаңылтпаш, жұмбақтарды өзі айтып, шөберелерінің тапқырлық көрсеткендерін мәндайларынан сипап, сыйлықтарын өзі беріп отырды.

Немерелерінің өзін төреші ғып қойып, өзара ойын бастаулары – шешемізге қатты ұнап, әрбір ойыннан ләззат тауып, рақаттанды.

Онан соң сол – 2005 жылдың наурыз айының 30 күні сағат 10-да өзім басшылық ететін Қазақ гуманитарлық-заң университетінің Акт залында менің 65 жасқа толуыма орай оқу орнымыздың ғылыми Кеңесі өтті. Өзінің сырқаттанып жүргеніне қарамастан, сол мәжіліске ше-

шем де келді. Мен ішімнен: "шешем мәжілістің бас жағында шамалы ғана отырады да, үйге қайтып кетеді ғой" деп ойлағанмын. Жоқ, жарықтық, үш жарым сағатқа созылған мәжілістің басынан аяғына дейін тапжылжымады. Жай ғана отырып қойған жоқ. Баяндама жасаған академик М.Балмахановтың әрбір сөзін мұқият тыңдап, ризаланып отырды. Сахна төріндегі үстел басында отырғаныммен, екі көзім залдағы шешемде. Байқаймын, шешем, әсіресе мәжіліс барысында хабарланып отырған құттықтау хаттар мен жеделхаттардың мәтіндеріне, қай елдерден келіп жатқанына құлағын түріп, баса мән беруде. "АҚШ-тан, Жапониядан, Лондон, Париж, Мәскеу, Санкт-Петербургтен" деген сөздерді естігенде ақ жүзі гүл-гүл жайнап, күлімдеп, еңсесін тіктеп, көтеріле түседі. Күбірлейді. "Сірә, тәуба деп отырсың-ау, шешетайым" деп қоямын ішімнен.

Қайран, балалары үшін отқа да, суға да түсуге, қажеттілік туса, балалары үшін омырауларын оққа да тосатын алтын аналар-ай. Сендердің бойларында сарқылмайтын не деген бұла күш?!

Көріп отырмын, шығып сөйлеушілердің ауыздарынан мен туралы мақтау, жылы лебіздер айтылған сайын анашым әрленіп, ажарланып, айбаттанып, көріктене түседі. Әуелі, ғылыми мәжіліспен өткен үш жарым сағатты былай қойғанда, кешкілікке қарай менің ұлдарым мен келіндерімнің, қыздарым мен күйеу балаларымның өздері даярлаған мейрамхана дастарқанының басына менің шешем ешкімнің сүйеуінсіз-ақ өзі ширақ басып барып отырған. Бата жасаған. Мен тыныш отырмай:

– Қалай, шеше, жаман балаңызды ел сыйлай ма екен, жоқ па? – деп едім, шешем емірене бетімнен сүйіп тұрып:

– Тіл-көзден аман бол, шырағым. Шет елдік тілеулес достарыңның көптігіне мен бүгін қуанғанымнан жарылып кете жаздадым емес пе? Елбасымыз да құттықтапты. Рақмет. Бұл қандай бақыт! Менің қолымнан келген бар қайран, "Тәуба, тәуба!" деу ғана болды ғой, күнім.

Сен, мен ойлаған жерден асып кеттің. Алла ақырын беріп, абыройыңды ұзағынан сүйіндірсін. Әсіресе, ақылды достарыңа сүйсіндім бүгін. Анабір маңдайы кере қарыс, бурыл шашты жігіт ағасын әлде профессор, әлде академик деді ме, ол жағын анық ұқпай қалдым. Бірақ сөзі қандай салмақты, терең еді. Жаңылмасам, "Өмір адам үшін емес, адам өмір үшін күресуі керек" деді-ау деймін. Данышпан сөз ғой, балам. Бұл сөз бүгін маған да тың күш-қуат беріп тастады. Қазіргі шаршамай, шалдықпай отыруым да, сол сөздің шарапаты десем болады, - деп бір таңқалдырып қойды. Соңынан сұрастырып білсем, менің шешеме мысқалдай болса да ем, саулығына дем бергендей сөзді айтқан адам - өзіміздің сүйікті профессор, заң ғылымының докторы, академик ағамыз С.Зиманов екен.

Бір ауыз сөзімен бір күнге болса да, шешемізді сырқатынан сейілтіп, тіпті сергітіп, адамның өмір үшін күрескер болуының парыз екендігін ұғындыра алған, ұғындырып емес-ау, иландырып, сендіре алған академик ағамызға осы кітап арқылы да алғысымды білдіре кетсем, артық болмас деп ойлаймын.

Шешемнің ерекше бір қасиеті - әйелдердің орталарынан гөрі, ер адамдардың орталарын ұнататын еді. Бұнысы, бәлкім, өзінің жастайынан ер-азаматтың орнына жүріп-тұрып, қызметі мен еңбекті соларша атқарғандығынан да шығар. Бір қызығы, той-томалақ, бас қосқан жиындарда, тіпті, жай отырыстарда болсын, егер ерлер мен әйелдер әлденеге таласып, сөз сайысына түсе қалса, шешем міндетті түрде ерлер жағына шығатын.

– Шеше, түсіндіріңізші, абысын-ажын, ауылдас әйелдеріңізді қостамай, еркектер жағына әр кезде-ақ шығып кетіп жүрсіз ғой, бұныңыз қалай? – десем:

– Ей, балам-ай, "көре-көре көсем боларсың, сөйлей-сөйлей шешен боларсың" демей ме, бұрынғылар. Тірі болсаң, өзің де көзіңді жеткізерсің әлі. Ұғарсың. Құдай-тағала ерлерді әуел бастан артық жаратқан ғой. Сондықтан да халық "Алтын басты әйелден, бақыр басты еркек артық", "Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа" деп бекер айтпаған. Осы сөздерде шындық бар. Рас, әйелдер шылғый ақымақ емес, бірақ олар көбінесе мұрындарының астындағыларды ғана көріп, алысты бағдарлай алмай қалады. Бұл – бір. Екіншіден - өмір болған соң, оның ыстық-суық, қиын-қыстау жақтары көп. Соның бәріне әйелдердің құдай берген күш-қуат, жігер-шамалары қаншама тыраштанғандарымен жете бермейді. Ал ерлердің қай-қайсылары болмасын, әртүрлі апаттарға да, сұрапыл соғыстарға да қарсы тұра алады. Олар кезіккен қиындықтарға көз жастарын төгуден гөрі, күш-қайраттарын қарсы қоюға бейім. Бұған кез келген алтын басты әйел-

дер бара алмайды. Ал кез келген бақыр басты ерлер бара береді.

Міне, артықтығы сол, балам. Кешегі Ұлы Отан Соғысына бірінші болып кім аттанды? Ерлер аттанды. Әкең Сұлтанды аудан басшылары бронмен қалдырып тұрса да, ол неге оған көнбеді? Өзі сұранып жүріп, аттанып кетті ғой соғысқа. Бұл сөз жоқ, оның алтын басты әйелдерден артықшылығы болатын. Бұрынғы замандарда да солай болған. Сондықтан да, жаңағыдай, қанатты сөздер өмірге келген. Ендеше сол ата-бабалардың уәжін бұзбастан, барша жұртқа ұқсап, "Алла, ер-азаматтарымызды аман қылғайсың!" деп тілесек, ешбір қателеспейміз! – деп менің "сауатымды" біршама ашып та тастаушы еді, жарықтық.

Шешемнің тағы бір тағлымды қылығы – аузынан "жоқ" деген сөз шықпайтын. Егер зәуде бір жағдайда біреуіміздің аузымыздан "жоқ" деген сөз шыға қалса, қас жауындай жақтырмайтын.

– "Жоқ" демеңдер, айналайын. "Жоқ" деген жоқ болар, "бар" деген тоқ болар. "Жоқ" дегендердің түбі, әйтеуір, жақсы болмайды, жоғалып бітеді. Оны көзіміз көрді. Сондықтан, қолыңдағы барды біреу сұрай қалса, "қарыз" деп емес, "менің жәрдемім" деп берсең, мың сауапқа ие боласың, - дегенді қосып айтатын.

Және бір қасиеті – ауыл әйелдеріне ұқсап, болар-болмасқа көз жасын төгіп жатпайтын. Сәтсіздікке ұшырай қалса, қатуланып, қатайып, қайсарланып сала беретін.

Көңілін босатқысы келмейтіндіктен бе екен, ешуақытта боркеміктеніп әкем – Сұлтанды есіне көп ала бермейтін. Алса да өте сирек алатын. Сондағы айтатыны бір-ақ ауыз сөз:

– Еңіреген есіл ерді, атың өшкір, қу соғыс қыршынынан қиып түсіп, бұл дүниеден о дүниеге 26 жасында аттандырып тынды ғой, - дейтін де қоятын.

Анашым – алтыным менің, жатқан жерің жаннат, топырағың торқа, иманды болғайсың!

* * *

Қазақ сазгерлері мен ақындары ана туралы

АРДАҚТЫ АНА

Әнін жазған *Кенжебек Күмісбеков*
Сөзін жазған *Әнуарбек Дүйсенбиев*

Ардақты ана, аяулы ана, қымбаттым,
Тірлік тілеп маған талай түн қаттың.
Өміріме азық болды ақ сүтің,
Кең құшағың - аясындай гүл бақтың.

Мен өзіңмен қайда болсам біргемін,
Махаббатың жүрегімде жүр менің.
Түнергенде нұр жауатын жаңбырсың,
Жарқын сәуле жадырай бір күлгенің.

Ер жеткізіп елге берген баласын,
Ақылдысың, ардақтысың, данасың.
Қарайтыным - қас-қабағың бір сенің,
Қайратыңнан қайта көрме анашым.

Қасия Қадырқызы,
Сұлтан келіні

ТӘРБИЕШІМ ДЕ АҚЫЛШЫМ ЕДІ

Мені өзінің ақ сүтімен асырап, өсіріп, тәрбие берген бірінші адам өзімнің анам – Бәтима болса, тұрмысқа шыққан 24 жасымнан бастап мені қанатының астына алып, қамқорлығын көрсеткен кісі – екінші анам секілді болып кеткен енем Зинаш. Сөзімнің ұзын-ырғасында айтарым, енем мені келін боп түскен күнімнен еркіме жіберіп еркелетіп қоя бермей, қатаң тәртіп шеңберінде ұстады. Құдай куә, шынымды айтайын, жылап жүрген кездерім де болды. Күйеуімнен жемеген таяғымды енемнен жеген күндерім де өтті. Бірақ шыдадым. Менің ұғымымда біздің халқымызда ене құқы айрықша. Ол арнайы заң боп жазылмаса да, халықтық тәртіп боп қалыптасқан. Яғни, келін боп түскен жас қыздың одан арғы тәлім-тәрбиесімен тікелей шұғылданатын бірден-бір адам күйеуі емес, енесі. Өмір тәжірибесі мол, көргені көп ене өмірден білген- түйгендерін, инабаттылық пен ілтипат жолдарын өзінің білгенінше ақ босағасын аттаған келініне түгелдей үйретіп бағады. Кейде зекіреді, кейде қатты, кейде жұмсақ сөйлеп, ашындырмай тәрбие тезіне түсіреді. Себебі халқымыз "көйлекті бастан, келінді жастан" үйрету қажет деп тұжырымдаған. Мен енемнің сондай «мектебінен» өтіп, қазақи, ұлттық тәртіп, талаптардың сан қырлы пайдалы жақтарын терең түсіндім. Ол менің былайғы өмірімде қажетіме әбден жарады. Тіпті үйге келген қонақты жақсы

қарсы алып, бір шәугім шәйіңді ықыласпен берудің мәнін әркім түсіне берер ме екен? Ал келген адамның бұйымтайы болса, мүмкіндігінше орындап, кең пейілдік танытудың қайыры қандай десеңізші?! Мен сол секілді тәрбиелердің жолдарынан өттім. Ішімнен талай рет енеме рақмет айтып, риза да болып жүрдім. Қай уақытта болмасын, енемнің айтқандарына құлағымды түріп, зейініммен тыңдап, "бұл кісінің ескертпе, ескерту сөздерін көңіліме ауыр алмай құп көргенім жөн" деп түйдім. Қашанда болмасын кішілігімді, келін екендігімді мойындап енем қатты сөйлеген сайын мен неғұрлым басынқыланып, кішіпейілділік танытып, қолымнан келгенінше тек қана жақсылық жасай беруге тырыстым. "Неғыпты, бүгін болмаса ертең райынан қайтар, мейірім шуағын төгер, әзірше мен ол кісінің сөзін жықпай, қабыл ала берейін" деп жүрдім ішімнен.

Шынын айту керек, ақылды көп айта беретін болса, өз анаңа да ренжитін кездеріміз болады ғой. Бірақ ол өз анаң. Ал ененің жолы, ененің жөні тіптен басқаша. Ендеше «Әп!» дегенде шап ете түсіп, шажбаландап жатудың ешқандай орны жоқ. Демек ұстаным басқаша болу керек.

Біз көп жылдар бойы бірге тұрғанымызбен ара-арасында енем өз алдына үй алып, немерелерімен жеке тұрып та жүрді. Сондай кездерде, кейде күн сайын, кейде күн аралатып, "апа, сырқаттанып қалған жоқсыз ба, немерелеріңіз тіліңізді алып жатыр ма? Не қажеттілігіңіз бар, айтыңыз, керек заттарыңыздың бәрін де табамыз. Қысылмаңыз" деген кең пейілділігім мен ілтипатымнан жаңылмадым.

Ал бірге тұрған күндерімізде ол кісісіз дастарқан басына отырып тамақ ауыз тимейтінмін. "Апа, алдымен сіз алыңыз", "Апа, қандай тамақты ұнатасыз, мына шәй көңіліңізге жаға ма?" деп бәйпек қағатын едім.

Кейде, тіпті, жорта ақыл сұраған болып істеп жүрген жұмысымның қиындығы жағынан, алғалы жүрген қосымша мамандығым туралы әңгіме шетін шығарып, "соған басым қатып, ақылым жетпей жүр" деп те қоятынмын. Мұндайда енем елжіреп, маған аналық, аяушылық сезіммен қарап, көл-көсір ақылын төгіп салатын. Өзінің басынан кешкен қиындықтарынан ондаған мысалдар келтіріп, мені жігерлендіріп, рухымды көтеруге тырысатын. Сөзіміз жараса бастаған сол сәттерде "балаңызды (күйеуім Мақсұтты айтып отырмын) қандай жақсы тәрбиелегенсіз, онымен қонаққа немесе қоғамдық орындарға бірге барудың өзі рахат, қайда да жақсы достары көп. Бәрі де жаздай жадырап қарсы алады, сыйлайды, соның арқасында менің де айдарымнан жел есіп, мерейім көтеріліп қалады" дегендей әңгімелерді тізбелейтінмін. Енем оған кәдімгідей еңселеніп, көтеріліп, көзі күлімдеп мәз болып:

– Несін айтасың, Мақсұтжан тумысынан ерекше ғой. Оның үстіне атасы – Нәрікбайдың, әжесі – Ғизатбану марқұмдардың тәлім-тәрбиелерін көріп, менің де өнегеме еліктеп өсті. Иншалла, жаман болатын жөні жоқ. Тек Алла алдынан жарылқасын дегің! – деп желпініп те қоятын.

Қысқасы, "жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады" дегендей, менің осындай әрекет, қылық, қатынастарымнан кейін енем де

біртіндеп өзгеріп, маған өзгеше ықыласпен қарай бастады.Ол кісінің адамгершілігі сол – өзі сезінген, өзі түйсінген шындыққа құлап түсетін. Сүйсінетін. Адамдардың адалдықтары мен жан тазалықтарын жоғары бағалайтын.

Мақсұт пен Ораз екеуі бірігіп жазған "Бақыттың қиын баспалдақтары" атты кітапта "Асхатты көріп, маңдайынан сипап, бауырына басқанда ішім жылып кетті" деп, мен туралы өте жылы лебіз де білдірген ғой. Бұл – ол кісінің әділ бағалай білуінің бір ғана мысалы.

Жалпы алғанда, енемнің маған қатты болуының негізі бар еді. Көргені көп ананың басқа келіндер өмірінен байқап жүрген қиянаттары аз емес екен. Сондықтан, "мен келініме әу бастан қатал болып, қатты ұстайын, өзімнің айтқандарымды мүлтіксіз орындатайын, оның үстіне білгендерімнің бәрін айтып отырайын, одан жаман бола қоймас. Сонда әлдебір келіндер секілді тұштақайланып кетпес" деген ұлы мақсаттағы тұжырымы болғандығын да аңғардым.

Мен соның бәрін ішімнен түсініп, енемнің барша қылапеттеріне өте түсіністікпен қарап, ол кісінің сөздерін жықпай, қайта қостап, соған лайық мінездер көрсетіп жүрдім. Барған жерлерімнен өзіме не алсам, ол кісіге де соны сатып алып, естіген әңгімелерімді түгелдей айтып, біртін-біртін өзімнің құрбымдай сырласатын болдым. "Келін – ененің топырағынан жаралады" дейді екен ғой бұрынғылар. Бәлкім, біздің жан дүниеміз бен жаратылысымызда ұқсастық та бар шығар, кім білсін? Әйтеуір, тез тіл табысып, бір-бірімізді қатты сыйлайтын күйге жеттік.

Қонаққа ма, концертке ме, әлде әртүрлі деңгейдегі жиналыстарға ма баратын болсам, балалардың бәрін түгелдей өзіне тапсырып кетіп жүрдім. Бала деген балдай болғанымен, олардың шәлкем-шәлістік қылықтары аз ба? Енем олардан әбден ығыр болған бір күнінде маған:

– Сен, немене, балаларыңды жиі тастап кететін болдың, олардың бабын табу оңай деймісің? – деп қабақ шытына сөйледі.

Бұл кісі ойына келген, қаперіне алған істі де, сөзді де бүкпей, бүгежіктемей, тік айтатын да, басқалардың да солай етуін ұнататын. Сондықтан сыралғы болып қалған енеме:

– Бұлардың бәрі де өз балаларыңыз, апа. Балаңыздан туған соң, сізге жат емес. Бұлардың бабын тауып, басына шыбын қондырмаңыз демеймін. Ұрасыз ба, ұрсасыз ба, оны өзіңіз білесіз. Сүйегі менікі, еті сіздікі. Айтқандарыңызға көнбейді екен, жондарынан таспа тіліңіз, майқұйрықтарын көк шыбықпен шықпыртыңыз, ерік сізде. Сіздің тәрбиеңізді көріп өскен әкесінің жаман адам болмағанын біліп жүрсін! – деп шын пейілімді білдіре сөйлегенмін.

Менің өзіне сенім артып, қалтқысыз сенетіндігіме көзі жеткендіктен бе, әлде өзінің күйеуінен ерте қалғандығы есіне түсті ме, білмеймін, әйтеуір енем бұдан соң менімен тіпті басқаша сөйлесуге көшкен. Атап айтқанда, Мақсұттың бір жаққа жиналып жатқанын немесе жиналғалы жатқанын естісе, әлде сезсе болды, маған дереу:

– Әй, Қасия, анау күйеуің бір жаққа барғалы жатыр ма, қалма, балаларыңның ештеңесі кетпейді, мен бағамын оларды. Бар, қызық бол-

са қызықты бірге көріп, шыжық болса шыжықты бірге жесіп қайт. Тек күйеуіңнің үстi-басына дұрыстап қара. "Әркімнің аңдыған бір жауы болады" дейді ғой бұрынғылар. Күйеуің киген көйлектің жағасын кір шалып, шалбары үтіктелмеген болса, өзіңді көре алмайтындар "Е, байқұстың әйелі салақ екен ғой, есіл ер-ай" деп, сені өсектейді. Тілдеріне тиек етіп, әңгімелеріне арқау жіп етіп еседі. Тіпті, өзіңе теріс қарайтын болады. Құдай сендерді сондай көлденең көздердің сұғынан сақтасын. Екеуің жұптарыңды жазбай тең құрбыларыңның арасында жарқырап, еңселі жүрсеңдер, менің көңілім де, жаным да тыныш болады! – деп әртүрлі жағдайлардан сақтандырып та отыратын.

Мен беріректе бизнеспен шұғылданып, дүкен, мейрамхана, базар аштым. Шағын-шағын кәсіпорындар ұйымдастырдым. Солардың тұсаукесер тойларына ең алдымен енемді, шешемді, солардың замандастарын шақырып, алдарына ақ дастарқан жайып, сый-сияпат жасап, баталарын алып отырдым. Сөйтіп қандай да болмасын істерімді жасырмай, барша еңбектерімнің нәтижелерін көзіне көрсетіп отыруды дәстүріме айналдырдым. Сондай-ақ алыс, жақын достас елдерден әкелген тағам өнімдері мен киім-кешек түрлерінің, асыл тас, алтын бұйымдарының ең таңдаулыларын енем мен шешемнің қолдарына ұстатып, алдымен соларды риза етіп жүрдім. Менімше, әйелдер әр уақытта да әйел болып қала бермек. Әр уақытта да олардың жүректері нәзік, жан дүниелері жылы. Олар сыйды да, сияпатты да, құрметті де жақсы көреді. Әсіресе, жылтыраған заттарды ұнатады. Мен сондықтан

да енеме де, шешеме де "жылтырақ" дүниелерді көп әкелетін болдым. Асыл, алтын бұйымдардың түр-түрлеріне кенелген олардың жас нәрестелердей мәзденіп қуанғандарын көрсеңіз ғой. Өзіңнен өзің істегендеріңе ризаланып, қуаныштан жарылып кете жаздайсың.

Мен алтын, күміс бұйымдарды енем мен шешеме бірдей алып, сандарын да салмақтарын теңдей етіп әкеліп жүрдім. Тіпті, өзім ғана емес, сіңлілерім мен бауырларыма, "сыйлық алатын болсаңдар, өз шешелеріңе ғана емес, менің енеме де сондай заттан сыйлық жасаңдар. Ерлі-зайыпты Мақсұт екеуіміздің екі шешемізді бөліп, жармаңдар!" деп үйреттім. Бұған енем – Зинаш та, шешем – Бәтима да шаттана қуанып, жайраңдай түсетін болды.

Енемнің бір ерекшелігі – келіннің, яғни менің үй-ішімізде қалай тұрып, қалай жүру, күйеуімді қалай қарсы алып, қалай шығарып салу керектігіне дейін жалықпай үйретті.

– Тамақ ішіліп болған соң, дастарқан үстіне бұзылмайтын тағамдардан қалдырып отыр, қарағым. Бәрін түгелдей жинап, тығып тастама, тек бетін ғана жауып қойғың. Себебі, дәметкен аруақтар үйге келеді. Ол жайып қойған дастарқаныңнан дәм татса, алғысын айтып риза болып қайтады. Мен ғұмыр бойы дастарқанымды қағып-сілкіп, жинап көрмеген адаммын. Міне, шүкір, көріп отырсың, дастарқанымыздан ас та үзілмей келеді. Ниеттес достарымыз да көп, - дейтін баз-базында.

Енемнің сол уағыздарынан кейін мен де дәл соны жасайтын болдым. Жұма сайын ол кісі "жеті нан" пісіртіп, құран оқытатын. Кей-кейде

"құдайылық" деп қой сойғызып, көрші-қолаңдарға таратып отыратын.

Бірде мынадай қызық болды. Біз Астанаға көшкеннен кейін, ол кісі Алматыда қалды, бізге ілескісі келмеді. Онан соң мен ары ойланып, бері ойланып, "мезгіл болса қыс таяп келеді ғой" дедім дағы, бір жылқыны сойғызып, пәтеріндегі екі тоңазытқышының ішін етке толтырып бердім. Қолында ағайын-туыстарымыздың бір-екі қыздары ғана бар болатын. Арада бір-екі апта өткен кезде Астанадан Алматыға орай соғып, мұздатқыштардың ішін қарасам, әлгі еттен аз ғана қалыпты.

– Апа, еттеріңіз аз қалыпты ғой, қалай тез жеп қойғансыздар? – десем, енем күледі.

– Маған осы қалғандары да жетеді ғой, шырағым. Біраз етті осындағы он төрт көрші-қолаң қазақ отбасыларына "сыбаға" деп үлестіріп жібердім. Себебі, былтыр олардың бәрі де мені "соғым басы" деп, тамаққа шақырды ғой. Ал енді биыл мен болсам, көртейдім, оларға ет асып, шай қайнатып беруге шамам келе қоймайды. Тез шаршаймын, одан да, "сыйға – сый, сыраға – балдың" ең оңай жолы осы "сыбаға" тарату деп шештім, – деп мені арқамнан қақты.

– Ой, апа, айтсаңыз болды, келетін де едік, шақыр деген көршілеріңізді шақыратын да едік қой, – деп едім, енем ризалана күлімсіреп:

– Айналайын, Қасия, тамағың әрқашанда алдыңда жүруі керек, құрғақ сөз, құр есеппен қала беруге болмайды. Қазақ атам қашанда дастарқанымен байыған. Әркімнің өз нәсібі болады. Мен көршілеріме соны үлестірдім. Сен оған ренжіме, тек Алладан қайырын сұра. Мұның бәрі Мақсұт

пен екеуіңнің арқаң ғой, – деп өзіме және бір өнегелі әңгіме айтты.

Жалпы, енем – Зинаш Алланы аузынан тастамайтын, аруақты қатты сыйлаған тақуа жан еді. Әлдеқандай түс көре қалса:

– "Жеті нан" пісіріп жібере ғой дейтін. Немесе "жүр, бейіттердің басына барып, аталарымыздың рухына құран оқытып келейік, мешітке барып, садақа беріп қайталық" деп әр кез, әр кез ескертіп отыратын. Енемнің сол айтқандарының бәрін де қалтқысыз орындап отырдым.

Бұл кісінің өзіне тән тағы бір ерекшелігі – әсте ешкімге қарыз бермейтін және ешкімнен қарыз алмайтын. Бұл енемнің бұрыннан ұстанған тәртібі екен. Мен бизнесті бастаған жылдары несие қаржыны көп алып жүрдім. Менің мұным енеме ұнай қойған жоқ. Бірақ қанша айтқанмен өз заманында комсомол, депутат болып, қоғамдық істерге араласқан сауатты адам емес пе, нарық жолын тез түсінді. Түсінді де, маған сәттілік тілейтін болды.

– "Заманына қарай амалы", "заманың түлкі болса, тазы болып шал" деген екен ғой аталарымыз, байқасам, мұны жасамасаң болмайды екен. Несие алсаң, есесімен қайтарады екенсің. Мойныңа қарыз ғып іліп қоймаған соң, бұл да бір игілікті шаруа. Құдай ісіңді оңғарсын, - деді ақ жүрегінен ақтарылып.

Бірде мен шетелге барып, өзімнің тапсырысыммен жасалған жиһаздарды әкеліп, гаражға, енемнің пәтеріндегі балконға, залға жинастырып қойдым. Оның кілемдерін, өздеріне лайық орындықтары мен ыдыс-аяқтарын үйдегі бос орындардың бәріне тықтым. Енем соны біз жоқта ұстап

көріп, сипалап, қызықтайды екен дағы, көршілерімізге:

– Біздің келінге не болғанын білмеймін, ағаш бұйымдарын әкеле береді, әкеле береді. Ілетін жері болмаса да кілемді, қоятын жері болмаса да ыдыс-аяқтарды көп қып алып жатыр. Не оларды сатып та жатқан жоқ, не оларды күнделікті тұтынып та жатқан жоқ, әйтеуір жинай береді. Көрсе қызар, дүние қоңыз болып бара жатыр ма деп қорқамын, - дейді екен.

Бір күні біз ескі пәтерімізді сатып, "Көктөбенің" баурайынан үлкен үй сатып алдық та, оның жөндеу жұмыстарын аяқтап болысымен, манағы жиһаздарды гараждан, енемнің балконынан, залынан алып, екі қабатты жаңа үйіміздің бөлме-бөлмелеріне орналастыра бастадым. Сол кезде Мақсұт республикамыздың Бас прокурорлығына тағайындалып еді. Сол қуанышымызды "жуып-шаю" үшін достарымыз көп жиналды. Солардың бәріне орындықтар да жетті, ыдыс-аяқтар да жетті. Сонда енем:

– Е, айналайын, Қасиям. Осының бәрін күн ілгері ойлап, жинап жүрген екен ғой. Мен жазған оны түсінбей, жазғырмақ болдым-ау, әуелі. Ой-бу, ұят-ай десеңізші?! Уа, айналайын – Қасиетім, біздің әулетіміздің ырысы, құты болдың ғой сен. Сен кешір мені, айналайын. Мен сенің қадір-қасиетіңе әлі де болса жете түсіне алмай жүрген екенмін ғой, - деп мені аймалай берді. Мен де, Мақсұт та күліп жатырмыз.

– Ештеңе етпейді, апа. "Ештен кеш жақсы". Әйтеуір, түсінсеңіз болды дағы. Бізге соның өзі қуаныш, соның өзі бақыт! – дедім енемді құшақтап. Қуанғандықтан ол да, мен де көзімізге жас алдық.

Сол күннен бастап енем мені бұрынғыдан да асыра мақтап:

– Біздің келін бәрін біледі, ақылы ұшантеңіз. Бәрін алыстан ойлайды. Болар істі болжап та отырады, – деп әспеттеп мақтауға шықты.

Күнделікті шаруамыздан қолымыз босаған сәттерде анау Талдықорған қаласының түбіндегі Еркін ауылында тұратын енемнің қайын сіңлісі Құрми (Құрманбала) тәтеміздің үйіне барамыз. Үштөбе қаласындағы сіңлісі Жұмагүлге барамыз. Құр қол бармаймыз, әр кезде балаларына киімкешек, ішінара өздеріне де маусымдық жақсы киімдерден ала барамыз. Сонда енем:

– Әне, біздің Қасияның көңілі қандай көл болса, қолы да сондай кең ғой. Киіңдер игіліктеріңе, – деп мақтаныш сезімін білдіріп отыратын.

Енемнің өзін, өзіне қосып менің шешемді де, Құрми апа мен Жұмагүлді де әр жылдары санаторийлерге жіберіп отырдық. Қай жылдары болмасын риза болып қайтып жүрді.

Ұмытпасам, қайтыс боларынан екі жыл бұрын-ау деймін, мені оңашалап алды да:

– Қасияжан, "жақсы бала құрдасыңдай, жақсы келін сырласыңдай" деген сөз бар ғой халқымызда. «Жаман айтпай жақсы жоқ» дегенді де сол аталарымыз айтқан. Өтпейтін өмір, сынбайтын темірді Алла-тағала жаратпаған. Өлім дегеннің ертелі- кеш бір келері хақ. Ол «бардың даңқын шығарамын, жоқтың артын ашамын» дейді екен ғой, дәл бүгін құдайға шүкір, күйлімін, қуаттымын. Дегенмен, жас болса жыл сайын жылжып жоғарылап барады. Қамсыз болмаңдар, жинақылана беріңдер. Дайындала беріңдер, - деді. Жүрегім зу ете түсті.

– Апа-ау, не болды? Неге дайындалуымыз керек, қайда дайындалуымыз керек? – дедім сасқалақтап.

– Е, шырағым, бәріміз де о дүниелікпіз ғой түбінде. Алладан жарлық келсе, бір күні аяқасты кете де бара жатармыз. Сонда жиылған жұрт, "байқұстың ештеңесі жоқ екен" демесін, дайындап қой керек-жарақтарды, – деді кәдімгідей мұңайып. Мен әңгімемізді сергіттім.

– Сонда не дайында дейсіз?

– Бір қап ұн, бір қап күріш ал, бауырсақ пісіретіндей күнбағыс майы үйіңде тұрсын, шайпүй дегендерді де ескеріп қой.

Менде бір жағалы бір киім болмай тұр, оны да сатып алу керек, – деді баяу ғана әңгіме етіп.

Мен азық-түлікке қатысты айтқандарын түгелдей өзім орындадым да, қолына жетерліктей ақша ұстаттым.

– Дүкенге барып, мынаған өзіңіздің көңіліңізге ұнаған пальтоны сатып алыңыз, – дедім.

Бұдан соң, жарықтық, немересі Ләззатты шақыртып алды да, дүкендерді аралап, өзіне ұнаған бір пальтоны алып келді. Оны үстіне киіп, бізге бір көрсетті де, сандығына салып қойды.

Көңіліме күдік кіріп қалған соң, мен бір оңашада:

– Апа, енді айтыңызшы, сіз не, бір нышан сездіңіз бе, әлде түс көрдіңіз бе? Не себепті дайындық жайын қозғап кеттіңіз? – дедім.

Енем бет-жүзіме қарап отырды да:

– Өзіңе ғана айтайын, шырағым. Иә, түс көрдім. Түсімде өзімнің анам - Әлилә осы үйге кіріп келді де, мені жетектеп ала жөнелді. Сөйтті

де, бір бұрылыста мені тастап кетті. Бірақ, "қайтадан келіп алып кетемін" деді. Бұл маған беріліп отырған "хабар" ғой, шырағым. Сондықтан да дайын отыруымыз жөн, – деді мені қорқытпайын дегендей ширақ сөйлеп.

Бұдан соң арада біраз күндер өтіп, амандасқалы пәтеріне келсем, көңілсіздеу екен.

– Апа, не болды, неге қабағыңыз түсіп кеткен? – деп едім, бір күрсініп салды да:

– Мен ауылға – Еркінге барып келейін. Туған жеріме барып келейін. Бауырларымды көрейін. Қарыздарым болса, өтеп қайтайын – деді.

– Қайдағы қарыз, сіз ешкімнен ештеңе алмаушы едіңіз ғой? – дедім.

Енем байсалды қалпын бұзбады.

– Е, шырағым-ай, құдай бақ берген соң Мақсұтжаным, міне, үлкен-үлкен қызметтерге көтерілді. Баламның беделі – маған бедел, маған абырой болып, әркім-әркімдер мені үйлеріне шақырып, тамақ беріп, көйлек-камзол кигізіп, басыма орамал тартпады ма? "Біреудің жамбасын жесең, асықты жілігіңді дайында" дейді аталарымыз. Маған сый-сияпат жасағандардың бәрі есімде. Халім келіп тұрғанда енді мен де тартуталарымды жасап келейін. Мен өзімді сонда ғана жақсы сезінетін боламын, – деді нық сөйлеп.

Апамыз (енем) айтқанын істеді. Базарлықты мол қып алып, біз ұйымдастырған жеңіл көлікпен Талдықорған жақтағы Еркінді де, Бақанас жақтағы Көкжиде, Аққөлді де аралап, сәлем-саукаттарын өз қолымен үлестіріп қайтты.

Бақанас жақтағы төркіндері қоярда-қоймай, екі ат мінгізіп, бір өгіз жетелетіп жіберді. Ол табыстарын маған әкеп тапсырды.

– Қасия, мыналарды саған беремін. Өзің ұстап, өзің сақта. Мен олай-бұлай боп кетсем, керек болады ғой, – деді.

Мен оларды бауырымның малдарына апарып қосып қойдым. Жарықтық, ара-тұра:

– Әлгі малдар аман ба екен? – деп сұрап қойып жүрді. Мен күлемін дағы:

– Аман, апа, көбеймесе, азайған жоқ, – деймін.

Біз Астанаға көшкен кезде, енем Алматыдағы өзі жеке тұрып жатқан пәтерден ешқайда бармайтынын айтып, бізге көнбей қойды.

– Менің бұл үйде аруағым бар, көшсем ол мені қысады. Оның үстіне ата-бабаларымның аруақтары маған осы үйге келіп тұрады. Көштерің көлікті болсын, айналайындар, сендер көше беріңдер. Астана алыс емес қой, келіп тұрарсыңдар, мен де барып тұрармын, –деп айтқанынан қайтпай қойды. Бірақ, әрине, жалғыз тұрған жоқ. Туысқандарымыздың екі қызы ол кісімен бірге тұрып, оқуларын оқып, дүкендерден керегін жеткізіп беріп тұрды.

Сонымен біз Астанаға көшіп кеттік. Мен бірақ қызмет бабымен Алматыға жиі келіп тұрдым. Келген бетімде, әрине, Алматыда тұрып жатқан шешеме тартпай, бірден енемнің үйіне келемін. Хал-жайын сұраймын, әңгімелесемін, жанында түнеймін.

– Мен де сіздің қызыңызбын ғой, апа, – деймін еркелеп. Оған ол кісі балаша мәз болып басымнан сипап, бауырына тартады.

Әділін айту керек, енем де, менің шешем де өз қазан-ошақтарын өздері билеуді жақсы көріп, солайша өз үйлерінде тұрып жатты. Менің

шешемнің жанында немерелері мен менің кіші бауырларым болды. Дүкендерге бару, қоқыс шығарудан қиындық көрген жоқ. Ең бастысы – келіндерінің қолына, олардың қас-қабақтарына қарамай, өздерінің "дербестіктерін" сақтап отыруды жөн көрді.

Енем тамақ жасаудың хас шебері еді. Оның асқан еті, кескен кеспесі, тіпті, пісірген "жұлма көжесінің" өзі ерекше болушы еді. Солардың дәмі әлі күнге дейін таңдайымнан кетпейді. Шынымды айтсам, енем дайындаған сол тамақтарды қазір аңсаймын да.

Бірде Астанадан асығыс келсем, енем тамақ ішпей бүк түсіп жатып алыпты. Байқаймын, сырқатын бізден жасыратын секілді. Себебі, "сырқатпын десем, бұлар мені Астанаға алып кетеді-ау. Одан да сырымды ашпай жата берейін" дейді екен. Мен дереу таныс дәрігерлерімді үйге шақырып, олар белгілеген дәрі-дәрмектерін алғызып, бірер күн жанында болғаннан кейін қайтып кеттім.

2004 жылы 8 наурыз, дүйсенбі күнгі сағат 15-те Алматы қаласындағы бір достарымыздың "Еуразия" мейрамханасында Зинаш енемнің 85 жасқа толуына орай барша достарымыз бен туысқандарымызды шақырып, үлкен бір салтанатты кеш өткіздік. Енем баласы – Мақсұтқа да, келіні маған да, жиналған барша жұртқа да қатты риза болып, "менің жасымнан асыңдар" деп ақ батасын берді.

Сол 2004 жылы қыркүйек айында енемді Қызылорда облысындағы "Жаңақорған" санаторийіне өзім алып барып, 21 күн жанында бірге болдым. Маған риза болғандығы соншалық, сондағы емделуге келген кемпір-шалдарға:

– Сіздердің қайсыларыңыздың келіндеріңіз бірге келіп, жай-жағдайларыңызға қарауда? Міне, менің келінім өзі әкеліп, жанымнан ұзамай, жағдайымды жасап отыр, – деп әзіл-шынын араластырып, мақтанып та жүрді.

Енемнің аздаған әзілкештігі бұрыннан байқалатын. Біз Жаңақорғандағы "Қасиет" атты біздің өзіміз салдырған 20 орынды санаторийде демалып жатқанымызда, менің шешемді ертіп, сіңілім де жеткен. Екі құдағи төс қағыстырып, амандасып бола бергенде енем:

– Әй, құдағи, бір апта болмай жатып немене қуып келгенің? Менің келінім – Қасиядан басқа да қыздарың көп қой сенің, солар апармай ма сені басқа курорттарға, – деп әзіл-қалжыңын бастады да кетті. Менің шешем де қалыспай жатты.

– Немене, ұлан-ғайыр жерді алып жатқан курортты аяйсың ба, жоқ әлде, суы жетпей қалады деп қорқасың ба? Әрі-беріден соң, бұл санаторийді салдырған мен тапқан қыз емес пе?

– Е, тапқан болсаң қайтейін. Ол бір кезде қыз болған саған. Қазір менің келінім. Сенің ұяңнан ұшып, ұзатылып кеткен қыз. Мен енді оны, тіпті, келінім деп емес, қызым деймін қазір. Бекер таласасың құдағи, бүгін демалып ал да, ертең басқа курортқа тарт, - деп әзіл аралас сөздерін біразға дейін тоғытты.

Сол жолы, жарықтық, өзін өте сергек ұстап, Алматыға көтеріңкі көңіл – күймен оралып еді. Бірақ қазан айының ортасы ауа бере, денсаулығы күрт төмендей бастады. Мен оны кездейсоқ жағдайда біліп қалдым. Бір күні Астанадан келген бойымда ол кісінің үйіне тартып, шай ішіп,

тамағын жеп, жанында қондым. Байқағаным, түнімен көз ілмеді. Орнынан тұрып, бөлмеден бөлмеге өтіп, жүрді де қойды. Не мазалайтынын, қай жері ауыратынын сұрап едім:

– Кәрілік қой, шырағым. Ештеңе жоқ, демала бер, – деді де қойды. Бірақ мен бұл мәселені сол күйінде қалдыра алмадым.

– Болмайды, апа. Астанаға жүресіз. Ондағы дәрігерлерден таныстарымыз да көп. Жағдай да жақсы, дұрыстап қаратамыз, емдетеміз, әлі-ақ құлан-таза сауығып кетесіз! – дедім.

Енем мені тағы да алдаусыратып:

– Барамын ғой, жаным, барамын, сендерге бармай, қайда кетуші едім. Әзірше тым мазалан-бай-ақ қойыңдар. Бірер күнде оңалып та кетермін. Егер олай болмай бара жатса, сендерге өзім хабар берермін. Келесіңдер де, алып кетесіңдер, - деп мені шығарып салды.

Мен Астанаға келген бетте Мақсұтқа бар шындықты айттым.

–Апам айтарлықтай азып кетіпті, түрі де жүдеу, жедел емдетпесек болмайды. Ол үшін көшіріп келуіміз керек, – дедім. Ол мені құптады.

Сөйтіп, Алматыға қайта келіп, "Көктөбе" бауырайындағы үйімізге ертіп бардым. Сол жерде күні бойы үгіттеп, айтқан әртүрлі сылтауларына көнбестен, ұшақпен Астанаға ұштық та кеттік. Үйге жетіп, өзіне дайындалған бөлмені көрсетіп едік, кәдімгідей қуанып қалды. Онан соң бірер күн үйде болып, Астана түбіндегі Романовка деген ауылда тұратын Бикен есімді туысымыздың қызының үйіне қонаққа кетті. Соны пайдаланып біз енемнің Алматыдағы үйінде тұрған

керекті заттары мен үлкен сандығын әкеп қойдық. Себебі, сандығы келмесе, біздің үйде көп тұрмайтындығын, тұрса да маза таппайтындығын білетінбіз. Сондықтан солай еттік.

Біз Романовкадағы Бикендерге (күйеуі Жанат деген жігіт) "апаны жібермей, алдаусыратсаңдар да, бір апта ұстаңдар" дегенбіз. Оған көнетін апа ма, "қайтамын да қайтамын. Амандықтарыңды көрдім, жағдайларыңды білдім. Иншалла, жаман емес екенсіңдер. Істерің оңға баса берсін. Енді мені баламның үйіне жеткізіп салыңдар" деп Астанаға үш күннен соң жетіп келген. Бір тәуірі біз сандығын Алматыдан әкеп, өзіне бөлінген бөлмеге кіргізіп үлгергенбіз.

Енем келе сала:

– Әй, бұлар менің үстіме тағы біреуді кіргізгелі жүр ме? Бұлары несі, мына сандық кімдікі? – дейді ғой айғайға басып.

– Апа-ау, танымай тұрсыз ба, өзіңіздің сандық қой, - деп үйдегі қыздың айтып кеп қалуақ мұң екен, апамыз сандығын бас салып:

– Бұлар мені алдап соғып, ақыры Астанаға тұрақтандырайын деген екен ғой. Менімен келіспей, бұл неткендері? – деп сандығының ішіндегілерін түгендеп, дабылды қағып кеп берді.

Біреулермен сөзге келе қалса, ашу-ызасын ұзақ сақтамайтын, қайтымы тез адам ғой, енем сандығының ішіндегілерін бір қарап шыққан соң сабасына түсті. Ертесіне дәрігерге апарып, жанжақты медициналық сараптау жүргіздіргенбіз.

Арада бір күн өткенде Мақсұт дәрігерлердің зертханалық талдау қорытындыларын қолына ұстап, үйге көңілсіздеу келіп кірді. Сөйтсек, атың өшкір, заманымыздың ең бір жаман дерттерінің

бірі болып шығыпты. Амал нешік, кеш біліп, опық жеп қалдық. Санымызды соқтық. Бұл дерт енеме әлгі өзі түс көрдім деген кезде жабысқан болса керек. Яғни біз білген сәттен екі жыл бұрынырақ. "Егер сол кезде білсек, әлдеқандай болатын еді?" деп пенделігімізге салынып, "әттең-ай, әттең!" деп өкіндік те қалдық. Ауруы әбден асқынып кетіпті. «Әрине, адам өмірі деген бір құдайдың қолындағы шаруа ғой. Дей тұрсақ та, күн ілгері білгенімізде бір әрекеттеніп көретін едік қой» деп армандап та қалдық.

Сөйтіп, менің асыл жүректі абзал енем – 2005 жылдың 8 мамырына қараған түнде мәңгілікке көз жұмды да, өз үйімізден қайтпас сапарға жүріп кетті. Асылдығы сол – қандай жаман дертпен ауырып жүрсе де, соны бізге білдірмей, бізді мазаламайын деген ананың ақ тілегінен шықпай, зор шыдамдылықпен дүниеден өтті ғой. Ол кісінің кереметтей қайраттылығы, болаттай берік төзімділігі, асқан шыдамдылығы да өмірінің сол соңғы кез, соңғы минуттарында тағы да айқындалып шыға келді.

Енем төсек тартып жатқалы бері жанынан аттап алысқа шықпай отырған Жұмагүл апаның күннен-күнге нашарлап бара жатқанын сезіп:

– Тәте, мына жақта төркініңіз, мына жақта нағашыларыңыз, ал анау жақта өзіңіз келін боп түскен Сұлтаныңыздың елі бар. Соларға арнап айтарлық аманаттарыңыз жоқ па? – депті. Сонда енем кірпігін қимылдатып:

– Сен ештеңе сұрама, Жұмагүл. Мен Қасияға бәрін айтқанмын. Ол бәрін біледі. Оны да өзің сияқты жақсы тәрбиеледім ғой. Ол менің ойымды айтқызбай-ақ түсінеді, соған сеніңдер.

Ал ел-жұртқа айтар ешбір алабөтен аманатым жоқ. Құдай риза болса, мен ризамын. Бәрі дұрыс. Бәрі жақсы. Арттағы ел-жұрт, сендер аман болыңдар! – депті.

Ал жанына өзім барған бір сәтте:

– Апа, апашым менің. Сіз маған ене ғана емес, екінші анамдай болып кеттіңіз. Мен өмірдің мәнін де, сәнін де сізден үйрендім, сізден түсіндім. Мен үшін бұл әлемде сізден сүйкімді, сізден көркем жан жоқ. Қазір де өңіңізден нұр тамып тұр. Қорықпаңыз, мына дәрілер қандай сырқаттарды да сауықтырады, сауды қуаттандырады. Бұл шетелдік күшті дәрі! – деп сендіре сөйлеп, серпілтіп, сергітіп тастағанмын. Сөйтсем, жанында мен жоқ кезде:

– Мені бұл дерттен бір аман алып қалса, Қасия жаным алып қалады. Жазады. Мен әлі-ақ жазыламын! – деп жанындағыларды жадыратып қояды екен.

Менің сөздерім, әрине, қимастық сезімнің, өлмесе екен деген игі тілектің, әлі де болса, мұндай жақсы адамдар жанымызда жүре берсе екен деген ізгі ойларымның дүмпулері ғой. Әйтпесе, ол кісінің дүниеден озатын сәтінің тым таяп қалғанын ішім сезген. Сондықтан жанына жақындап:

– Апа, маған айтарыңыз жоқ па, өкпеңіз болса айтыңыз, алдыңызда басымды иіп, тіземді бүгейін, - дедім.

Ол кісі көздерін бір ашып, бір жұмып, еріндерін қимылдатып:

– Айналдым, Қасияжан, сені келінім деп емес, қызымдай көріп, қатты ұстап, қатаң тәрбиеледім. Сен мені өзіңнің мейірімділігіңмен,

қайырымдылығыңмен мойындаттың. Рақмет саған, ризамын өзіңе, өркенің өссін. Саған айтар бір аманатым: Мақсұтжанды бетінен қақпа. Соны күт, соған қара. Оны саған тастап барамын. "Жақыныңды жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін" дейді халық. Мақсұтжанымды мәңгілік құрметтеп өт. Тату болыңдар. Айтарым да, аманатым да сол ғана! – деді естірте сөйлеп. Мен басымды идім.

Бұдан бір күн өткен кезде Мақсұт:

– Қасия, енді менің сенен басқа шын жанашырларым да аздау. Алланың ісіне көнбеске лажы қайсы? Менің жарық дүниедегі жалғыз анам Зейнепгүлсін – Зинаш енді біздікі емес. Түсімде әжем Ғизатбану келіп, жетектеп кетті! – деді еріндері еріндеріне әрең жуысып. Ақыры, солай болып шықты ғой.

Алла анамызды алдынан жарылқап, иманын жолдас еткей. Әумин!

* * *

Қазақ сазгерлері мен ақындары ана туралы

АНАҒА СӘЛЕМ

Әнін жазған *Е. Хасанғалиев*
Өлеңін жазған *О.Иманәлиев*

Мереке күніңмен,
Қарсы алам өзіңді.
Сәбилік үніммен,
Арнаймын сөзімді.

Қайырмасы:
Көргенше алаңмын,
Аңсаймын, толғанам.
Қабыл ал балаңның,
Сәлемін жолдаған.

Бөбегің оянса,
Ұйқыңнан мың тұрдың.
Гүліңмен балауса,
Көктемдей құлпырдың.

Қайырмасы

Аялап алақан,
Әлпештеп өсірген.
Аяулы жан анам,
Қатемді кешірген.

Қайырмасы

Сырымды ұғатын,
Өзіңсің қуатым.
Күнімсің шығатын,
Айымсың туатын.

Қайырмасы.

Бәтима Исмағұлқызы,
Зинаш шешейдің құдағиы.

«ЕГІЗ ҚҰДАҒИ» АТАНЫП ЕДІК-АУ

Менен туған қыздардың қазір, құдайға шүкір, төртеуі бар. Солардың екіншісі - Қасия (құла-

ғына азан шақырылып қойылған есімі - Қасиет). Ол Москвада оқып, былғары бұйымдарын тігу жөнінен инженерлік білім алып, Алматыда қызмет істеп жүрген кезінде осы Мақсұтжанмен ұшырасады. Содан дәм-тұздары жарасып, қосылмаққа уағдаласады. Оған әкесі, марқұм – Қадыр, шешесі – мен, еш қарсылық жасағанымыз жоқ. Тіпті, әкесі марқұм:

– "Теңін тапса, тегін бер" деген бұрынғы аталарымыз. Айтысына қарағанда, бала жаман емес сияқты, жас болса да, жасамыстың көргендерін көріп үлгеріпті. Талабы таудай, қабілеті зор көрінеді. Оның алдына шығып келген кім бар? "Жетім қозы отығар да жетілер" демеуші ме еді, қариялар. Құдай ісін оңдаса, өрге де көтерілер, төрге де шығар. Маған осы баладан көк тиынның керегі жоқ, Бәтима. Әкесі марқұм майдан төрінде шейіт болыпты. Мен де солай болып кеткенімде қайтер едің? Өмірдің ащы-тұщысын сен де көріп өстің емес пе, ештеңе дәметпей-ақ, балаларға батамызды берелік. Қайта екеуіміз тірі тұрғанда "аяқтанып" кетсін, – деп менің аузымды аштырмаған.

Отағамыз айтып отырған соң, мен қайда барайын:

– Оның да жөн шығар, қария. Дүние кімге опа берген дейсің. Қойны-қоншы қағаз ақшаға толы адамның сатып аларға бір жапырақ нан таппай, аштықтан көз жұмғанын көргендердің бірі менмін. Шүкір, халіміз жаман емес қой, бізге ғана қарап тұрса, бақтарын байламалық. Мен де сенің жағыңдамын, – дегенмін ағымнан жарылып. Тек, үлкен қызымыз, яғни Қасияның әпкесі – Қалымбүбі ғана шамалы пендешілік жасап,

"алғалы тұрған пәтеріңнің кезегі де жақындап қалды. Оның үстіне ауылда жүрген адвокатты қайтесің?" дегендей болды-ау деймін. Бірақ Қасия біздің ризалығымызды білген соң, енді біраз күнде алғалы тұрған пәтеріне де қарамастан, қызметтес жолдас қыздарының сөздерін де құлағына ілместен, өзі сүйген жігіттің қолынан ұстады да кете барды.

Жаңылмасам, бұл – 1975 жылдың басы болатын. Ол кезде біз Алматы облысының Қаскелең ауданына қарасты Жандосов ауылында тұратынбыз.

Арада біраз уақыт өткен кезде үйімізге біздің алдымыздан өтуге марқұм Зинаш құдағи өзі келді. Өзі аса ажарлы, жүзінен нұры тамып, көзінен ұшқын атқан, өткір адам екен. Келе сала әңгімені өзі бастап, іші-бауырымызға кіріп кетті. "Жылы-жылы сөйлеп, жыланды інінен шығарардай шешен бе" деп те қалдым. Айызды қандыра аңдып сөйлеп, сұрағандарымызға ақылмен жауап қатады. "Жақсыда жаттық жоқ" деген сөздің растығына осы жолы тағы да көзім жеткендей болды.

Әлі құйрық-бауыр жеп үлгере қоймаған "құдағиымыз" жалған намысқойлыққа салынып, мықтылық жағын айтып жатқан жоқ. Шындығын айтып, өн бойымызды шымырлатып барады. Менің екі көзім "құдағидың" сыры кетсе де, сына кете қоймаған нұрлы жүзінде. "Жас кезіңде сұлуақ болған екенсіз-ау" деп қоямын ішімнен.

Сонымен қойшы, сәрсенбінің сол бір сәтті күніндегі кездесуімізді Алла-Тағала ұзағынан сүйіндіріп, былтырға дейін (2005 жылға дейін), о кісі о дүниеге аттанғанша бір-бірімізге ғашық жандарша тату-тәтті болдық қой.

Имандай шындығым сол - әу бастан-ақ екеуміз бір-бірімізді қатты ұнаттық. Кейініректе Мақсұт пен Қасияның арқаларында не киеміз, не ішеміз демедік. Бәріне де қолымыз жетті. Екеуіміз сыртқы киімдерімізден бастап, көйлектерімізге дейін бірдей ғып алып жүрдік. Тіпті орамалдарымызды да бір түстен таңдап тарттық. Көлденең көздер бізді "Егіздің сыңарындай егіз құдағи", "Қос құдағи" деп атап жүрді. Ғұмырымызда шәй деспедік десем, тым ұшқарылық болар, кей-кейде бірімізді мысқылдап, кекетіңкіреп, әзілден асыңқырап та кетіңкіреп жүрдік. Бірақ онымызды кек сақтаған емеспіз. Айтылған сөздеріміз айтылған жерлерінде қалатын да, екеуміз сол сәтте-ақ жаздай жадырап, бұлттан шыққан күндей күлімдеп қоя беретінбіз.

"Кең болсаң, кем болмассың" дейді ғой қазақ атам, құдағиымның алды кең, сыйластыққа аса пейілді жан еді. Аллаға шүкір, Қадырдың да, Сұлтанның да ауыл-аймақ, әулеттерінде өсіп келе жатқан жас ұрпақ көп. Олардың туған күндері, үйлену тойлары әр кезде болып жатады. Қолқалаушылар көп болып жатса, баз-базында құдағи екеуміз ондай қуаныштар үстінде көпшілікке қосылып, ноғайша жырлап, қазақша билеп жіберетінбіз. Билеп жүріп құдағи мені әдейі қайрап:

– Бәтима-ау, менен гөрі жастау емес пе едің, не ғып баяулап бара жатырсың? Қане, кішкене жаны бар адамша қимылдасаңшы. Міне, сізден әжептеуір үлкен мен де қызынып барамын ғой, - дейтін мені ортаға қарай итермелеп. Онысы әзіл. Әйтпесе, ол 1919 жылдың наурызында туған болса, мен 1918 жылдың қараша айында дүниеге келгенмін.

Қайран, қызығы мол сол кездерім-ай десеңізші, ойласам, көзіме көлкіп жас келеді. Елжіреймін. Әуелі, оңашаланып, кемсеңдеп те аламын. Қазір жұбынан айырылған аққудаймын. Бір жағымдағы қабырғам сөгітіліп кеткендей. Бір тірегімнен аяқ асты айырылып қалған секілдімін. "Тең теңімен, тезек қабымен" деген тегінде рас, балаларымның ортасында отырғаныммен, көңілім қоңылтақсып, құдағиымды жоқтаймын.

Шүкір, балаларымыздың арқасында талай игіліктерге кенелдік. "Дүние шіркін кетер болса, өпкеңіңмен келмейді. Саған беттеп келер болса, тепкеңіңмен кетпейді" дегендей, жарты ғасырлық ғұмырымызды құдағи екеуіміз бейнетпен өткеріппіз. Ол кезде қанша талпынсақ та, бақыт құсы қолымызға қонбай, қыдырға кезіге қоймаппыз. Сонда да болса, "тәубамыз" бен "шүкіршілігімізден" жаңылмағандықтан ба екен, Алла бертінде екеумізді де жарылқады ғой. Оған бізді Мақсұтжан мен Қасия қызым жеткізгенін ашық айтқаным да дұрыс. Көсегелерің көгергірлер, Зинаш екеуімізді жылына бір рет, кей жылдары денсаулықтарымыз сыр беріп қалса, ия Сарыағаш, ия Жаңақорған, ия Қапал-Арасанға немесе демалыс үйлеріне жіберіп, жанымызға сіңлі, қайнсіңлілеріміздің біреулерін қосып аттандырып, аттандырып емес-ау, апарып салып, емдетіп, домдатып, тыңайтып алғызып отырды. Барған жерлеріміздің бәрінде де Зинаш құдағи өзінің көпшілдігін көрсетіп, сондағы өзіміз қатарлы зейнеткер карттардың орталарына айдында жүзген аққудай көз тартып тұрар еді.

Құдағи сырқаты меңдегенше, Алматыдағы өзінің жеке пәтерінде тұрды. Мен де шалымнан

қалған қаланың батыс жағындағы өз үйімде тұратынмын. Екеуіміздің үйімізде де телефон бар. Көңіліміз қалаған сәттердің бәрінде де бір-бірімізге телефон шалып, "қыз-ау, амансың ба?" деп әзілдесіп қоятынбыз. Хал-жайымызды сұрасатынбыз.

Қасия мен Мақсұттан туған ұл да екеу, қыз да екеу ғой. Мен Жібекті, ол Ләззатты "меншіктеніп" алған. Осы екі немереміздің қылықтары маған да, оған да қатты ұнайтын. Екеуі де екеумізге теңдей-ақ қарайды. Тек оларды өзімізше "еншілеп" жүрген құдағи екеуіміз ғой. Бірі – маған көбірек қараса, екіншісі – Зинаш құдағидың жанынан көбірек табылып, әжесінің мейірім-шуағына бөленетін.

Соңғы отыз жылғы өмірімізде біздің екі әулетімізде де ештеңе елеусіз қалып көрген емес. Туған күн бе, той ма немесе балаларымыз бен немерелеріміздің бірінің сыныптан сыныпқа көшіп, мектеп бітіріп, бірінің жоғары оқу орындарына түсуі, қызметтен көтерулері ме, бәрі де аталып өтіліп отырады.

Қандай мереке болмасын, оны тойлауды ең алдымен Зинаш құдағидың шаңырағынан бастайтынбыз. Менің қыздарым мен балаларым болып, Зинаш құдағидың өз немерелері болып алдымен сол үйге жиналып, ол кісінің отбасы, ошағын шаттыққа бөлеп қайтатынбыз. Құдағи оған мәз болып, кәдімгідей рухтанып, көтеріліп қалатын.

"Жас өсер, жарлы байыр" деген ғой, сөйтіп өміріміздің соңғы кезеңдері құдағи екеуімізді желпінтіп-ақ келе жатыр еді, қу көрілік денсаулығымыздың әр жер, әр жерінен сыр беріп, мазалай да бастаған.

2004 жылы Мақсұтжан мен Қасия мені де, құдағиды да Астанаға көшіріп алған. Құдағи Мақсұтжан мен Қасияның қолына барды да, мен Қасиядан басқа қыздарымның қолына көштім. Барғаннан-ақ құдағи үйде емделді де, мен жүріп тұруға халім болғандықтан Сарыағаш санаторийіне кеткенмін. Сол – 2005 жылдың сегізінші мамырында балалар мені кісі жібертіп алдыртып алды. Сөйтсем, мені шошытпайық, қорқытпайық деп алдын-ала ақылдасып алса керек, құдағидың дүниеден озғанын Астанаға жеткенімде бір-ақ білдім.

Бұл хабар мен үшін аспан айналып жерге түскендей әсер етті. Құлағым шыңылдап, басым дыңылдай жөнелді. Егілдім, еңіредім. Екі көзімнің жасына ерік бердім. Бірақ одан не пайда, бірге туған әпкемдей болып кеткен қайран құдағиым мына жалған дүниеге мені сыңарсыз қалдырып, мәңгілік қайтпас сапарға аттанып жүре берді.

Міне, содан бері де зымырап бір жыл өте шығыпты. Зинаш құдағиымның бір атасы баяғыда мен сияқты қартайған шағында болса керек, біртіндеп барша қатарластарынан айырылып:

– Иллә-ил-алла, кел аузыма,
Кембағалдың жетпейді қолы аузына.
Бізден басқа керуен көшіп кетті,
Мен де күтіп отырмын жол аузында, –

деген екен.

Сол жарықтық айтқандай, енді мен де жалғызсырап, сыңарлық күй кешудемін. Менің ендігі алданыш етерім құдағимен өткерген жылдарым-

ның әрбір күн, әрбір айларын сағынышпен еске түсіру ғана болып қалды. Сөйтемін де, «Алла алдыңнан жарылқасын, құдағиым Зейнепгүлсін-Зинаш!» деп күбір-күбір етіп, аруағына дұға қайырамын. Одан басқа не келеді менің қолымнан. Беу, басы қызық, аяғы қысық дүние-ай десеңізші?!

* * *

Жұмагүл Есжанқызы,
Батыр Ана

ТӘТЕМ ТУРАЛЫ ТОЛҒАНСАМ

Тәтем туралы айтар болсам, ол кісі жаны жайсаң, өмірге құштар, жүрегі тек қана балалары үшін соғып тұратын мейірманды жан еді. Кейінгі үш-төрт жылда жанында жиі-жиі болып жүрдім. Телефонмен хабарласып, "Әй, қыз, (мені ылғи осылай деп атайтын) тез кел, Бәтима құдағи үшеуіміз, анау көкең мен жеңгеңнің Сарыағаштан салдырған санаторийіне барып дем алып келейік. Үйде бала-шаға деп отыра бересің бе? Өмірде не көрдің сен? Менің арқамда көріп ал, емдел!" - деп Алматыға шақыртып алатын. Айтатын әңгімесі маған белгілі. Қай жерде жүрсе де, баласы мен келінін және немерелерін аузынан тастамай, солардың тілеуін тілеп, солар туралы сөз қозғайтын. Ол көбінесе өзінің жеке пәтерінде тұрды.

Немерелерінің біреуі:

– Апа, біз қазір сізге барып амандасып шығамыз, - деп телефон соға қалса, кәдімгі бір үлкен

жерден қонақ келе жатқандай, соларға арнап дайындық жасатып, дастарқан жайдыратын. Сөйтіп, "Ләззат, Жібек келе жатыр, Асан мен Ақан келе жатыр" деп мәре-сәре болатын. Өте көпшіл, қонақ келгенді жақсы көретін, пейілі кең, дастарқаны жиналмайтын жан еді.

Бір күні ертеңгі асымызды ішіп болып, тәтем аса бір көңілді отырған сәтте:

– Тәте, сіздің арманыңыз жоқ шығар. Балаңыз айтқаныңыздың бәрін жасап жатыр. Келініңіз - Қасия келген сайын тоңазытқышыңызды ашып көріп, ішін лықа толтырып кетеді. Киім дегеніңіз 2-3 шкафқа толы. Бір адамға не керектің бәрі бар, - дедім нұрлы жүзіне көз қиығымды салып.

Тәтем маған күлімдей қарап:

– Оның рас. Құдая тәуба, ризамын бәріне. Осы Қасиям келін болып түскелі бері біздің үйге қыдыр дарып, бақ қонды. Қарағымның аяғы құтты болды, құт келді бізге. Бірақ армансыз адам бола ма? Менің де арманым бар ғой, - деді.

Таң қалдым. Бір ана армансыз болса, тәтем армансыз шығар деп ойлаушы едім, ол кісі осылай деп салды.

Мен өзімді тежемедім.

– Ол қандай арман, тәте, айта отырсаңызшы? - дедім әуестігім күшейіп. Тәтем балбұл жанған жанарын арылы-берлі аударыстырып:

– Құдай өзі кешірсін, адам болған соң қайтеміз, армандаймыз дағы. Көңілімді көншітіп отырған келінім - Қасияға қарап, немерелерім: Ләззат, Жібекке қарап, мына саған ризаланған сәттерімде, "шіркін-ай, мен де бір қыз туғанымда жақсы болушы еді ғой!" деп пендешілікке

салынатын кездерім бар, - деді ағынан жарылып. Бұдан соң өзі де еркелей сөйлейтін Ләззаттың сәби шағындағы әртүрлі қылықтарын есіне алып, мәз бола әңгімелеп кетті.

Тәтем көп әңгімені дауыстап айтпағанымен, ішінен қайталап, ойлай жүріп, аяқасты шешімге келе қалатын. Бір жылғы санаторийге баруымызда, емделу мерзіміміз аяқталмастан:

– Әй, қыз! Тұр, дайындал жолға, жүреміз! - деді нық сөйлеп.

– Ой-бай-ау, әлі төрт-бес күніміз бар ғой, не боп қалды? - дедім абыржып. Тәтем алған бетінен қайтпады.

– Ештеңе жоқ, құдай өмір берсе, емделеміз әлі. Адам берген уәдесінен айнымауы керек. Сенің балаң - Дәнеш "Туғалы тұрған нәрестеміз Мақсұт көкеме тартып, елге кеңінен танымал болса екен деп ырымдап жүрміз. Аман туа қалса, осының атын өзіңіз қойып беріңіз, апа!" деген болатын. Мына алған жеделхатымыз соны еске салып отыр. Тезірек жетейік ауылға. Білген адамға бұл өзі үлкен шаруа! - деп жинала бастады. Мен де дайындалдым.

Сөйтіп, қайран, тәтем менің бір немеремнің есімін де өзі қойып берген болатын, қазір ол - Айдос деген азамат болып өсіп келеді.

Амал қанша, туралап келген науқас болмағанда, тәтеміз әлі де он шақты жылдай арамызда жүрер ме еді, кім білсін? Өмірінің ақырғы күндерінде мен ұдайы жанында болдым. Өзіне ажал құрығының түскенін біліп жатса да, жайбарақат күйінен жазбай, халін білуге келіп отырған келін, бала, немере-шөберелерімен шүйіркелесе сөйлесіп, өзін ылғи да көңілді ұста-

ды. Онысы – ауруы жанына батса да, үй ішіндегілерді шошытпай, уайымдатпай, отбасылық берекені сақтауға деген асыл ананың ақ пейілі мен ыстық ықыласы, ынтасы еді.

Ләззат қасына келіп:

– Апа, мені танып жатырсың ба? – десе,

– Әрине, танып жатырмын, бәріңді де танып жатырмын. Тіпті, ана жаққа кеткім келмейді! - деп әзілге тартатын.

Тәтемнің ақтық демі таусылар сәтте бәріміз де жанында болдық. Иманды болғыр, қайран тәтем бәріміздің көз алдымызда күлімсіреп жатып, мәңгілікке көз жұмды.

Менің кеудемнен бір жапырақ ет жұлынып түскендей, жүрегім дүрсілдей соғып, сыздап, ауырып, дүниедегі ең асыл, ең жақын жанашырымды, ардақты анамның өзіндей де, көзіндей де болған жалғыз әпкемнен айрылып, жылай-жылай Үштөбеге қайттым.

Тәтемнің өмірінің соңында жанынан жырақтамай, қасында 3 ай болдым ғой. Ойлансам, арқа сүйер Алатауым, биік өскен бәйтерегім құлаған адамдаймын.

Көз алдымнан бірге жүрген күндеріміздегі Арыстан баб, Қожа-Ахмет-Иассауи бабаларымыздың қасына барған сәттеріміз кетер емес. Тәтемнің сол кездердегі "Көкең мен жеңгеңнің арқасында, менің арқамда көріп қал" деген мейірімді сөздері құлағымда жаңғырады.

Енді, міне, бір Алладан тәтемнің иманын жолдас қып, жатқан жерін жаннат, топырағын торқа ете гөр деп тілеу тілеп отырмын. Артында қалған жалғыз ұлына, одан өсіп-өнген немере-шөберелеріне, үлкен келін, кіші келіндеріне,

барша ұрпақтарына сол кісінің мейірім, қайырым, дарқандылығы дарығай деп мінәжат етемін!

Ия, Алла, ақ пейіл, ақ ниеттегі - Зейнепгүл-Зинаш апамызды алдынан жарылқай гөр! Әумин!

Қазақ сазгерлері мен ақындары ана туралы

АНА ТУРАЛЫ ЖЫР

Әнін жазған: ***Шәмші Қалдаяқов***
Сөзін жазған ***Ғафу Қайырбеков***

Әлемнің жарығын
Сыйладың сен маған.
Даланың әр гүлін
Жинадың сен маған.
Сен бердің құстардың
Қанатын самғаған,
Балалық құштарым
Өзіңе арнаған.

Қайырмасы:
Әлдилеп, аялап,
Өсірген жемісің,
Самал жел, сая бақ
Құшағың мен үшін.
Есейіп кетсем де
Мен саған сәбимін.
Көңіліңді көктемдей
Көзіңнен танимын.

Өтеуге борышың
Анашым, жан сырым.
Іздедім сен үшін
Әлемнің асылын.
Әлемнің байлығын
Сыйлар ем, кеш мені,
Сыйлар ем ай-күнін,
Қолыма түспеді.

Қайырмасы

Ете гөр қанағат,
Әзірге берерім
Балалық махаббат,
Балалық жүрегім,
Бол риза анашым,
Қолдағы осы бар
Өзіңе арнаған
Әнімді қосып ал.

Қайырмасы.

Ғабдул Ахметшеев,
заң қызметкері

ТУҒАН ЖЕР ҚАСИЕТІ

Бір жұтым ауасының өзі дертке дауа болатын кіндік қаны тамған туған жер төл перзентін қашан да тартып тұрады емес пе?! Жалаңаш табанымен ыстық құмын басып, талай жүгірген Көкжиде топырағы бала болса да Зинаш әпкемнің есінен кетпесе керек. 1972 жылы біздің ауылға, біздің

үйге келді. Онда мен бала едім. Тойшыбек ағам екеуі ұзақ әңгімелесті. Бұрындары тек атын ғана естіп, көрмеген туысымыз алыстан келгеннен кейін бе, реті келсе болды жақынырақ отыруға тырыстым. Әңгімесінен ұққаным – туған жері Көкжиде өңірін ұмытпапты. Туған-туыстардың бірін қалдырмай сұрап шықты.

Әпкеміз Талдықорғанға көшкенде не бәрі 11-12 жаста екен. Соның өзінде Құрманбектен тараған бауырларының барлығын да біледі. Бірінен кейін бірін сұрап жатыр. Анда-санда "Алда, қарағым- ай, ә!" деп қояды.

Өткен ғасырдың екінші онжылдығының қазақ халқы үшін аса жайсыз болғандығын көнекөз қариялардың аузынан талай естіген едім. Әсіресе, қарт Балқаштың кең қолтығындағы сулы да нулы, құйқалы жерді мекендеген жалайыр рулары үшін ол кездегі өмір тозақ іспеттес болған. Күрделі өзгеріс ала құйын сияқты бейбіт өмір сүріп жатқан елді тып-тыныш отырған жерлерінен аспанға тік көтеріп, дөңгелетіп ала жөнелген. Қызыл коммунистерден гөрі өз іштерінен шыққан "шолақ белсенділер" елдің мазасын алып, нағыз "асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасынның" дабылын қаққан сияқты.

Әкемнің ағасы Қойшыман ән салып, домбыра тартатын сері кісі болыпты. Ол үйдің ішкі тірлігіне көп араласпайды екен. Бар ауыртпалықты шешеміз Әлилә көтерсе керек.

Колхоздастыру кезінде ел арасында ұйымдастыру жұмыстары да өте өрескел, күштеу тәсілімен жүргізіліпті. Бүкіл қазақ халқын дүрліктірген осы науқанда да Қойшыман әкеміз ешнәрсеге араласпай жүріпті. Бәлкім, іштей қатты

ауырып жүргенін көпшілікке білдіргісі келмеді ме екен, әйтеуір, қандай даулы мәселе болса да іргесін аулақ ұстап, домбырасын тартып, аузын бағыпты. Табиғатынан өжет Әлилә шешеміз Құрманбек әулетінің намысын жыртып, "шолақ белсенділер" әрекетіне көп қарсылық көрсетіпті.

Сол бір аумалы-төкпелі, аласапыран заманда Қойшыман әкеміз сырқаты ауырлап, жатып қалған да, көп ұзамай көз жұмыпты.

Осылай ойламаған жерден қара жамылып қалған шаңырақты жергілікті "шолақ белсенділер" көздеріне де ілмеген. **Қырқы** болмай жатып, есіктің алдындағы аздаған уақ жанды "колхозға керек" деп, айдап кетсе керек. Әкем Ахметше де еш қайран жасай алмаған. Соған қатты ашуланған Әлилә шешеміз өз ағайындарынан қатты көңілі қалып, Іленің арғы бетін жайлап отырған ысты рулары ішіне қарай ешкіммен ақылдаспай-ақ көшіпті.

Қойшыман отбасының Іленің арғы бетіне көшуіне және бір себеп – үлкен қыздары Бибіғайша ысты руының ішіндегі беделді де бақуатты Ошақбай деген кісіге ұзатылған екен. Кезінде солардан алған қалың малдан тігерге қалдырмай, жергілікті өкімет айдап кеткен соң, сүйеу болар ма екен деп соларға қарай тартқан ғой.

–Жеңгең арғы бетке көшіп барады, – дегенді естіп, әкем Ахметше бірден атқа қоныпты. Асығыс жеткеннің өзінде күн бесін болып қалса керек, Әлилә апамыз киіз үйлерін жаңадан тігіп жатыпты. Біздің әкей ашумен барып, шаңырағын қамшымен бір-екі рет тартып жіберіпті.

– Айтпай неге көшесің? Бауырымның шаңырағын неге басқа жұртқа әкеп тігесің? Зина-

шымның көзін жәутеңдетіп, қайда алып барасың? – дейді ақырып.

Қайнысына қатты өкпелеп, көңілі қалған Әлилә шешеміз қабағын ашпай қойыпты.

– Ошақбай да бөтенім емес. Туған құдам. Ауылдың "шолақ белсенділерінен-ақ" жеріп біттім. Басыма күнде әңгіртаяқ ойнатқанымша, осым дұрыс! -- депті, алған бетінен қайтпай.

Айтқан сөзін өткізе алмаған әкем Ахметше салы суға кеткендей боп, ұнжырғасы түсіп, сол күні барған ізімен кері қайтыпты.

Осы оқиғадан кейін де ел іші тыншымаған. "Шолақ белсенділер" жұрттың мазасын алып, аяғы төзімі таусылған халық жергілікті билікке қарсы көтеріліске шыққан. Ол тарихта "**Ақкөл көтерілісі"** деген атпен қалды.

Сондай алмағайып заманда Зинаш тәтемді ерткен Әлилә шешеміз жаяулап, Талдықорғанға - өз төркіндеріне қарай тартқан ғой. Ақкөлден шыққан көтерілісті естіп, ол жақтағы ағайындар да елеңдеп отырса керек, қыздары арып-ашып жеткенде төркіндері құшақ жая қарсы алыпты.

Өмір өз арнасымен сырғып, өтіп жатады. Әкем Ахметше Бибіғайша апамыздың күйеуінің қайтыс болғанын естіп, арнайы барып, қасына көшіріп алыпты. Кейінірек ол кісіні күйеу баласы Сұлтан әкемнен рұқсат сұрап, Талдықорғанға көшіріп әкеткен екен. Сол жақтан Бибіғайша апамыз екінші рет тұрмысқа шығып, жалғыз қызы – Жұмагүлді туыпты.

Ол бір өзі құрып қалғыр, "балапан басына, тұрымтай тұсына" деген заман екен. Кейінірек ел есін жиғанда, шамамен айтқанда, өткен ғасырдың 60-жылдары әкем Ахметше жеңгесі –

Әлиләні, қарындастары: Бибіғайша мен Зинашты іздеп барды. Олар Талдықорған қаласы түбіндегі Еркін деген ауылда тұрып, ел қатарлы еңбек етіп жүрген екен. Әкейдің қағанағы қарқ, сағанағы сарқ болып қуаныпты.

Ол кезде Зинаш тәтем Сұлтан деген жігітке күйеуге шығып, "біреуден кейін, біреуден ілгері" дегендей өмір сүріп жатса керек. Өткен-кеткенді еске алып, ұзақ әңгімелесіпті олар. Кіндік қаны тамған Көкжиде ауылын, жалаңаяқ жүгірген бұйра аққұмдарды, бағаналы елді сағынса керек, "барып қайтамын" депті Зинаш тәтем. Бірақ "көшіріп алайын" десе, оған келіспепті.

– Ұлы Отан соғысына кеткен Сұлтаннан "қара қағаз" алған соң, Мақсұтым 13 жасқа аяқ басқаннан кейін мұнда екінші рет Жансейіт деген азаматқа тұрмысқа шықтым. Үйлі-баранды болдым. Келін алып, немерелі болып отырмын. Мені жылы орнымнан қозғалтпаңыз, – депті.

Содан бастап Зинаш тәтеммен жақынырақ араласып кеттік.

1972 жылы Аққөлге немересі Асхатты ертіп келді. Ол кезде менің әкем Ахметше қайтыс болған еді. Зинаш тәтем менің әкем туралы мен білмейтін көптеген жылы әңгімелер айтты. Менің білуімше Зинаш тәтем Көкжидеден көшкенде үлкен жас екен. Соған қарамастан, 1928-29 жылдары Балқаш ауданында болған тарихи оқиғаларды жадына жақсы сақтап қалыпты. Мәселен, "шолақ белсенділердің" қорадағы қойлары мен өрістегі малдарын айдап әкеткенін, шешесі Әлиләнің қатты жылағанын, Бибіғайша әпкесіне қалың мал алып, ыстыларға ұзатқанын, кейініректе ауылдастарына, құдаларына қарай



Ортада Зинаш (Зейнепгүлсін) шешей. Бақанас. Көкжиде. 1972 жыл.



Солдан оңға қарай: бірінші қатардағы бірінші болып отырған Зинаш (Зейнепгүлсін) шешей. Бақанас. 1972 жыл.



“Егіз құдағилар” — Зинаш (Зейнепгүлсін), Бәтима. 5 шілде 1999 жыл. Оқжетпес.



“Еркін” мешітінің ашылған күні. 2004 жыл, 27 тамыз.



Мақсұт өзі салдырған "Еркін" мешітінің ашылуында.
2004 жыл, 27 тамыз.



Солдан оңға қарай: Жұмагүл (сіңлісі), Зинаш (Зейнепгүлсін) шешей, Бәтима (туған құдағиы).



Қапал-Арасан 2004. Оңнан солға қарай: Зинаш (Зейнепгүлсін) шешей, Құрми (қайын сіңлісі).



“Еркін” мешітінің ашылу сәті: Мақсұт Сұлтанұлы, Бас муфти Әбсаттар Дербісәлі, жергілікті имам Жұманәлі.



Ортада Зинаш (Зейнепгүлсін) шешей.
Астана. 2005 ж.



Бас муфти Әбсаттар Дербісәлі "Еркін" мешітіне
"Құран кәрімді" сыйлап тұр. 2004 жыл, 27 тамыз.



Мақсұт Сұлтанұлы "Еркін" мешітінің ашылуында сөйлеп тұр. 2004 жыл, 27 тамыз.



“Еркін” мешітінің алды. 2005 жыл. 10 мамыр. Зинаш (Зейнепгүлсін) шешейдің жаназасы оқылу сәті.



Нәрікбаевтар әулетінің зираты.



Зинаш (Зейнепгүлсін) шешейдің мүрдесі басындағы ескерткіш тас. 2005 жыл, Еркін ауылы.



Нәрікбаевтар әулетінің зираты.



Зинаш (Зейнепгүлсін) шешейдің мүрдесі басындағы ескерткіш тас. 2005 жыл, Еркін ауылы.

көшкенін, әкем – Ахметшенің артынан қуып барып, "ауылға қайт" деп, тігіліп жатқан үйдің шаңырағын қамшымен сабалағанын, бәрін-бәрін ұмытпапты.

Кейін жиен ағам – Мақсұт Сұлтанұлы қызмет бабымен Талдықорғаннан Алматыға ауысты. Алғашқыда Мөлтек ауданында, кейіннен Самал – 2-де тұрды. Қалаға барған сайын Зинаш тәтеме соқпай кетпейтінмін.

Бармай кетсем, тәтем өзі телефон шалып, "неге хабарласпай қалдың" деп, әжептеуір ренжитін.

Тәтем біздің ауылға ең соңғы рет 2003 жылдың қыркүйек айында келді. Қасында Бибіғайша әпкемнің жалғыз қызы – Жұмагүл бар. Тәтем Ақкөлдегі Тойшыбектің үйінен әкесі Қойшыманға, бауырлары: Ахметше, Ахмет, Сыдық, Болысбай, Есбай, Шүлембай, Тойшытайға арнап мал құдайы беріп, құран бағыштатты. Онан соң туған-туыстарды түгел аралады. Тәтемнің сол жолғы сапарын толығымен бейне камераға түсіріп алдым.

Сол жолы Бақанас, Ақкөл, Көкжиде, Көкталдағы туыстарын аралап, қайтып келе жатқанда өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдары Балқаш өңірінде өткен біраз оқиғаларды есіне түсірді. Ешқайсына теріс, оң деп баға берген жоқ. "Бәріне уақыт төреші ғой" деді де қойды. Көптеген бауырларына қайғы мен қасірет әкелген Кеңестік заманды да кінәламады. Бүгінгі күнге жеткізген жаратқан иесіне алғыс сезімін білдіріп, біреуден кейін, біреуден ілгері өмір сүріп жатқанына "тәуба" деп отырды.

Және бір аңғарғаным, осы өңірде не бәрі он бір, он екі жыл ғана өмір сүрсе де туған жері мен

еліне деген ықыласы шексіз екен. Сөз арасында болса да сүйіспеншілігін ұдайы білдіріп отырды.

Бәлкім, өзіміз күнде көріп, табанымызбен басып, суын ішіп, ауасын жұтып жүргендіктен бе кейде, туған жердің кейбір қасиеттерін аңғара бермейміз ғой. Келген қонақтар еш жерге ұқсамайтын табиғатымызға , оның таза ауасына, жандарына шипа болар мөлдір суына таңқалып, тамсанып жатты. Әсіресе, Көкжиде ауылының сыртындағы қалың тоғай, жота-жонды құмдар, арудың көз шараларындай мөлдіреген көлдер, олардың бетін жапқан түрлі құстар мен аққу-қаздардың саңқылдаған үндері жүректеріне жыр жазғандай әсер берді. Жеріміздің киелілігі мен қадір-қасиеті де, бәлкім, осында шығар. Бір рет серуенге келген адам Көкжиде мен Аққөлді ешқашанда ұмытпайды ғой, шіркін!

Зинаш тәтемді де Көкжиде мен Аққөл жері осындай ғажаптығымен баурап алса керек. Қанша уақыт өтсе де бағаналы елі мен туған жерін сағынып жүретіндігін айтатын. Сірә, мейірман ана жүрегі өзіне деген ел сағынышын да аңсайтын болуы керек. Туған жерімен үндескен, үйлескен көңілі Көкжиде жері мен елінен қашан да іздегенін тауып, құмары қанып қайтатын...

Міне, ол кісінің де дүниеден озғанына бір жыл толып отыр. Уақыт өткен сайын "тәтемді" сағынғаннан ба, "Қабылтай-ау, аман-есен жүрсіңдер ме? Неғып хабарласпай қалдыңдар?" деген жылы сөздері құлағымда жаңғырып, сағыныштан жүрегім сыздайды...

Қазақ сазгерлері мен ақындары ана туралы

АНА ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

Әнін жазған *Жақсыкелді Сейілов*
Сөзін жазған *Аманжол Шамкенов*

Әлі есімде, біледі жұрт, біледі,
Ел басына қатер төнген жыл еді.
Қимастарын қан майданға ұзатып,
Қарсы айырылған аналардың жүрегі.

Қ а й ы р м а с ы:
О, аналар, осындайсың бәрің де,
Осындайсың жасың-дағы кәрің де.
Сиынатын болса өмірде құдірет,
Сиынар ем ана деген тәңірге.

Соғыс жұлып кетті үйінің тірегін,
Соғыс бұзды қуанышын, реңін.
Тұрды ана күйеуінен айырылып,
Тұрды құшып тек қана оның күрегін.

Қ а й ы р м а с ы

Ақ сүті оның өтеусіз жәй қала ма,
Борышты оған небір дарқан дана да!
Тірлік сеуіп келе жатқан дүниеге,
Әй, адамдар, жол беріңдер анаға.

Қ а й ы р м а с ы

Тағы да үміт, шек қала ма арманға,
Өмірге ынтық ана шөлі қанған ба?!

Ана – үміт, ана – жігер, ана – адамзат,
Одан берік, одан нәзік жан бар ма?!

Қ а й ы р м а с ы.

Құрми Нәрікбайқызы,
қарт әже

БІЗДІ МАҚШАРДА КЕЗДЕСТІРГЕЙ

Зинаш менің Сұлтан бауырыма он жеті жасында қосылғанында мен сегіз жастағы қыз едім. Соғыс басталған уақытта Зинаш жиырма екі жаста, Мақсұт екі жаста еді. Зинаш екінші перзентке аяғы ауыр болатын. Жастайынан келін болғандықтан оны атасы Нәрікбай, енесі Ғизатбану өз қыздарындай жақсы тәрбиелеп, мәпелеп "Зинақай" деп еркелетуші еді.

Мен туған қайын сіңлісі болғандықтан, атымды тура атамай, әрқашанда "Әке қыз" деп атайтын. Мені он сегіз жасқа толған шағымда Кемеращы колхозының тұрғыны Әуелхан деген жігітке өз қолынан ұзатты. Марқұм, өле-өлгенінше мені қасынан қалдырмай кей жылдары демалыс үйлеріне, кей жылдары санаторийлерге бірге алып барып жүрді. Онымен бірге болған күндерімде жақсы демалып, денсаулығымды түзеп қайтушы едім. Ол соңғы рет мені, ұмытпасам, 2003 жылы болуы керек, өз жеріміздегі Қапал - Арасан курортына бірге алып барып, оның жол шығыны мен жолдамасының пұлын да өзі көтерді.

Жыл сайын Алматыдан біздің үйге арнайы келіп, екі аптадай қасымда болып, әңгіме дүкен

құрушы едік. Қайтар кездерінде зейнетақысынан жырып, менің қалтама ақша салып кететін.

Ауыра қалған кездерінде мені де шақыртып алып, қасында болуымды қалаушы еді. Өткен жылы әл үстінде жатқан кезінде де, Астанада жанында ұзақ уақыт болып қайттым.

Жеңгемізді жерлегеннен бері ботасынан айырылған інгендей боздап, қабырғам сөгітіле беретін болды. Көз алдымнан оның күлімсіреген бейнесі бір кетпейді. Елестейді де тұрады. Ұйықтасам түсімнен шықпайды. Қайтейін, тағдырдың салғаны солай болғандықтан көнемін дағы. Қолымнан ендігі келетіні әр жұма сайын "жеті шелпегімді" пісіріп, құран оқып, рухына бағыштаймын. Тәубамды айтып, өзімді өзім жұбатамын.

Қазір менің де төрімнен көрім жуықтап, сексеннің сеңгіріне аяқ басып келемін. Алла–тағала, бәлкім, бізді мақшарда кездестірер. Лайым, солай болғай!

Қазақ сазгерлері мен ақындары ана туралы

АНА

Әнін жазған *Дүңгенбай Ботбаев*
Өлеңін жазған *Сағи Жиенбаев*

Дамылдап өзендер де,
Күн батып, күн шығады.
Мен үшін көзіңді ілмей,
Анашым, жүрсің әлі, жүрсің бе әлі?

Қайырмасы:
Дүние құлпырады,
Боялып дала нұрға.
Сонда да мен тұрамын,
Өзіңнің жанарыңда.

Сағымға тербетіліп,
Шықтың сен қанша қырға.
Шаршады жел де тынып,
Анашым, шаршадың ба, шаршадың ба?

Қайырмасы

Жайнаған балғын гүлмен,
Жан анам - жасыл бағым.
Өзіңмен жаным бірге,
Мәңгілік қасыңдамын, қасыңдамын.

Қайырмасы.

Жамали Ысқақұлы,
Нәрікбайдың жиені

ЕРЛЕРДЕН ҚАЛЫСПАЙ ЕҢБЕК ЕТТІ

Нәрікбай нағашымыздың жанұясына Зинаш (Зейнепгүлсін) келін болып түскенде, мен 3-4 жастағы бала болсам керек.

1942 жылы Сұлтан аға ел басына қиын-қыстау күн туып, ер-азаматтар түгелдей қан майданға аттанғанда, солардың қатарында ол да кетіпті. Ол кезде мен 7-8 жастағы бала болатынмын. Ауылда тек кемпір-шал, жас балалар,

жұбайларын майданға аттандырған жас келіншектер қалған. Олардың қиыншылықтарды мойындап, колхоз даласында күні-түнімен еңбек етулеріне тура келді. Ерлерін майданға аттандырып, белдерін бекем буынып, білектерін сыбанып колхоздың барша қара жұмыстарына қоян-қолтық араласқандардың арасында Зинаш апамыз да жүргенін көзімізбен көріп өстік.

Сұлтан аға майданға кеткенде, екінші перзентке ай-күніне жетіп отырған Зинаш аман-есен босанып, оның атын Махмұд деп қойған. Ол бала көп өмір сүрмеді, шетінеп кетті. Атасы Нәрікбай ақсақал да бұл пәни дүниеден бақиға көшті. Енді бар ауыртпашылық Зинашқа түсті. Алғашында дүкенші, одан кейін колхоздың егін орағына, мал азығын дайындауға араласып, шалғы да шалды.

1950 жылы Еркін колхозы тұңғыш рет кант қызылшасын екті. Ол кездерде техника жағы аз болатын. Қызылша өсіру тек қана адамдардың қол күшімен атқарылатын.

Зинаш қант қызылшасын өсірумен шұғылданатын алғашқы звенолардың біріне жетекші болды. Қарамағындағы жұмысшыларға бас-көз болып басшылық етті.

1955 жылы қаладағы механизатор дайындайтын курсқа түсіп, тракторист-комбайнер деген мамандық алып, майданда шейіт болып кеткен ер-азаматтардың орнын толтырды. Қой шаруашылығында да істеді. Ешқандай жұмыстан бас тартпады. Партия қайда жұмсаса, сол жерден табылып отырды. Жұмыстан қаншалықты шаршап-шалдығып келгенімен жанұясына ешбір сыр білдірмей, ата-енесінің қабағына қарап, оларды ренжітпеуге тырысатын.

Ағайын-туыстарға да кішіпейілдігімен ұнайтын. Әр уақытта да дастарқандары жаюлы тұратын. Келген көрші-қолаңдарымен бөлісіп ішуге пейілді еді. Сондықтан болуы керек, ауыл адамдары Зинашқа зор құрметпен қарайтын.

Ал мені өз баласындай көруші еді. Көрген жерде құшағын жайып, бауырына қысып, маңдайымнан иіскеп, хал-жағдайымды сұрастырып, рухымды көтеріп тастайтын.

* * *

Қазақ сазгерлері мен ақындары ана туралы

АПАТАЙЫМ-АНАШЫМ

Әнін жазған *С.Елеуов*
Өлеңін жазған *Ә.Дүйсенбаев*

Кіршіксіз жүрегіндей жас баланың,
Апатай, өзің - менің асқақ әнім.
Өсірдің, аяладың, әлпештедің,
Ойыңнан бір сәт мені тастамадың.

Қ а й ы р м а с ы:

Апатайым-анашым,
Ақылы мол данасың.
Қамқоры сен сәбидің, 2 рет
Гүлі де сен әр үйдің.

Ойладың бүлдіршіндей бала қамын,
Сипайды маңдайымнан алақаның.

Сөзіңді екі етпейді, қадірлейді,
Қарайды қабағыңа балапаның.

Қ а й ы р м а с ы

Анамның әрбір сөзі ой талабы,
Жүректің тереңінде сақталады.
Өсеміз елін сүйген ұландар боп,
Ардақты ана есімі ақталады.

Қ а й ы р м а с ы.

Мәриям Бекшекқызы

МЕЙІРІМДІ ЖАН ЕДІ

Мен Зинаш жеңгейдің атасы Нәрікбай қариямен бірге туған Бибіғайша деген апайдың ұлы – Жамалидің зайыбы боламын. Төркінім арғын ішіндегі төлеңгіт. Жамали – жалайыр ішіндегі бәйшегір руынан. Әкесі – Ысқақ.

Біздер Қапал ауданындағы "Қызылағаш" совхозынан 1968 жылы Еркін ауылына көшіп келіп, мен осы ауылдың ауыл Советінің кітапханасына қызметке орналастым. Зинаш жеңгей бізді бірінші болып өздерінің босағасын көрсету үшін ерулікке шақырды, көйлек кигізіп, басыма орамал тартты. Алғашқы танысу осыдан басталды. Зинаш жеңгей менің енемнің бауыры Нәрікбайдың баласы – Сұлтанның жұбайы екен. Біздің үй бір көшенің бойында болғандықтан ертелі-кеш жеңгеймен жиі кездесіп тұратынбыз. Жарықтықтың есігінің алдында сары самауырын ылғи да қайнап тұрушы еді.

– Келін-ау, үйге кіріп шай іш. Кеше енем пешке нан, тоқаш пісірген еді. Содан ауыз тиіп шықсаңшы, – деп кірмесіме қоймайтын. Не болмаса, "мынаны балаларға апарып бергін" деп тоқашы мен конфетін ұстатып жіберетін.

Зинаш жеңгейдің көркі өте сұлу, көлдегі жүзіп жүрген аққудай аққұба еді. Мінезі жайлы, жайдарлы болатын. Дауысы сыбызғының үніндей сызылып, жүрекке жылы тиіп, құлаққа өте жағымды естілуші еді. Үнемі адамды өзіне тартып, күлімсіреп тұратын. Тістері меруерт тастардай жарқырайтын. Оның үстіне ашық қабағы, ақ маңдайы, шырайлы жүзі мен қаймақтай ерні ерекше бір сүйкімділікті білдіріп тұратын. Мен ішімнен: "Бұл жеңгей жас кезінде жастардың арасындағы нағыз Қыз Жібегі болған шығар-ау" деп ойлайтынмын.

Кейінгі кездері Мақсұттың қызмет бабымен Алматы мен Астанаға кетуіне байланысты, Зинаш жеңгей бізден біршама алыстап жүрді. Бірақ ауылға жылына бір рет міндетті түрде келіп, ағайын-туыстардың бәрін аралап, бір-бір күннен үйлеріне қонып, аунап-қунап қайтатын. Келген бетінде көбінесе біздің үйге тоқтап, бірер күн қонақ болушы еді. Балаларымызды да, өзімізді де шәй-кәмпиттен сыйлықтарға қарқ қып тастайтын. Солардың ішінен ырым етіп, ұстап жүрген заттарым қазір де бар. "Жақсыдан шарапат" дейді ғой халық. Иманды болғыр, Зинаш жеңгей туған-туыс, абысын-ажындарына сыйлы, мейірманды жан еді ғой. Топырағы торқа болғай, марқұмның!

Қазақ сазгерлері мен ақындары ана туралы

АСЫЛ-АНА

Әнін жазған *Кеңес Дүйсекеев*
Өлеңін жазған *Шөмішбай Сариев*

Саған деген сағынышым жетер ме,
Жеткізе алмай мен өмірден өтем бе?
Жан анашым, жаутаңдадың баладай,
Қош айтысып мен ауылдан кетерде.

Қ а й ы р м а с ы:
Есен-аман жүрмісің асыл-ана,
Уақыт өрнек салған ба шашыңа да?
Қуандың ба, сағынып, атқан таңға,
Мұңайдың ба, қамығып, батқан күнге,
Асыл-Ана.

Саған деген сезімдерім жетер ме,
Жеткізе алмай мен өмірден өтем бе?
Өмір болып басталады өзіңнен,
Туған жерім, ата-қоныс, мекен де.

Қ а й ы р м а с ы.

Дәку Долдабекқызы,
зейнеткер, қарт ана

ОЛ ЫНТЫМАҚШЫЛ БОЛАТЫН

Мен осы ауылға сонау Ақсу ауданы Қосағаш ауылынан 1955 жылы Баймолда деген азаматқа күйеуге шығып, келін болып түскенімде Зинаш абысынымыздың үйімен іргелес көрші болдық. Нәрікбай ақсақал мен Баймолданың әкесі аталас ағайындар екен. Сондықтан Зинаш екеуіміз өте жақын абысындар болып шықтық. Ұзын-ырғасы 30 жыл көрші болдық. Халқымызда "абысын тату болса – ас көп, ағайын тату болса – ат көп" деген қағидалы сөз бар ғой. Иншалла, қандай кездерде болмасын, бір-бірімізге деген сый-құрметімізден ажырамай, жарты бидайды бөліп жеп жүрдік. Зинаш абысынымыз екеуміз өте тату, мұңдас, сырлас болып кеттік. Өмірімізде не жаңалық бола қалса да, бір-бірімізден жасырмай, айтып отырушы едік.

Баймолда екеуіміз анда-санда болса да түс шайысып қалсақ, иманды болғыр, Зинаш үйге жетіп келіп, қайнысына ақылын айтып, ұрыс-жанжалымызды су сепкендей етіп басып, табан астында татуластырып жіберетін. Баға жеткісіз дәнекеріміз еді.

Колхоздың жұмысынан бір күн қалмай еңбек ететін. Кейбір күндері ол үйіне қатты шаршап, шалдығып келетін. Ондайда мен де оның енесіне болысып, тамағын тез дайындасуға тырысатынмын. Зинаштың ағайын-туыстарға деген жүрегі мен ықыласы ерекше еді. Барлық ағайынды әр уақытта іш тартып жүретін. Абы-

сынымыздың мінезі басқа адамдарға ұқсамайтын. Елмен ұрсысу, ренжісу, өкпелесу дегенді білмеуші еді. Рас, кей-кейде қисық-қыңыр сөйлейтін адамдардың сөздеріне шыдай алмай, бұрқ ете де түсетіні бар-ды. Онысы әділетсіздікке, қиянатқа деген қарсылығындай қабылданатын. Жұртты алаламай, бәрін бірдей көретін. Егер абысын-ажындарынан біреуіміз ашулана қалсақ, Зинаш өзінің салқын қанды сабырлылығымен, жібектей есіліп тұратын жылы жүзімен жадыратып жіберуші еді.

Ал ағайын-туыстар да оны құрметтеп, "Зинақай" деп еркелетіп, сөзін жықпауға тырысатын. Амал қанша, "Аллаға да жақсы адам керек" дегендей, дүниеден озды ғой. Не дейміз енді, Алла алдынан жарылқасын, артында қалған үрім-бұтағы аман болсын. Оның жасамаған жасын, көрмеген қызығын сол – артында қалған балалары мен немере-шөберелері көрсін!

Қазақ сазгерлері мен ақындары ана туралы

АНАШЫМ

Әнін жазған *Марат Омаров*
Өлеңін жазған *Қайрат Жұмағалиев*

Шет жүрсем – сағынарым,
Жабықсам – шағынарым.
Анашым, бір өзіңсің –
Табынарым.

Қ а й ы р м а с ы:

Анашым, шалқып күлсең,
Алдымда ұзақ жүрсең –
Жүрегім жыр толғайды,
Көңілім ортаймайды.
Анасы бар адамдар 2 рет
Ешқашан қартаймайды.

Ұшырған сұңқарыңмын,
Қияға шырқарыңмын.
Бәйгеге өзің қосқан –
Тұлпарыңмын.

Қ а й ы р м а с ы

Қорғаным – өзің деймін,
Жан дауа сөзің деймін.
Анашым, сені ойласам,
Көз ілмеймін...

Қ а й ы р м а с ы.

Сәдуақас Сағындықұлы,
еңбек ардагері

МЕН ЗИНАШТЫ ТӘТЕ ДЕЙТІНМІН

1950 жылы Талдықорған ауданындағы (қазіргі Ескелді ауданы) "Қазақстанның 30 жылдығы" атындағы колхозына (қазіргі Еркін ауылы) бас агроном болып келдім де, шаруашылық жұмыстарына қоян-қолтық араласып кеттім. Бұл кезде

Зинаш колхоздың қант қызылшасы плантациясында звено жетекшісі екен. Қарамағында 10 әйел жұмыс жасайтын. Қызылша өсірумен ол 4-5 жыл шұғылданды. Жылда әр гектардан 300 центнерден асыра қант қызылшасының тәтті түбірлерін жинап, қант зауытына жөнелтіп, ауылдың ғана емес, ауданның алдыңғы қатарлы қызылшашысы атанды. Әр жыл сайын заттай және ақшалай сыйлықтардың иегері болып жүрді.

Ол өмірде өжет, алған бетінен қайтпайтын қайсар да қайратты болатын. Қоғамдық өмірдегі жаңалықтарға құлағы түрік, жаны құмар, жаңашылдау еді. Бірде ол радиодан ресейлік қызкеліншектердің машина, трактор, комбайн жүргізе алатындықтарын естіп, сол оқуға өзін жіберуімізді өтініп отырып алды.

Соғыстан кейінгі сол жылдарда бізде шындығында да механизаторлар жетпей жататын. Шынын айту керек, біз бұған қуандық. Дереу қажетті құжаттарын жиыстырып, колхоздың атынан іргемізде тиіп тұрған облыс орталығы – Талдықорған қаласындағы механизаторлардың оқуына аттандырдық. Бұл – 1955 жылдың қысына қарай аяқ басқан шақ еді. Абырой болғанда Зинаш оны ыждақаттылықпен жақсы оқып, бітіріп шықты. Сөйтіп, ауылымызға ауадай қажетті боп тұрған бір тракторшы-комбайнер өз арамыздан табылып, ісіміз оңғарылып сала берді.

Аса бір айта кетерлік нәрсе – ол еңбек десе, ішер асын жерге қоярлықтай елгезек еді. Өзіне бекітілген техниканы тиісті бабында ұстап, шаруашылықтың қай учаскесінде жұмыс болса, Зинаш сол тұстан табылып отырды. Ол жер жыртуға да, шөп шауып оны тасымалдауға да, егін

егіп, оның орақ науқанына да белсене қатысты. Зинаш трактор мен комбайнның руліне отырған ауылымыздағы тұңғыш қазақ келіншегі. Әділін айтсақ, жұмыстың бұл саласында да Зинаш – Зинақай абыройсыз болған жоқ. Ерлерден қалыспай, табысты еңбек етті. Бірнеше жылдар бойы оның есімі колхозымыз бен ауданымыздың "Құрмет тақталары" мен газеттерінің беттерінен түспеді.

Бергі жылдарда Үкімет пен Партияның қой басын көбейтуге шақырған Үндеуіне орай, екінші рет тұрмыс құрған күйеуі Жансейітпен бірге қойға шықты. Мұнда да төл алу және жүн қырқу жөнінен социалистік жарыстың көшін бастап, колхоз экономиясына зор үлес қосты.

Зинаш жұртқа жұғымды келін, біреулерге абысын, біреулерге әпкей болып, сыйлы жағымен көзге түсті, есте қалды. Жөні келген жерлердің бәрінде де ол шатақ-шаумайдан аулақ жүретін. Әділетсіздікке әсте төзбейтін. Марқұмның жасы менен үлкен болғандықтан және қатты сыйлайтындығымнан мен ол кісіні тәте деп атаушы едім.

* * *

Қазақ сазгерлері мен ақындары ана туралы

АНАШЫМ

Өлеңі мен әнін жазған *М.Ембергенов*

Алақаның ыстық маған аялы,
Мәпелеген құшағында саялы.

Саған деген жүректегі махаббат,
Ақ қанатын мәңгілікке жаяды.

Есіңде ғой мен қуана күлгенім,
Тәй-тәй басып, ең алғашқы жүргенім.
Өзіңменен бірге жүріп мәңгілік,
Бірге терем қуаныштың гүлдерін.

Саған деген таза менің көңілім,
Анашым-ау, сенсің менің өмірім.
Қандай бақыт сәби болып еркелеп,
Қуаныштың гүлі болып төгілу.

Фатих Сағадиұлы,
зейнеттегі ұстаз

АУЫЛҒА АСА СЫЙЛЫ БОЛАТЫН

1958 жылы Талдықорған ауданындағы (қазіргі Ескелді ауданы) Жетісу мектебінен Еркін ауылындағы Еркін орта мектебіне физика-математика пәнінің мұғалімі болып ауысып келгенмін. Жанұямды көшіріп алу үшін, тұратын шаңырақ іздедім. Біреулердің айтуымен Зинаш жеңгейдің бұрынғы үйінің бос тұрғанын, өздерінің жаңа үйге көшкендіктерін білдім. Содан сұрастыра отырып, Зинаш жеңгейді тауып алып, жағдайымды айттым. Зинаш жеңгей менің алған келіншегім - Мұсабай деген ақсақалдың үлкен қызы Сахан екенін жақсы білетін болып шықты.

– Оу, күйеу бала, саған бермеген үйді кімге беремін. Ешқандай ақы-пұл төлемей-ақ кіре

беріңдер, - деп жайдары жүзбен қарсы алып, бұрынғы үйінің кілтін қолыма ұстатты. Менің жанұяма тигізген бұл көмегін мен әлі күнге дейін ұмытқаным жоқ. Жаны жайсаң, қолы кең, мәрт, жомарт мінезді жан еді ғой, марқұм.

Сол жылдары менің қайны атам - Мұсабай қария колхоздың қойын бағушы еді. Дәлірек айтқанда, сол кезде Зинаш жеңгейдің жұбайы Жансейіт ағай дүние салып, сол кісінің отарына қойшы болып менің қайны атам барған.

Кейінгі жылдары Зинаш жеңгей әр көктем сайын қой төлдеген кездерде сақпанға барып, төл тәрбиелеуге қол ұшын беріп жүргенін өз көзіммен көрдім. Мен мұғалім болған мектеп осы кісілердің үйінің дәл жанында еді. Үзіліс кездерінде жеңгейдің үйіне кіріп амандасып, шай ішетінбіз. Таң қаларлығы сол - қай уақытта барсақ та есігі ашық, дастарқаны жаюлы тұрушы еді. Ал өзі күлімсіреп қарсы алып, үйінде қандай дәмді тамақ бар болса, соның бәрін алдымызға қоятын. Мен мұндай дарқандылықты бұрын-соңды көп көрген адам емеспін.

2005 жылы көктемде "Мақсұттың анасы дүниеден озыпты, мәйітін Астанадан Еркінге ұшақпен әкеледі екен" дегенді естігенімде, есім ауып кете жаздады. "Ашаршылық жылы жеген құйқаның дәмі ауыздан кетпейді" дегендей, менің бұл толқуым мен тебіренісім асыл ананың сонау жылдарғы қаршадай ғана қара бала мені баласынбай, сөзімді бастан-аяқ түгел тыңдап, ақыр соңында мерейімді өсіріп, қолыма бұрынғы үйінің кілтін ұстатуына негізделіп жатқанын жасыра алмаймын. "Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын" дегендей, марқұм Зинаш жеңгей

бүкіл ауылға сыйлы, абзал адам еді ғой. Иманды болғай!

* * *

Қазақ сазгерлері мен ақындары ана туралы

АҚ МАМАМ

Әнін жазған *Әсет Бейсеуов*
Өлеңін жазған *Әнуарбек Дүйсенбиев*

Ел жатқанда жатпаған,
Мен деп тыным таппаған.
Бақыты үшін баланың,
Аман-сау жүр, ақ мамам.

Қайырмасы:
Күлімдеген көзіңнен,
Күн мейірімі сезілген.
Бұл жалғанда балаға,
Жақын жан жоқ өзіңнен.

Өзің маған мият-күн,
Сен деп таңым жиі атты.
Ақ мамамның айқайы,
Айналайын сияқты.

Қайырмасы

Қуат беріп құшағың,
Қанат бітіп ұшамын.

Естіртемін алып кеп,
Ел білмейтін құс әнін.

Қайырмасы

Көрсетемін күллі елді,
Жарық етем түндерді.
Өсіріп мен сыйлаймын,
Жұрт көрмеген гүлдерді.

Қайырмасы.

* * *



СӨЗ СОҢЫ

Иә, бір жақсы адам дүниеден өтті. Тағы бір жұлдыз ғарыш әлемінен жерге ағып түсті. Біздің әулеттің үрім-бұтағы, жақын жанбар, жора-жолдас, дос-жарандары "ah!" ұрып, аза тұтып, бір-бірлеріне жұбату, көңіл айтуға мәжбүр болды. Тура келген ажалға кім арашашы бола алған, кім одан құтқара алған? Ешкім де!

Анасын аза тұтпайтын пенде жоқ. Алайда, Алланың салғанына көнбеске лаж қайсы? Басқа түссе, баспақшыл болу бұрыннан бар үрдіс. Алла өзі жаратты, өзі алды, оны мойынсынудан басқа әрекет болмасқа керек. Оның үстіне менің анам – Зейнепгүлсін – Зинаш "асарын асап, жасарын жасап" дейтұғын сексеннің сеңгірінен қайтқан адам. Анамыздікі армансыздыққа жататын "ақ өлім". Сондықтан да болар, алыс- жақындағы достар, көзкөргендер мен ұжымдар менің жаныма батып, қабырғамды қайыстырған қазаны жеңілдету ниеттерімен жеделхаттары мен көңіл айтуларын баспасөз беттері арқылы бүкіл мамыр айы бойы қарша боратып жіберді.

Мен сол дос-жаран, жора-жолдас, туған-туыс, алыс-жақындағы ағайындар мен мекеме, ұйым, министрлік, оқу орындарының оқытушы-профессорлар құрамына, олардың басшыларына, анамның мәйітін туған жері Алматы облысындағы Еркін ауылына жеткізуге әуе жолы қызметінің кестесін өзгертіп, екі бірдей ұшақты біздің отбасымыздың пайдалануына берген азаматтарға, сондай-ақ марқұм анамыздың қонақасы мен ол кісіні жөнелту рәсімдеріне қол ұштарын беріп, қалтқысыз көмек көрсеткен барша іні-бауыр,

достарыма өз отбасымның және өзімнің атымнан шын жүректен шынайы алғысымды білдіре отырып, сол күндері менің атыма жазылған жеделхаттар мен көңіл айтылымдарының біразын осы кітабымның соңына таман бере кетуді жөн көрдім.

Көңіл айтушылардың жеделхаттары

* * *

Астана қаласы, Сейфуллин көшесі, 67 үй. Қазақ Гуманитарлық-Заң университетінің ректоры Мақсұт Сұлтанұлы Нәрікбаевқа

Сізге анаңыз Зейнештің қайтыс болуына байланысты қайғыңызға ортақтасып, көңіл айтамын. Жатқан жері жәннатта, топырағы торқа болсын.

Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогика институты Оқу-әдістеме бірлестігінің проректоры Р.Ә.Шаханова.

16 мамыр 2005 жыл.

* * *

Астана қаласы, Сейфуллин көшесі, 67. Қазақ Гуманитарлық-Заң университетінің ректоры М.С.Нәрікбаевқа

Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы ардақты анаңыз Болатбаева Зейнештің қайтыс болуына

байланысты қайғыңызға ортақтасып көңіл айтамын.

Көңіл айтушы М.Әбілқайыров.

14 мамыр 2005 жыл.

* * *

Астана қаласы, Сейфуллин көшесі, 67. Казахский Гуманитарно- Юридический университет. Ректору Нарикбаеву Максуту Султановичу

Сүйікті анаңыздың қайтыс болғанын естіп, қайғыңызға ортақтасып, шын жүрегімізбен қайғырып, көңіл айтамыз.

Мектептес достарың Бекет пен Оңласын.

14 мамыр 2005 жыл.

* * *

ЕВРАЗИЙСКОЕ ЭКОНОМИЧЕСКОЕ СООБЩЕСТВО ИНТЕГРАЦИОННЫЙ КОМИТЕТ СЕКРЕТАРИАТ

Ректору
Казахского гуманитарно-
юридического университета
НАРИКБАЕВУ М.С.

Уважаемый Максут Султанович!

Примите глубокие соболезнования в связи с безвременной кончиной матери Болатбаевой Зейнеш.

Искренне сочувствую и разделяю горечь тяжелой утраты. В эти трудные дни желаю Вам и Вашей семье крепости духа.

Память о Вашей матери навсегда сохранится в сердцах ее близких и родных.

С глубочайшим прискорбием,

Заместитель
Генерального секретаря (подпись) С.Примбетов

16 мая 2005 г.

* * *

Ректору Казахского
гуманитарно-юридического
университета
Г-ну Нарикбаеву Максуту Султановичу

Соболезнование

Уважаемый Максут Султанович!

С большим прискорбием узнал о безвременной кончине любимой матери Зейнеш.

Выражаю Вам, всем Вашим родным и близким глубокое соболезнование. Утрата велика, горе безмерно, но надо держаться. Скорблю вместе с Вами.

Академик
НАН РК (подпись) Серикбек Даукеев

17 мая 2005 г.

Жекелеген ұжымдар мен отбасыларының, сондай-ақ жора-жолдастардың баспасөз беттері арқылы білдірген көңіл айтулары

Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Орталық кеңесі Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің төрағасы, Қазақ гуманитарлық-заң университетінің ректоры Мақсұт Сұлтанұлы Нәрікбаевтың анасы

ЗЕЙНЕШ БОЛАТБАЕВАНЫҢ

қайтыс болуына байланысты қатты қайғырып көңіл айтады.

Батыс Қазақстан облыстық сотының ұжымы Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің төрағасы, Қазақ гуманитарлық-заң университетінің ректоры Мақсұт Сұлтанұлы Нәрікбаевқа

аяулы анасының

дүниеден озуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Алматы қаласының соттары және Алматы қаласының соттар Әкімшісінің ұжымы Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің төрағасы Мақсұт Сұлтанұлы Нәрікбаевтың анасы

ЗЕЙНЕШ БОЛАТБАЕВАНЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару агенттігі мен Жер ресурстары және жерге орналастыру мемлекеттік ғылыми-өндірістік орталығының ұжымы қазақ гуманитарлық-заң университетінің ректоры Мақсұт Сұлтанұлы Нәрікбаевқа анасы

ЗЕЙНЕШТІҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Қазақ гуманитарлық-заң университетінің ректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор Мақсұт Сұлтанұлы Нәрікбаевқа анасы

ЗЕЙНЕШТІҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтамыз. Анамыздың топырағы торқа, жаны жаннатта, иманы серік болсын дейміз.

Бір топ жора-жолдастарының атынан -
Ықылас Төлегенов

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің төрағасы, Қазақ гуманитарлық-заң университетінің ректоры Мақсұт Сұлтанұлы Нәрікбаевқа анасы

ЗЕЙНЕШТІҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

"ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" АҚ басшылығы мен ұжымы Қазақ гуманитарлық-заң университетінің ректоры Мақсұт Сұлтанұлы Нәрікбаевқа анасы

ЗЕЙНЕШТІҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректораты мен ұжымы қазақ гуманитарлық-заң университетінің ректоры Мақсұт Сұлтанұлы Нәрікбаевқа анасы

ЗЕЙНЕШТІҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясының ұжымы мен ректораты қазақ гуманитарлық-заң университетінің ректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор Мақсұт Сұлтанұлы Нәрікбаевқа анасы

ЗЕЙНЕШТІҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің ректораты мен ұжымы Қазақ гуманитарлық-заң университетінің ректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор Мақсұт Сұлтанұлы Нәрікбаевқа анасы

ЗЕЙНЕШ БОЛАТБАЕВАНЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Д.А.Қонаев атындағы университеттің ұжымы Жоғарғы Сот Кеңесінің төрағасы, Қазақ гуманитарлық-заң университетінің ректоры Мақсұт Сұлтанұлы Нәрікбаевқа анасы

ЗЕЙНЕШТІҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Жәкішевтер отбасы Мақсұт Сұлтанұлы Нәрікбаевқа анасы

ЗЕЙНЕШТІҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Коллектив Казахского гуманитарно-юридического университета выражает глубокое и искреннее соболезнование президенту (ректору) КазГЮУ, доктору юридических наук, профессору Нарикбаеву Максуту Султановичу в связи с кончиной

матери.

Научно-исследовательский институт частного права выражает глубокое соболезнование Нарикбаеву Максуту Султановичу в связи с тяжелой утратой – кончиной матери
БОЛАТБАЕВОЙ ЗЕЙНЕШ.

Руководство прокуратуры Актюбинской области выражает глубокое соболезнование президенту (ректору) Казахского гуманитарно-юридического университета, доктору юридических наук, профессору Нарикбаеву Максуту Султановичу в связи с тяжелой утратой – кончиной матери
БОЛАТБАЕВОЙ ЗЕЙНЕШ.

Комитет внутренних войск МВД Республики Казахстан выражает глубокое соболезнование председателю Высшего судебного совета Республики Казахстан, пезиденту АО "КазГЮУ", доктору юридических наук, профессору Нарикбаеву Максуту Султановичу в связи с невосполнимой утратой – кончиной матери
БОЛАТБАЕВОЙ ЗЕЙНЕШ.

Павлодарский гуманитарно-юридический институт "Казахский гуманитарно-юридический университет" выражает соболезнование Нарикбаеву Максуту Султановичу В связи с тяжелой утратой – кончиной матери
ЗЕЙНЕШ.

* * *

Сөз соңында айтарым – ананың асылдығын бәріміз де ұмытпасақ екен. Адамзат ақыл-ойларының алып тұлғаларынан саналатын пайғамбарымыз хазіреті Мұхаммед Мұстафа саллалаһу алайһи уә сәләм дүниеден өткелі жатқанда 33 мың сахабасының сарбаздары жанына келіп:

– Уа, пайғамбар, бізге не өсиет қалдырасың? – дегенде, жарықтық, Мұхаммед пайғамбар кірпігін қимылдатып жатып:

– Аналарыңды сыйлаңдар, аналарыңды сыйлаңдар және тағы аналарыңды сыйлаңдар, – десе керек қой.

Мен барша аналары тірі бауырларыма осы ұлағатты сөзді қайталап, аналары дүниеден озған азаматтарға:

– Аналарыңның аруақтарын ғұмырларыңның соңына дейін әспеттеп, қадірлеп, құрметтеп жүріңдер! – дегім келеді.

Өйткені, бәріміз де ананың ақ сүті мен мейірімінен жаралған перзенттеріміз. Сыйласақ, ең алдымен Аналарымызды сыйлайық. Ана біздің ең асыл, ең ардақты піріміз! Алладан кейінгі сыйынарымыз да, Ата мен Ана аруақтары болғаны жөн!

Уассалам!

* * *

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз немесе Ана адамның асылы
(Ораз Исмаилов) 4

Бірінші тарау

Зинаш апайдың әңгімесі (сұхбат) 19

Екінші тарау

Ана құдіреті (дастан) 41

Үшінші тарау немесе естеліктер

Анашым – алтыным менің
(Мақсұт Нәрікбаев) 64
Ардақты ана (Ән) 90
Тәрбиешім де ақылшым еді
(Қасия Қадырқызы) 91
Анаға сәлем (Ән) 111
"Егіз құдағи" атанып едік
(Бәтима Исмағұлқызы) 112
Тәтем туралы толғансам (Жұмагүл Есжанқызы) ... 119
Ана туралы жыр (Ән) 123
Туған жер қасиеті (Ғабдул Ахметшеев) 124
Ана туралы баллада (Ән) 131
Бізді махшарда кездестіргей
(Құрми Нәрікбайқызы) 132
Ана (Ән) 133
Ерлерден қалыспай еңбек етті
(Жамали Ысқақов) 134
Апатайым-анашым (Ән) 136
Мейірімді жан еді (Мәриям Бекшекызы) 137
Асыл-ана (Ән) 139
Ол ынтымақшыл еді (Дәку Долдабекқызы) 140
Анашым (Ән) 141
Мен Зинашты тәте дейтінмін
(Сәдуақас Сағындықұлы) 142
Анашым (Үш шумақты ән) 144
Ауылға аса сыйлы болатын
(Фатих Сағадиұлы) 145
Ақ мамам (Ән) 147
Сөз соңы 149

Мақсұт Нәрікбаев

АНАШЫМ – АЛТЫНЫМ МЕНІҢ
Естеліктер жинағы

Кітап баспаға ҚазГЗА-ның мемлекеттік тілді ендіру
және дамыту тобы ұжымының
күшімен дайындалған.

Әдеби редакторы *Ораз Исмаилов*
Компьютерде терген *Айза Алпамысқызы*
Корректоры *Қадиша Шағықызы*
Компьютерде қалыптаған *Елена Огурцова*

Теруге 13.02.2006 ж. берілді. Басуға 15.03.2006 ж. қол қойылды.
Пішімі 84x108 $^{1}/_{32}$. Офсеттік басылым. Қағазы офсеттік.
Әріп түрі "Таймс". Есептік баспа табағы 10,0.
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 2981.

Қазақстан Республикасы "Атамұра корпорациясы"
ЖШС-нің Полиграфкомбинаты, 050002, Алматы,
М.Мақатаев көшесі, 41 үй.



Нәрікбаевтар әулетінің зираты.